

«Лениногорск КБК-нің құрамында клинкер бар үйіндісін (31.05.1992 ж. дейін қоймаланған) техногендік минералдық түзілімдерді әзірлеуге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына» қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін (ПНЭ, ПЭК, ПУО, ППМ) материалдары бойынша Ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: «Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімінің аппараты» ММ.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«Лениногорск КБК құрамында клинкер бар үйіндіні (31.05.1992 ж. дейін сақталған) техногендік минералдық түзілімдерді әзірлеуге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына» қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін (ПНЭ, ПЭК, ПУО, ППМ) материалдары.

3. Атына қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы:

- ҚР ЭГТРМ жанындағы Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық – талдау орталығы» ШЖҚ РМК.

- «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

4. Жоспарланған қызметтің орналасқан жері:

070004, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ.

Әкімшілік жағынан «Ертіс Нугрим» ЖШС Лениногорск КБК құрамында клинкер бар үйінді ТМТ учаскесі Риддер қаласының жерінде орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары: 50°21'42,64" с.е., 83°28'50,11" ш.б.

(жоспарланған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Жоспарланған қызметтің ықтимал әсерінен зардап шеккен барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Әкімшілік тұрғыдан алғанда, «Ертіс Нугрим» ЖШС Лениногорск КБК құрамында клинкер бар үйінді ТМТ учаскесі Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының жерлерінде орналасқан.

(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері:

«Ертіс Нугрим» ЖШС. Кәсіпорынның заңды мекен-жайы-010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 5-116. БСН 160540013219. Телефон: +7-700-501-5501, e-mail: erbosyn@gmail.com.

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекен-жайы, БСН, телефондар, факстар, электрондық пошталар, сайттар)

7. Ықтимал іс-әрекеттер туралы есептерді құрастырушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау жөніндегі сыртқы

тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

«GREENGEO» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Ө. Қашаубаев, 32а үй, БСН 230640018348, тел.: 8 (7232)208677, эл/почта: zhanzhan777@mail.ru.

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекен-жайы, БСН, телефондар, факстар, электрондық пошталар, сайттар)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысының күндері мен уақыты):

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні: 2025 жылғы 9 маусым, сағат 11:00.

Қоғамдық тыңдауды өткізу орны: Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы, Семенова көшесі, 19, «Риддер қаласы әкімінің аппараты» ММ.

9. Көзделіп отырған қызмет бастамашысынан сұрау салу хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы Әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының жауап хатының көшірмесі: сұрау салу хатының және жауап-хаттың көшірмелері осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 1 және 2 – қосымшада ұсынылған.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса беріледі: қатысушылардың тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына 3-қосымшада ұсынылған.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылады:

1. Бірыңғай экологиялық порталда: <https://ecoportal.kz>. «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі-03.05.2025 ж.;

2. Жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?land=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде-03.05.2025 ж.

(ресми интернет-ресурстардың атауы және сілтемелері және жарияланған күндері)

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында:

Облыстық «DIDAR» газеттері № 17 (18525) 24 сәуір 2025 ж. (қазақ тілінде) «Рудный Алтай» № 17 (21032) 24 сәуір 2025 ж. (орыс тілінде). Газеттегі хабарландырулар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 4-қосымшаға ұсынылды.

(хабарландырудың атауы, нөмірі және жарияланған күні, сканерленген хабарландыру қосымшасымен: сканерленген газеттің мұқаба беті және қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыру беті)

Жеке кәсіпкер Адамова Наталья Викторовна берген 2025 жылғы 23 сәуір мамырдағы эфирлік анықтама " NS "107,0 FM" радиостанциясы.

Эфирлік анықтама осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 5-қосымшаға ұсынылды.

(теле немесе радиоарнаның атауы, хабарландыру күні: теле немесе радиоарнада қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса тіркелуге (жариялануға) жатады)

4. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда мекенжайлар бойынша 1 хабарландыру саны:

1) Риддер қ., Семенова к-сі, 19, Шығыс Қазақстан облысы, «Риддер қ. әкімінің аппараты» ММ.

Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 6-қосымшаға ұсынылған.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі:

Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы болып Ақимжанова Ж. М. тағайындалады. «қолдаймын» - 18, «қарсымын» - 0, «қалыс қаламын» - 0.

1) жоба материалдарын баяндама нысанында қарау. Ұсынылған ереже-10 минут.

«қолдаймын» - 18, «қарсымын» - 0, «қалыс қаламын» - 0.

2) сұрақ-жауап. Барлық тілек білдірушілер баяндамашыға сұрақтар қойып, жоба бойынша өз пікірлерін айта алады. Ұсынылған ереже-10 минут.

«қолдаймын» - 18, «қарсымын» - 0, «қалыс қаламын» - 0.

3) қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылған Ереже-5 минут.

«қолдаймын» - 18, «қарсымын» - 0, «қалыс қаламын» - 0.

Қоғамдық тыңдаулар мүдделі жұртшылықтың қатысуына байланысты өткізілді деп есептеледі.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер: «GREENGEO» ЖШС О.А.

Акулова, эколог бас маман.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)

«Лениногорск КБК-нің құрамында клинкер бар үйіндісін (31.05.1992 ж. дейін сақталған) техногендік минералдық түзілімдерді әзірлеуге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін (ПНЭ, ПЭК, ПУО, ППМ) материалдары бойынша баяндама-12 парақта.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіндері осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және Қағидалардың 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдаулар өткізу барысында айтылған мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың барлық ескертулері мен ұсыныстарын қамтитын жиынтық кесте; бастамашының әрбір ескерту мен ұсынысы бойынша жауаптары мен түсініктемелері. Қоғамдық тыңдаулар нысанасымен анық байланысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар «қоғамдық тыңдаулар нысанасына қатысы жоқ» деген белгісі бар кестеге енгізіледі:

Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптардың жиынтық кестелері № 7 қосымшада ұсынылған.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралатын құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың сапасы туралы оларды түсінудің толықтығы мен қолжетімділігі тұрғысынан пікірі, оларды жақсарту жөніндегі ұсынымдар:

Баяндама «GREENGEO» ЖШС эколог бас маманы О.А. Акулова.

Құжаттама бірыңғай экологиялық порталдың сайтында орналастырылды (ecoportal.kz).

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

«Риддер қаласы әкімінің аппараты» ММ Әкім орынбасары



Жуфсанов Төлебай Асанжолдыұлы

09.06.2025 ж.

(өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы:

"GREEN GEO" ЖШС өкілі

Аманжол - Аманжолжановна Жаппаровна

09.06.2025 ж.

(өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, қолы, күні)

**Протокол общественных слушаний в форме открытых собраний
по материалам (ПНЭ, ПЭК, ПУО, ППМ) для получения экологического разрешения на
воздействие на окружающую среду к «Плану горных работ на разработку техногенных
минеральных образований (заскладированных до 31.05.1992 г.) клинкерсодержащего
отвала Лениногорского ГОКа»**

1. Наименование местного исполнительного органа административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы), на территории которого осуществляется деятельность, или на территорию которого будет оказано влияние: ГУ «Аппарат акима г. Риддер Восточно-Казахстанской области».

2. Предмет общественных слушаний:

Материалы (ПНЭ, ПЭК, ПУО, ППМ) для получения экологического разрешения на воздействие на окружающую среду к «Плану горных работ на разработку техногенных минеральных образований (заскладированных до 31.05.1992 г.) клинкерсодержащего отвала Лениногорского ГОКа».

3. Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды или местного исполнительного органа области, городов республиканского значения, столицы, в адрес которого направлены материалы, выносимые на общественные слушания:

- РГП на ПХВ «Информационно – аналитический центр охраны окружающей среды при МЭГПР РК.

- ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области».

4. Местонахождение намечаемой деятельности:

070004, Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, г. Риддер.

В административном отношении участок ТМО клинкерсодержащего отвала Лениногорского ГОКа ТОО «Ертіс Нугрим» расположен на землях г. Риддер.

Географические координаты центра месторождения: 50°21'42,64" с.ш., 83°28'50,11" в.д.

(полный, точный адрес, географические координаты территории участка намечаемой деятельности)

5. Наименование всех административно-территориальных единиц, затронутых возможным воздействием намечаемой деятельности:

В административном отношении участок ТМО клинкерсодержащего отвала Лениногорского ГОКа ТОО «Ертіс Нугрим» расположен на землях г. Риддер Восточно-Казахстанской области Республики Казахстан.

(перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности и на территории которых будут проведены общественные слушания)

6. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности:

ТОО «Ертіс Нугрим». Юридический адрес предприятия – 010000, Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, ул. Сарайшык, 5-116. БИН 160540013219. Телефон: +7-700-501-5501, e-mail: erbosyn@gmail.com.

(в том числе точное название, юридический и фактический адрес, БИН, телефоны, факсы, электронные почты, сайты)

7. Реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы:

ТОО «GREENGEO», Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Ә.Қашаубаев, дом 32А, БИН 230640018348, тел.: 8(7232)208677, эл/почта: zhanzhan777@mail.ru.

(в том числе точное название, юридический и фактический адрес, БИН, телефоны, факсы, электронные почты, сайты)

8. Дата, время, место проведения общественных слушаний (даты и время открытого собрания общественных слушаний):

Дата проведения общественных слушаний: 9 июня 2025 года, 11:00 часов.

Место проведения общественных слушаний: Восточно-Казахстанская область, г. Риддер, ул. Семеновской, 19, ГУ «Аппарат акима г. Риддер».

9. Копия письма – запроса от инициатора намечаемой деятельности и копия письма ответа местных исполнительных органов административно – территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы) о согласовании условий проведения общественных слушаний: Копии письма – запроса и письма – ответа представлены в приложении 1 и 2 к настоящему протоколу общественных слушаний.

10. Регистрационный лист участников общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний: Регистрационный лист участников представлен в приложении 3 к настоящему протоколу общественных слушаний.

11. Информация о проведении общественных слушаний распространена на казахском и русском языках следующими способами:

1. На едином экологическом портале: <https://ecoportal.kz>, раздел «Общественные слушания» - 03.05.2025 г.;

2. На официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы) или официальном интернет-ресурсе государственного органа – разработчика: <https://ecoportal.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?land=ru> в разделе «Общественные слушания» - 03.05.2025 г.

(наименование и ссылки на официальные интернет-ресурсы и даты публикации)

3. В средствах массовой информации:

- Областные газеты «DIDAR» № 17 (18525) 24 апреля 2025 г. (на казахском языке) «Рудный Алтай» № 17 (21032) 24 апреля 2025 г. (на русском языке).

Объявления в газете предоставлены в приложение 4 к настоящему протоколу общественных слушаний.

(название, номер и дата публикации объявления в газете, с приложением сканированного объявления: сканированные титульная страница газеты и страница с объявлением о проведении общественных слушаний)

- Эфирная справка от 23 апреля 2025 г. выданная индивидуальным предпринимателем Адамовой Натальей Викторовной радиостанция «NS» 107,0 FM.

Эфирная справка предоставлена в приложение 5 к настоящему протоколу общественных слушаний.

(название теле или радиоканала, дата объявления: электронный носитель с видео- и аудиозаписью объявления о проведении общественных слушаний на теле или радиоканале подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний)

4. В местах, доступных для заинтересованной общественности на территории соответствующих административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения, сел, поселков, сельских округов), в количестве 1-го объявления по адресам:

1) ГУ «Аппарат акима г. Риддер» в г. Риддер, ул. Семеновой, 19, Восточно-Казахстанская область.

Фотоматериалы предоставлены в приложение 6 к настоящему протоколу общественных слушаний.

12. Решение участников общественных слушаний:

Секретарем общественных слушаний назначается Алижанова Ж. М.

Проголосовали «за» - 18, «против» - 0, «воздержались» - 0.

1) Рассмотрение материалов проекта в форме доклада. Предлагаемый регламент - 10 минут.

Проголосовали «за» - 18, «против» - 0, «воздержались» - 0.

2) Вопросы – ответы. Все желающие могут задавать вопросы докладчику и высказывать свое мнение по проекту. Предлагаемый регламент – 10 минут.

Проголосовали «за» - 18, «против» - 0, «воздержались» - 0.

3) Подведение итогов и закрытие общественных слушаний. Предлагаемый регламент – 5 минут.

Проголосовали «за» - 18, «против» - 0, «воздержались» - 0.

Общественные слушания считаются состоявшимися в связи с присутствием заинтересованной общественности.

13. Сведения о всех заслушанных докладах:

ТОО «GREENGEO» Акулова О.А., главный специалист эколог.

(фамилия, имя и отчество (при наличии) докладчика, должность, наименование представляемой организации)

Доклад по материалам (ПНЭ, ПЭК, ПУО, ППМ) для получения экологического разрешения на воздействие на окружающую среду к «Плану горных работ на разработку техногенных минеральных образований (заскладированных до 31.05.1992 г.) клинкерсодержащего отвала Лениногорского ГОКа» - на 12 листах.

Тексты докладов по документам, выносимым на общественные слушания, прилагаются к настоящему протоколу общественных слушаний.

14. Сводная таблица, которая является неотъемлемой частью протокола общественных слушаний, и содержит все замечания и предложения заинтересованных государственных органов и общественности, представленные в письменной форме в соответствии с пунктом 18 Правил или озвученные в ходе проведения общественных слушаний; ответы и комментарии Инициатора по каждому замечанию и предложению. Замечания и предложения, явно не имеющие связи с предметом общественных слушаний, вносятся в таблицу с отметкой «не имеют отношения к предмету общественных слушаний»:

Сводные таблицы ответов на замечания и предложения представлены в приложении № 7.

15. Мнение участников общественных слушаний о качестве рассматриваемых документов и заслушанных докладов на предмет полноты и доступности их понимания, рекомендации по их улучшению:

Доклад был представлен в полном объеме Акуловой О.А., главный специалист эколог ТОО «GREENGEO».

Документация была размещена на сайте Едином экологическом портале (ecoportal.kz).

(фамилия, имя и отчество (при наличии) докладчика, должность, наименование представляемой организации)

16. Обжалование протокола общественных слушаний возможно в судебном и досудебном порядке согласно Административному процедурно-процессуальному кодексу Республики Казахстан.

17. Председатель Общественных слушаний:

 Заместитель акима ГУ «Аппарат акима г. Риддер»
Акужанов Болат Аманжолович
09.06.2025 г.
(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, дата)

18. Секретарь общественных слушаний:

Представитель ТОО «GREENGEO»
Амижанова Жанна Маулановна
09.06.2025 г.

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, дата)

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25172563001, Дата: 25/04/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Восточно-Казахстанская область, Риддер Г.А.

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: ГУ "Аппарат акима г. Риддер"

Предмет общественных слушаний: План ликвидации последствий добычи техногенных минеральных образований клинкерсодержащего отвала Лениногорского ГОКа (заскладированных до 31.05.1992 г.)

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Восточно-Казахстанская область, Риддер Г.А. ул. Семеновой, 19, 06/06/2025 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Рудный Алтай, Дидар; Радиостанция «NS» 107,0 FM»

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Здание ГУ "Аппарат акима г. Риддер"

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
Товарищество с ограниченной ответственностью "Ертис Нугрим" (БИН: 160540013219), 87056022393, oksanabaston@mail.ru,

Составитель отчета о возможных воздействиях : TOO "GREENGEO"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25172563001, Дата: 25/04/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25172563001, от 25/04/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету План ликвидации последствий добычи техногенных минеральных образований клинкерсодержащего отвала Лениногорского ГОКа (заскладированных до 31.05.1992 г.), в предлагаемую Вами 06/06/2025 11:00, Восточно-Казахстанская область, Риддер Г.А. ул. Семеновой, 19(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».


«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»


Товарищество с ограниченной ответственностью "Ертіс Нұғрім" (БИН: 160540013219), 87056022393, oksanabaston@mail.ru,

Составитель отчета о возможных воздействиях: TOO "GREENGEO"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

ЛИСТ РЕГИСТРАЦИИ/ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

р/н № п/п	ФИО/ ТАӘ	Категория участника (представитель заинтересованной общественности, государственного органа, инициатора)/ Қатысушының санаты (мүдделі қоғам, мемл. орган, бастамашы өкілі)	Контактный номер телефона/ Байланыс телефоны	Формат участия (очно или посредством конференцсвязи)/ Қатысу форматы (жеке немесе конференция арқылы)	Подпись (в случае участия на открытом собрании)/ Қол қою (ашық отырысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Ахметжанова Заман Мағзжановна	ЖОО, GREEN G80" представитель	8705 52222 51	очно	
2	Сергеев Николай Петрович	Интель Г. Риддер	8705 54266	очно	
3	Бояров Антон Сергеевич	Интель Г. Риддер	+777 15284 134	очно	
4	Тажомов Данел Александрович	Интель Г. Риддер	+7700 1125369	очно	
5	Джеселбашев Тимур Каримович	Интель Г. Риддер	8701512 11 68	очно	
6	Шоркеев Русси Сергеевич	Интель Г. Риддер	8777849- 65-76	очно	
7	Шаткиев Умар Назирович	Интель Г. Риддер	8705 542 0369	очно	
8	Андреев Евгений Владимирович	Интель Г. Риддер	87478832421	очно	

1	2	3	4	5	6
9	Муштабаев Кеес Моратович	руков-ль отделе п/и п/услуг	87477435856	очно	
10	Шутеева Раиса Андреевна	специалист отделе п/и и туризм	84452306448	очно	
11	Боров Андрей Борисович	ТОО «GREEN GEOT Андреев	+7-777-234- 20-42	очно	
12	Хрюкин Андрей Владимирович	Жеке гор. Риддер	87072292850	очно	
13	Порбучов Дмитрий	Водитель	8777-988- -02-90	очно	
14	Акулова О. А.	ТОО «Strenges»	7056022393	очно	
15	Гатемоски Н. Н.	РТУ «Департе- мент экологии по ВКО» нач. отдела	777 8492356	охлади (зуме)	
16	Коккозова А. Т. м. специализация	ГУ «Управление природных рес-в ВКО»	7713740468	охлади (зуме)	
17	Майкибаев Е. К.	Директор ТОО «Ертис Курган»	8700 500 5501	охлади (зуме)	
18	Ахмедов Б. А.	зам. акима г. Риддер		охлади	

15
>

Марқакөлді қандай өзгерістер күтіп тұр?



6
>

Ұланда жаңа өнер ордасы ашылды



16+
>



DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№17 (18525)

24 сәуір 2025 жыл

WWW.DIDAR-GAZETI.KZ



2
>

ЕЛОРДАДАҒЫ ЭКОФЕСТИВАЛЬ: ЕРІКТІЛЕР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН




11
>

Өскеменде автобустар мен трамвайлар жаңартылмақ



24
>

Қатымханаларда қонақасын өткізуге тыйым салынды



ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

Шыннет ата бұлағына жан біткен күн

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау – табиғатқа тағзым етудің тура жолы. Бүкілхалықтық экологиялық белсенділікті жандандырған «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында бұл жолы шекара шебіндегі Марқакөл топырағы бір серпілді. Мұнда «Мөлдір бұлақ» акциясы аясында қасиетті Шыннет ата бұлағы тазартылып, табиғатқа жанашырлық танытқан шара ел есінде қалатындай деңгейде өтті.



Игі іске 25 ерікті жұмылдырылып, олар бұлақ маңын бірнеше сағаттың ішінде күл-қоқыстан тазартып, шамамен 1 тонна тұрмыстық қалдық жиналды. Бұл игі іс қоршаған ортаны құрметтеуге үндейтін үлкен өнеге. Тұрғындар табиғат жанашырларына алғыс айтып, «бұлақтың суы тазарып қана қоймай, елдің ниеті де тазарғандай болды» деп жылы лебіздерін білдірді.

Экологиялық акция аясында ұйымдастырушылар жастармен жұмыс жүргізіп, табиғатты аялау – әр азаматтың парызы екенін түсіндірді. Бұлақ – су көзі ғана емес, адам мен табиғаттың үндестігін жалғайтын алтын арқау. Сондықтан бұл шараның мақсаты – тек тазарту емес, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, сана мен саналы ұстанымды бірге тәрбиелеу болды.

Марқакөл ауданы әкімдігі мұндай экологиялық бастамаларға тұрақты түрде қолдау білдіріп отыр. Алдағы уақытта өңірдегі басқа да табиғи нысандарды қалпына келтіру мен күтіп ұстауға бағытталған жобалар кезең-кезеңімен жүзеге аспақ.

Суды қорғау – тіршілікті қорғау. Шыннет ата бұлағы тазарып қана қойған жоқ, дүйім жұртқа тірлік нәрі ретіндегі шапағатын беруді жалғастыру үшін жаңаша тыныс алғандай болды.

МӘРТЕБЕ

Елордадағы экофестиваль: жастар белсенділігі ұлықталды

✍ Ержан ӘБИШ

Елордада өткен «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалі еліміздің түкпір-түкпірінен келген табиғат жанашырларын, белсенді еріктілер мен экология саласында еңбек етіп жүрген жастарды бір арнаға тоғыстырды. Бұл ауқымды шарада еліміздің жасыл болашағына өз үлесін қосып жүрген үздік ұйымдар мен азаматтар марапатталып, олардың еңбегі көпшілікке үлгі ретінде ұсынылды. Айтулы фестивальде Өскемен қаласының жастары мен оқу орындарының өкілдері де өз белсенділіктерімен көзге түсіп, лайықты марапатқа ие болды.

Фестиваль өткен жылғы республикалық экологиялық акцияның қорытындысын шығарып, осы бағытта өздерінің күш-жігерін жұмсап жүрген жандарды марапаттау үшін өткізілді. Фестиваль барысында экологиялық қозғалыстың бұқаралық сипат алуына зор үлес қосқан еріктілердің еңбегі ерекше атап өтілді.

Бұл ауқымды шараның маңызы жөнінде айтқан ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев табиғатты қорғау ісіндегі жастардың ерекше рөлін атап өтті.

– Осыдан бір жыл бұрын бәріміз бір ел болып «Таза Қазақстан» жобасын бастадық. Мен, ең алдымен, осы жалпыұлттық бастамаға алғашқы күннен бастап белсене қатысып жатқан әр азаматқа шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Әсіресе, солардың қатарында жалынды әрі дарынды жастарымыз өте көп. Сіздер еліміздің әр аймағында еңбек етіп, қоғамдық жұмысқа атсалысып жүрсіздер. Бұл – үлгі боларлық іс. Мен Мемлекет басшысы ретінде сіздерді әрдайым қолдаймын! – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы Жастар саябағында ағаш отырғызып, акцияға белсене қатысты. «Таза Қазақстан» – бір күндік акция емес, өмір салтымыз» деген Президент миллиондаған тонна қоқыстың жиналып, сан мыңдаған ағаштың отырғызылғанын атап өтті. Бұл шара экологиялық сана-сезімді арттырып, жаңа экомәдениетті қалыптастыруға жол ашып отыр.

Шара барысында Мемлекет басшысы экологиялық жобалар көрмесін де аралады. Мұнда мектеп оқушылары өздерінің тың ұсыныстарын, табиғатты қорғауға арналған шығармашылық туындыларын ұсынды.

Бір қызығы, «Таза Қазақстан» акциясы аясында елорда көшелерінде отырғызылған ағаштарға енді QR-код орнатылмақ. Бір сөзбен айтсақ, әр талдың төлқұжаты болады: көшеттің түрі, егілген уақыты мен орны туралы ақпаратты телефон арқылы оқи аласыз. Тіпті, ағашқа қатысты қандай да бір мәселе туындаса, бірден тиісті органдарға хабар беруге мүмкіндік жасалады. Бұл – ағашқа деген

жауапкершілік пен қамқорлықтың жаңа деңгейі. Осылайша, цифрлық дәуір мен табиғатты қорғау қатар өрілетін жаңа кезең басталып отыр.

Фестивальде экология саласындағы маңызды жетістіктерге қол жеткізген ұйымдар мен тұлғалар марапатталды. Әсіресе, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті «Жасыл университет» номинациясында ерекше назарға ілікті. Университет экологиялық жобаларды белсенді жүзеге асырып, орнықты өркендеу бағытындағы білім беру бағдарламаларын дамытуға, сонымен қатар экологиялық сананы қалыптастыруға қосқан үлесі үшін марапатталды. Бұл шара жастар арасында экологиялық білім мен мәдениеттің таралуына үлкен ықпал етеді.

Өскеменде «Таза Қазақстан» акциясы аясында түрлі іс-шаралар белсенді түрде өткізіліп келеді. Челленджер, байқаулар мен флешмобтар қатысушыларға экологияны қорғау мен табиғатқа деген қамқорлықты күшейтуге бағытталған. Мәселен, қалада жақында өткен «Таза ойындар» атты іс-шараға 21 командадан 80-ге жуық белсенді азамат қатысты. Қатысушылар тек жылдамдықта ғана емес, қалдықтарды сұрыптау мен саналы түрде жинау бағытында да өз күштерін сынады. Нәтижесінде 280 қап қоқыс, 186 келі ірі көлемді қалдық және 265 келі ескі шиналар жиналды. Бұл әрекеттер экологиялық мәдениет пен қоғамның экологияға деген жауапкершілігін арттырады.



КӨРМЕ

«Шығыс арғымағы – 2025»: ат спорты ұлықталды

Глубокое ауданына қарасты Винное ауылында орналасқан «Титан» ат спорт клубының аумағында «Шығыс арғымағы – 2025» атты ат көрмесі өтті. Шараға қатысушылар шабандоздық шеберліктерін көрсетіп, жүлделі орындар үшін бақ сынасты. Оны тамашалауға тек спортшылар ғана емес, осы жаратылысы ерекше жануарларды және ат спортын шын жүректен жақсы көретін барлық жандар жиналды.

Бағдарлама аясында сәйгүліктер кедергілерді бағындырып, шабандоздар ат үстінде орындалатын элементтерді шебер орындаудан жарысты. Сонымен қатар қолөнер жәрмеңкесі мен концерт ұйымдастырылды.

– Ауа райының қолайсыздығына байланысты кейбір қатысушылар келе алмады. Дегенмен көрмеге қатысқан спортшылар тамаша нәтиже көрсетті, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов. Өңірдің шабандоздары олимпиадалық жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп, халықаралық деңгейде өңір намысын абыроймен қорғап жүргенін

айта кеткен орынды. Әсіресе, Қазақстанның Паралимпиада құрамасының жетістіктерін ерекше мақтанышпен атауға болады, себебі оның құрамындағы жеті спортшының алтауы шығыс-қазақстандық. Олар республикалық және халықаралық жарыстардың тұрақты қатысушылары және үнемі жүлделі орындарға ие болып келеді. Бұған біздің спортшылардың Лос-Анджелестегі Дүниежүзілік жазғы ойындарға және Мәскеудегі халықаралық жарыстарға қатысуы дәлел, бұл жарыстарда олар 2 алтын, 5 күміс және 1 қола медальдарды жеңіп алды.

Осы жолғы көрменің бас жүлдесін «UK Equestrian School» атты шабандоздар мектебінің иесі Александра Попова жеңіп алды.

– Мұндай іс-шаралар өте маңызды. Өйткені елімізде ат спорты дамып келеді, онымен айналысушылардың саны да артуда. Бүгінгі жеңіске өте қуаныштымын. Эмоциямды жеткізе алмаймын. Себебі кеше дайындық кезінде аттарым ештеңе жасағысы келмеді. Біз жүлдесіз қайтармыз деп ойлаған едім. Бірақ бәрі жақсы болды. Басқа қатысушылар да керемет өнер көрсетті, олардың аттары да өте жақсы нәтижеге жетті, – дейді Александра.

Аймақта ат спортымен қатар иппотерапияға да ерекше көңіл бөлініп келеді. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін дене шынықтыру мен спортты дамыту ерекше маңызға ие. «Титан» клубында паралимпиадалық спортшыларды даярлау және бейімделген ат спортын дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

– Жақында бұл клубта жабық манеж ашылды. Бұл балалар мен ересектерге ауа райының қолайсыздығына қарамастан жыл бойы жаттығуға мүмкіндік береді. Бүгінде 130-дан астам адам ип-

потерапиямен айналысуда, оның тиімділігі нәтижелер беру арқылы дәлелденіп отыр, – деді өңір басшысы.

Облыс әкімі алдағы уақытта иппотерапия жобасы Риддер қаласы мен Ұлан ауданында да іске қосылатынын да айтты. Онда қолжетімді спорт инфрақұрылымын құру және спортпен шұғылдануға қажетті барлық жағдайларды жасау жоспарлануда.

Көрме аясында «Титан» клубында бейімделген ат спорты мен иппотерапия бойынша шеберлік сағаттары да өтті.

«Дидар» ақпарат



ICCАРАР

Еңбек нарығын кадрмен қамтамасыз ету – негізгі міндет

✍ Арайлым НЫҒМЕТОЛЛАҚЫЗЫ

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

📷 Жібек НҰРАХМЕТ

ҚР Парламенті Сенаты жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшелері Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келді. Бұл сапар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы аясында жүзеге асырылып отыр. Кеңес мүшелері еліміздің әр өңірін аралап, жұмысшы мамандардың жай-күйімен танысып, өзекті мәселелерді зерделеді.



Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов аталған бағытта өңірде атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндады.

– Қазіргі таңда еңбек нарығын қажетті кадрлармен қамтамасыз ету – негізгі басымдықтардың бірі. Бұл – жай ғана статистика емес, ел дамуының кепілі. Өңіріміздегі ірі кәсіпорындармен бірлесе отырып, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыруға бағытталған кешенді жоспар бекітілді. Бүгінде облыстың 38 колледжінде жиырма мыңға жуық студент білім алуда. Оның ішінде шамамен бес мың түлек өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасты, бұл көрсеткіш 86,6 пайызды құрап отыр, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар өңірдегі бес колледжде құзыреттілік орталықтары жұмыс істейді. Олардың бірі халықаралық аккредитациядан өтіп үлгерсе, тағы бірі биыл өтеді. Ауылдық жерлердегі жастар үшін мобильді оқу орталықтары іске қосылып, білімге қолжетімділік артып келеді.

Облыста дуалды білім беру жүйесі де тиімді жолға қойылған. Қазіргі таңда 27 колледж бен 448 кәсіпорын арасында әріптестік орнап, бес мыңнан астам студент кәсіби тәжірибеден өтуде. Бұл жастардың нақты өндірістік ортада шыңдалып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді.

Сенаторлар кеңесінің мүшесі, көрнекті мемлекет қайраткері Қуаныш Сұлтанов өз сөзінде Шығыс Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуеті республика бойынша ерекше орын алатынын атап өтіп, өңірдің жұмысшы мамандықтарының орталығына айналып отырғанын тілге тиек етті.

2025 жылдан бастап аймақта құрылыс, ауыл шаруашылығы, авиация, энергетика, су көлігі секілді салалар бойынша жаңа жұмысшы мамандықтары енгізілмек.

Жиында энергетика саласының ма-

мандарына тұрғын үй алуға жеңілдетілген ипотекалық несие беру мәселесі де сөз болды. «Наурыз Жұмыскер» бағдарламасы аясында еліміздің өндіріс орындары мен мекемелерінде еңбек ететін жұмысшыларға арналған жеңілдетілген ипотекалық жүйе енгізіліп отыр. Айта кетерлігі, мақұлданған алғашқы өтінім – дәл осы Шығыс Қазақстан облысы маманына тиесілі.

Сапар аясында сенаторлар жергілікті тұрғындармен және жұмысшылармен кездесіп, техникалық және инженерлік мамандықтардың маңызы мен болашағы жөнінде пікір алмасты.

СЕНАТ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Парламенті Сенаты жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшелері Өскемен жоғары политехникалық колледжіне барып, оқу ордасының инновациялық әлеуетімен танысты. Шығыстағы техникалық білім берудің флагманы саналатын бұл колледж бүгінде 1200-ге жуық студентті оқытып отыр. Оның ішінде 500-ден астам жас жұмысшы мамандықтарының қыр-сырын меңгеруде. Сенаторлар кеңесінің мүшелеріне білім ордасындағы IT-орталық, дрондар зертханасы, электроника және жылу техникасы кабинеттері таныстырылды.

– Өскемен жоғары политехникалық колледжі – кәсіби кадрлар даярлауда ғана емес, бәсекеге қабілетті мамандарды өсіріп шығаратын маңызды орталық. Мұнда жасалған мүмкіндіктерді басқа өңірлерге де үлгі ету қажет. Еңбек адамының мәртебесін көтеріп, оларды мақтан тұтатын уақыт келді, – деді Сенаторлар кеңесінің мүшесі, экс-министр Гүлжан Қарақұсова.

Кездесу бейресми форматтағы сұхбат алаңына ұласты. Студенттер мен оқытушылар, сондай-ақ, өзге колледж

директорлары қатысқан ашық пікірталаста бұрынғы сенаторлар еңбек жолындағы естеліктерімен бөлісті. Әрқайсысы жұмысшы мамандықтан бастап, ел басқару деңгейіне дейінгі өмірлік тәжірибесін жастарға үлгі ретінде жеткізді.

ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ – ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ТІРЕК

Шығыс Қазақстан облысына іссапармен келген Кеңес мүшелеріне «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-на қарасты музей мен ондағы құнды жәдігерлер көрсетілді. Сонымен қатар экс-сенаторлар өндірістік қуаты жылына 200 тонна уран өндіруге жететін, органикалық емес химиялық заттар мен жылу бергіш құрылғылар шығарумен айналысатын «Гольба-ТВС» ЖШС өнімдерімен танысты. Сондай-ақ, зауыт қонақтарына әлемдік деңгейдегі ірі кәсіпорынның бірі саналатын ҮМЗ-нің бүгінгі тыныс-тіршілігі жайлы бейнеролик ұсынылды. Оларды жылы қарсы алған зауыт басшылығы өндірістегі негізгі үдерістермен таныстырып, жұмыс барысын көзбен көруге мүмкіндік берді. Бұдан бөлек, Кеңес мүшелеріне зауыттағы ең мәртебелі мамандықтар жайлы ақпарат берілді.

– Еңбектің жаманы жоқ дейді. Өндірістегі жұмыстың қыр-сырын игеріп, өздеріне жүктелген міндетті ойдағыдай орындайтын мамандарды көріп қуанып отырмыз. Мұндай өндірістерде де әулеттерімен жұмыс істейтіндердің қатары көп екеніне сенімдімін. Ондай отбасылық династиялар – өз ісіне деген адалдық пен сүйіспеншіліктің ғана емес, «Еңбек адамының» жарқын үлгісі болып қала бермек, – деді Премьер-министрдің бұрынғы орынбасары, Сенаторлар кеңесінің мүшесі Бірғаным Әйтимова.

Келесі кезекте кеңес мүшелері сүт өнімдерінің 100-ден астам түрін өндіретін, атап айтқанда, әртүрлі майлығы бар пастерленген сүт, қаймақ, ірімшік, сары май, сүзбе, құрт сияқты өнімдер шығарумен айналысатын отандық кәсіпорын – «Восток Молоко» корпорациясының жұмысымен танысты. Табиғи, таза ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін корпорацияға қарасты төрт жеке шаруашылық бар. Жыл сайын компания өнім көлемі мен экспорт мөлшерін арттыруға айрықша көңіл бөлуде. Бүгінде сүт зауытындағы өндірістік үдерістің басым бөлігі автоматтандырылып, роботтандырылған. Бұл өз кезегінде уақыт пен еңбек шығындарын азайтады. Зауыттың бас директоры Сейлжан Сайлаубаев кеңес мүшелерін өндірістік нысанмен таныстырды.

Қазіргі уақытта мұнда 1200-ге жуық қызметкер жұмыс істейді, соның 420-сы – жұмысшы мамандық иелері. Олардың әрқайсысы өз міндеттеріне мұқият қарап, зауыттың толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етуде. Кеңес мүшелері еңбек ұжымына сәттілік тілеп, ауыл шаруашылығы саласында қолданылатын инновациялық технологиялардың маңыздылығын ерекше атап өтті.

КЕШЕГІ ЖҰМЫСШЫ – БҮГІНГІ БАСШЫ

Сенаторлар университет базасында ұйымдастырылған дөңгелек үстел форматындағы кездесуде өңірдегі кәсіби техникалық білім беру жүйесінің жай-күйімен танысты.

– Президент осы жылды жұмысшы мамандықтарының жылы деп жариялады. Бұл – үлкен сенім мен үміт жүктейтін шешім. Біз бұл бастаманы тек сөзбен емес, нақты істермен қолдауы-

мыз керек. Елдің экономикасы тек білім мен ғылымға ғана емес, өндірістегі нақты еңбекке де сүйенеді. Сондықтан зауыттар мен кәсіпорындарды жандандыру үшін ең алдымен жұмысшы кадрлардың беделін көтеруіміз қажет, – деді Светлана Жалмағамбетова.

Қуаныш Сұлтанов пен Талғатбек Абайділдин өздерінің еңбек жолдарын қарапайым жұмысшыдан бастағандарын еске алып, жұмысшы кәсібінің өмірлік тәжірибе мен табандылық қалыптастырудағы рөлін атап өтті. Қуаныш Сұлтанов бүгінде жастарды жұмысшы мамандығына тек насихатпен қызықтыру қиын екеніне тоқталды. Еңбек адамына деген құрметті ең алдымен отбасында қалыптастыру қажеттігін айтқан сенатор жұмысшы маман иелерін ынталандыру үшін арнайы марапаттау тәртібін заңмен бекіту туралы ойын ортаға салды.

Жиын барысында облыстық мәслихат депутаттары Марина Быкова мен Илья Смоляков та сөз алып, өңірдегі кадр тапшылығы мәселесін көтерді.

– Кәсіпорындар кейбір мамандықтар үшін үстемақы белгілегенімен, бұл мәселені түбегейлі шеше алмай отыр. Сондықтан бұл мамандықтардың имиджін арттыратын арнайы жобалар, әлеуметтік желілердегі танымдық видеоконтенттер қажет, – деді Марина Быкова.

ЖҰМЫСШЫ – ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

– Экономиканы жасайтын – зауыттар мен өндіріс орындары. Ал олардың жүрегі – қарапайым жұмысшы. Бұрын бізде экономист, заңгер, қаржыгер болу сән еді. Бірақ олар өнім өндірмейді. Егер елімізде токарь, слесарь, инженер болмаса – зауыттар тоқтайды. Сондықтан дәл осы сәтте жұмысшыға сұраныс артып отыр, – деді тағы бір сөзінде Светлана Жалмағамбетова.

Кездесу соңында Сенаторлар кеңесінің мүшелері депутаттар көтерген мәселелерді назарға алып, оларды Парламент Сенаты мен Үкіметке жеткізуге уәде етті.

– Біз сапар барысында барлық сұрақтарды тіркеп отырамыз. Оларды Сенатқа, ал Сенат Үкіметке жеткізеді. Бұл – шешім табудың жолы, – деп атап өтті Сенаторлар кеңесі төрағасының орынбасары Бірғаным Әйтимова.

КӘСІБИ БІЛІМ – КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Шығыс Қазақстан техникалық университеті – өндірістік мамандықтарды даярлау ісінде өзіндік орны бар білім ордасы. Қазіргі таңда бұл оқу орнында «Транспорт, транспорттық техника және технологиялар», «Көлік қозғалысын ұйымдастыру және тасымалдауды пайдалану» сынды бағыттар бойынша 400-ден астам студент пен магистрант білім алуда. Олардың қатарында шетелдік білім алушылар да бар.

Сапар аясында делегация Лу Бань шеберханасында болып, заманауи стандарттарға сай жабдықталған оқу үдерісімен танысты. Аталған шеберхана – Қытайдың инженерлік тәжірибеге бағытталған EPIP (Engineering Practice Innovation Project) бағдарламасы негізінде техникалық мамандар даярлайтын сертификацияланған орталық.

Жұмысшы – бұл жай ғана мамандық емес, ел тіршілігінің өзегі. Қоғамдағы әрбір инженер, әрбір құрылысшы, дәнекерлеуші немесе механик – көрінбейтін, бірақ аса маңызды еңбек майданының қаһармандары. Бұл мамандықтарды дәріптеу – ел болашағын нықтаумен тең. Ендеше биылғы Жұмысшы мамандықтар жылы – тек күнтізбелік атау ғана емес, қоғамдағы үлкен бетбұрыстың бастауы болғай.

ЭКОНОМИКА

Жаңғыру жолынан ауытқымақ емеспіз

АҚШ енгізген баж салығы пікір тудырды

✍ Ақерке Рағызбаева

Жуықта ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әлем бетпе-бет келіп отырған жаңа сын-қатерлерге байланысты тарқатылған пікір білдірді.

– Баршаңызға белгілі, жаһандық сауда соғысының өршуі салдарынан дүние жүзінде күрделі ахуал қалыптасып келеді. Егер мұндай текетірес орын алса, оның зардабын барлық ел тартады. Оған еш күмән жоқ. Бұл ретте біз Президент Трамптың аталған қақтығысқа қатысы бар елдердің ұстанымдарын нақтылап, мүмкіндігінше келіссөз бастау үшін 90 күн мораторий жариялау туралы байыпты шешімін құптаймыз. Сарапшылар елдердің бір-біріне қарсы тарифтер енгізуі әлем экономикасының құлдырауына түрткі болып, халықаралық сауда-саттықтың бүкіл ережесін тас-талқан етуі, тіпті, оның соңы қарулы қақтығыстарға дейін ұласуы мүмкін деп ескертеді. Апта басында барлық негізгі индекстердің мәні төмендеп, мұнай бағамы барреліне 60 доллардан аспады. Алайда Америка билігі тарифтерді кейінге қалдыру туралы шешімін жариялаған соң, биржадағы бағалар өсті. Қазір жағдай біршама тұрақталғаны байқалғанымен, әлемдік қор нарығы мен шикізат биржалары бұрын-соңды болмаған мазасыз күйге түсіп тұр. Әлемнің қатаң тарифтік қақтығыстар саясатына көшкені анық. Әңгіме кезекті рецессия жайында ғана емес, жаһандық экономиканың іргесін шайқап, халықаралық қатынастар жүйесіне ауыр зардабын тигізетін дағдарысқа бет алғанымызда болып отыр. Біз қазіргі ахуалды мұқият сараптап, барлық қауіп-қатерді ескеріп жатырмыз. Ешбір қиындыққа қарамастан, Қазақстан жан-жақты жаңғыру жолынан ауытқымайды, стратегиялық бағдарымыз да өзгермейді. Біз инфрақұрылым, көлік, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, цифрландыру және басқа да бағыттар бойынша ірі жобаларымызды жүзеге асыра береміз. Жұмыс тоқтамайды. Сондай-ақ, әрине, мемлекетіміз әлеуметтік міндеттемелерін орындайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының мұндай мәлімдеме жасауына АҚШ президенті Дональд Трамптың Қазақстанға қатысты баж салығын 27%-ға көтеруі туралы шешімі түрткі болды.

2 сәуірде АҚШ президенті елге әкелінетін барлық импортқа 10% көлемінде базалық баж салығын және ондаған елдерден келетін тауарларға шамамен 50%-ға дейін жететін «айна» тарифтерін енгізетінін жариялады. Ақ үйдің ресми мәліметіне сәйкес, базалық баж салықтары 5 сәуірден бастап, ал «айна» тарифтері 9 сәуірден бастап күшіне енді.

«Көптеген жылдар бойы еңбекқор америкалықтар шетте қалуға мәжбүр болды, ал өзге елдер біздің есебімізден байып, күш жинады. Енді біздің кезегіміз келді – біз өркендеуге тиіспіз. Бұл үшін триллиондаған долларды салықты азайтуға және мемлекеттік қарызды өтеуге бағыттаймыз», – деді Дональд Трамп өз мәлімдемесінде.

CNN-нің экономистері бұл импорттық баждар қысқа мерзімде жойылмаса, әлемдік рецессия қаупін тудыруы мүмкін екенін ескертеді. Ал Дональд Трамп керісінше, бұл тарифтер АҚШ-ты қайтадан бай әрі қуатты мемлекетке айналдырады деп сенеді.

Вашингтондағы оппозициялық саясаткерлер мен дәстүрлі одақтастар Ақ үй басшысының бұл шешімімен келіспейді. Олар қазірдің өзінде қарсы шараларды қарастырып, балама нарықтар мен жаңа серіктестік бағыттарын зерттей бастады.

БАЖ САЛЫҒЫН КӨТЕРУДЕГІ МАҚСАТ ҚАНДАЙ?

Баждар – бұл бір ел (АҚШ) өзінің аумағына сырттан әкелінетін тауарларға салатын салық. Яғни, егер Қазақстан (немесе басқа ел) АҚШ-қа өз тауарын сатқысы, АҚШ-тың кеден қызметі бұл тауарға қосымша салық салады.

АҚШ Президенті Дональд Трамптың мұндағы мақсаты жергілікті өндірушілерді қорғау болып отыр. Яғни, американдық өнім шетелдік өнімнен арзан болуы керек. Сонда салынған баж шетелдік тауарды қымбаттатып, тұтынушы отандық тауарды таңдауға мәжбүр болады.

Сонда баж салығын кім төлейді? Ресми түрде – импорттаушы, яғни АҚШ-тағы компания. Мысалы, олар Қазақстаннан алюминий немесе ет сатып алады. Бірақ баж салығы бар болғандықтан, импорттаушы бұл шығынды өнімнің бағасына қосады. Сонда АҚШ-та бұл тауар жергілікті тауардан қымбат болады. Өз кезегінде бұл Қазақстандық экспорттаушының пайдасын азайтады. Себебі оның тауары қымбаттығына бола АҚШ-та бәсекеге қабілетсіз болып тұр.

БАЖ САЛЫҒЫ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Еуропа елдері. Америка Құрама Штаттарының президенті Дональд Трамп енгізген сауда баждары Еуропа елдерінің экономикасына қауіп төндіруде. Бұл туралы итальяндық журналист Винченцо Лоруссо мәлімдеді.

Журналист Италиядағы және жалпы Еуропадағы экономикалық жағдай ушығып кеткенін атап өтті.

– Трамп енгізген баждар Еуропа экономикасы үшін, әсіресе Италия үшін үлкен проблемалар туғызады, – деп атап өтті Лоруссо.

АҚШ президенті Еуропалық Одақпен келісім жасай алатынына сенімді.

Қытай. АҚШ-тың Қытайға қатысты енгізген баж салықтары Американың өз экономикасына ауыр соққы болды. Себебі АҚШ көптеген салаларда – тұтыну тауарларынан бастап, жартылай өткізгіштер мен сирек жер металдарына дейін – Қытайға тікелей тәуелді.

– Қытайдың АҚШ-тың қорқыту сипатындағы тарифтеріне қарсы жауап шаралары біздің заңды құқықтарымыз бен мүдделерімізді қорғауға ғана емес, сонымен қатар халықаралық ережелер мен тәртіпті сақтауға, әділеттілікті қолдауға бағытталған, – деп мәлімдеді Қытай Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Лин Цзянь.

Бейжің АҚШ-тан тәуелділікті азайту мақсатында энергия ресурстарын балама көздерден іздеуде. Яғни, қазір Қытай АҚШ-тан мұнай сатып алуды 90%-ға қысқартты және оны Канададан импорттауға дайын. Бұл жағдай Ресейге қарсы санкцияларды еске салады: бәсекелесті оқшауламақ болды, бірақ нәтижесінде өздері оқшауланып қалды.

Қытайдың әлеуметтік желілерінде бөлек тартыс болып жатыр. «Кім кімді қажет етеді?» немесе «Америка, сен

Reciprocal Tariffs		
Country	Tariffs Charged to the U.S.A. (Imports from Country)	U.S.A. Discounted Reciprocal Tariffs
China	67%	34%
European Union	39%	20%
Vietnam	90%	46%
Taiwan	64%	32%
Japan	46%	24%
India	52%	26%
South Korea	50%	25%
Thailand	72%	36%
Switzerland	61%	31%
Indonesia	64%	32%
Malaysia	47%	24%
Cambodia	97%	49%
United Kingdom	10%	10%
South Africa	60%	30%
Brazil	10%	10%
Bangladesh	74%	37%
Singapore	10%	10%
Israel	33%	17%
Philippines	34%	17%
Chile	10%	10%
Australia	10%	10%
Pakistan	58%	29%
Turkey	10%	10%
Sri Lanka	88%	44%
Colombia	10%	10%

Reciprocal Tariffs		
Country	Tariffs Charged to the U.S.A. (Imports from Country)	U.S.A. Discounted Reciprocal Tariffs
Peru	10%	10%
Nicaragua	36%	18%
Norway	30%	15%
Costa Rica	17%	10%
Jordan	40%	20%
Dominican Republic	10%	10%
United Arab Emirates	10%	10%
New Zealand	20%	10%
Argentina	10%	10%
Ecuador	12%	10%
Guatemala	10%	10%
Honduras	10%	10%
Madagascar	93%	47%
Myanmar (Burma)	88%	44%
Tunisia	55%	28%
Kazakhstan	54%	27%
Serbia	74%	37%
Egypt	10%	10%
Saudi Arabia	10%	10%
El Salvador	10%	10%
Côte d'Ivoire	41%	21%
Laos	95%	48%
Botswana	74%	37%
Trinidad and Tobago	12%	10%
Morocco	10%	10%

бізсіз не істер едің?» деген сарындағы бейнематериалдарға толы.

Ақ үйде, бәлкім, жағдайдың өздері үшін қолайсыз екенін түсіне бастаған сияқты. Трамп үш-төрт апта ішінде Қытаймен барлық сауда мәселелері бойынша келісімге келетінін мәлімдеді. Ол тіпті Қытайға барып, келіссөз жүргізуге дайын екенін айтты.

Вьетнам. Вьетнамның Сыртқы істер министрлігі АҚШ-тың баждарын енгізу туралы шешім екі ел арасындағы өзара тиімді экономикалық және сауда ынтымақтастығының шындығына сәйкес келмейді және стратегиялық жан-жақты серіктестік рухын көрсетпейді деп санайды.

– Біз бұл шешім екі ел арасындағы өзара тиімді экономикалық және сауда ынтымақтастығының шындығына сәйкес келмейді, бейбітшілік, тұрақтылық, ынтымақтастық және даму жолындағы стратегиялық жан-жақты серіктестік рухын көрсетпейді деп санаймыз және екіжақты экономикалық және сауда қатынастарына, сондай-ақ екі елдің азаматтары мен кәсіпкерлерінің мүдделеріне кері әсерін тигізеді, – деді Вьетнамның Сыртқы істер министрлігінің өкілі Фам Тху Ханг.

Израиль. АҚШ президенті Дональд Трамп АҚШ-қа импортталатын Израиль тауарларына (бүкіл әлем бойынша қосымша тарифтермен бірге) 17 пайыздық баж салығын енгізетіндігін жариялауы, Израиль мемлекеті мен бизнесін есеңгіретіп, көңілін қалдырды.

Трамп әкімшілігінің Израиль тауарларына осындай тарифтер енгізу туралы шешімі масқара сатқындықтан басқа ешнәрсе емес.

Бұл қадам Израиль американдық импортқа қалған барлық баждарды алып тастағаннан бірнеше сағат өткен соң жасалды – бұл ізгі ниет пен экономикалық серіктестіктің белгісі. Алайда, Трамп жауап қайтарудың орнына одақтасын жазалауды шешті. Мүмкін ол «бәрінен бұрын Америка» саясатын ұстанатын шығар, бірақ досыңа бұлай қарауға болмайды. Тарифтерді енгізудің күтпеген сипаты ынтымақтастық рухына нұқсан келтіріп қана қоймай, сонымен бірге Израиль мен АҚШ арасындағы сауда қатынастарының болашағы туралы өткір сұрақтар туғызады.

Түркия. Түркияның вице-президенті Джевдет Йылмаз ресми Анкара

АҚШ-тың баждарының өзгеруіне және олардың ел экономикасына әсеріне байланысты процестерді мұқият қадағалап отырғанын мәлімдеді.

Саясаткер Түркия үкіметі қажет болған жағдайда әлемдік саудадағы дағдарыстардың әсерін азайту үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сендірді.

«Мұндай кездерде процестерді елеуге және «авто-пилотта» әрекет етуге болмайды. Динамикалық шешімдер қажет», – деді вице-президент бұл мәселеде Түркияның көптеген басқа мемлекеттермен салыстырғанда жағдайы жақсы екенін көрсетіп.

Джевдет Йылмаз Түркияда күшті ішкі нарықтың болуына назар аударды, бұл сыртқы факторлардың теріс әсер ету қаупін азайтады.

Айта кету керек, АҚШ жаңа кедендік баж салығын салған 185 елдің тізімінде Ресей мен Беларусь жоқ.

ҚАЗАҚСТАН НЕ ДЕЙДІ?

Президент жаһандық ахуалға мейлінше бейімделіп жұмыс істеу, яғни, әр қадамды мұқият ойластырып, салмақты шешімдер қабылдау арқылы Қазақстан экономикасын түрлі сын-қатерден сақтап қалу маңызды екеніне тоқталды.

– Сондықтан Үкімет кез келген мәселені алдын ала қарастырып, тиімді және батыл әрекет етуге тиіс. Еліміздің мүмкіндіктері мол, әлеуеті орасан зор. Қаңтар-наурыз айлары бойынша ішкі жалпы өнімнің өсімі 5,8 пайыз болды. Бұл – қазіргі күрделі жағдайда өте жақсы көрсеткіш деп күмәнсіз айтуға болады. Ұлттық экономикамыз негізінен көлік саласы, құрылыс саласы, өнеркәсіп және сауда-саттық есебінен дамып жатқанын атап өткім келеді. Бұл – өте маңызды жетістік. Сонымен қатар әлемдік дағдарыс күшейіп кеткен жағдайда еліміз Ұлттық қор резерві мен алтын валюта қорының мүмкіндіктерін қолдана алады. Осындай күрделі уақытта біздің кәсіпкерлеріміз де ерекше белсенді жұмыс істейді деп сенемін. Себебі оларды ешқандай қиындыққа қарамай еңбек ете алатын нақты істің адамдары деп есептеймін. Бізге қазір құр сөздің еш қажеті жоқ. Біз бәріміз бір ел болып тек табанды және тиімді жұмыс істеуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ

Ортақ жеңіс – ортақ тағзым

ШҚО мен Алтай өлкесінің ынтымақтастығы арта түсті

✍ Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

Жуықта Өскеменге Ресей Федерациясының Алтай өңірінен «Во все века» халықаралық гастрольдік жобасымен арнайы делегация келіп Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған бірқатар іс-шаралар өткізді.

Бір таулы жүйенің екі қыратында өмір сүретін халықтар делегациясы келісті кездесуді Шығыс Қазақстан облысының әкімдігіндегі қабылдаудан бастады. Жиын барысында екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері мен басым бағыттары талқыланды.

ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағановпен өткен кездесуден соң, делегация сапар бағдарламасына сүйеніп, өз жұмыстарын жалғастырды.

– Біз Ресей Федерациясының жеті өңірімен тығыз байланыстамыз. Алайда Алтай өлкесімен қарым-қатынасымыз ерекше, себебі тарихи, әрі географиялық тұрғыда біте – қайнасып жатырмыз. Біз әрдайым әріптестік рухта жұмыс істеп келеміз және өзара үйренеріміз көп, – деді ШҚО әкімінің орынбасары Ербол Нұрғалиев.

Көршілес аймақпен достық қарым-қатынасты сақтап, дамытуға мүдделі екенін алға тартқан Ербол Жолдаспекұлы өңіраралық өзара тиімді ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, өнеркәсіп, туризм, мәдениет және спорт салалары назарда тұр.

Өз кезегінде, Алтай өлкесі Үкіметі төрағасының орынбасары Виталий Снесарь көрсетілген қонақжайлық үшін алғысын білдіріп, аталған салалардың барлығында ынтымақтастық орнатуға дайын екенін айтты.

Ресейлік делегацияны бастап келген Виталий Снесарь Алтай өлкесінің «Біздің ортақ үйіміз – Алтай» халықаралық үйлестіру кеңсіндегі төрағалығын ШҚО-ға табыстауға әзір екенін мәлімдеді. Бұл бірлестік құрамына Ресей, Моңғолия, Қытай және Қазақстан кіреді.



– Осы кеңестегі төрағалығымызды аяқтап жатырмыз. Енді бастаманы жалғастыру кезегі Шығыс Қазақстан облысына тиесілі, – деді Виталий Снесарь.

МӘҢГІЛІК АЛАУҒА ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

Екіжақты кездесуден соң, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ербол Нұрғалиев пен Алтай өлкесі Үкіметі Төрағасының орынбасары-Губернатор Әкімшілігі басшысы Виталий Снесарь, делегация мүшелері осы сапарға мұрындық болып отырған Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойына орай, батырлар мен мен қаза тапқан жауынгерлерінің мемориалды кешеніндегі Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

– Әріптестерімізге үлкен ризашылығымызды білдіреміз. Ортақ жеңіс деп білеміз. Бабаларымыздың жеңісін

ұмытпай, жастарға жеткізе білуге тиіспіз. Облысымызда атаулы күнге орай көптеген іс-шаралар жоспарланған. Бүгінгі мереке соның бастауы болып отыр, – деді ШҚО әкімінің орынбасары Ербол Нұрғалиев.

«ВО ВСЕ ВЕКА» КОНЦЕРТІ ӨТТІ

«Ертіс концерт» залында «Во все века» атты концерт көрерменге өткен ғасырдың ауыр белестерінен сыр шертіп, бейбіт күннің қадірін сездірген әсерлі кешке айналды. Евгений Борисов атындағы Алтай мемлекеттік «Сибирь» орыс халық аспаптар оркестрі мен Александр Березиков атындағы «Алтай» жастар ән-би ансамблі қала тұрғындарын таң тамаша етті.

– Елімізге келген танымал шығармашылық ұжымға ризашылығымызды

білдіреміз. Жалпы, Қазақстан мен Ресей елі арасындағы байланыс – тату көршілік пен одақтастық рухына негізделген достықтың үлгісі. Сондықтан мұндай шаралар елдеріміз арасындағы мәдени-рухани байланысқа дәнекер болады, – деді концерттің ашылуында сөз алған Ербол Нұрғалиев.

Кеш барысында Ұлы Отан соғысы жылдары жазылып, майдан шебіндегі жауынгерлердің рухын көтерген әндер әуеледі. Концертке келген көрермендердің қатарында аға буын өкілдері көп. Сахна төрінде бұрынғы Кеңес Одағы елдеріне кеңінен танымал болған 20-дан астам ән орындалды.

– Соғыс жылдарында жазылған әндермен қатар, «Алтай» ансамблі А.Твардовскийдің поэмасы желісімен, В. Гаврилиннің музыкасына қойылған «Дом у дороги» балетін сахналады. Бұл қойылым Талдықорған мен Алматыда да көрермендердің ыстық ықыласына бөленген еді. Ал Өскеменде бізді толы зал мен зор қошемет күтіп тұрды. Қазақстандық әріптестерімізбен қосылып, «Жеңіс күні» әнін орындау – ұмытылмас әсер сыйлады. Өнер – аударманы қажет етпейтін ортақ тіл. Осы құдірет бізді жақындастырып, халықтар достығын айқындай түсті, – деді Алтай өлкесінің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Вера Климанова.

Сондай-ақ, кеште Ұлы Отан соғысы жылдарында теңдесі жоқ ерлікпен тарихта қалған Ленинград қорғанысы мен блокадасы туралы шығармалар да шырқалды. Солардың бірі – И. Цветковтың «Петербургская серенада».

– Бұл шығарманы орындау барысында сол бір ауыр жылдардағы халықтың қайғысын, соғыстың салмағын, адамдардың жан күйзелісін көрерменге жеткізуге тырысамын. Орындау кезінде залда көз жасына ерік бергендер болды, – деді оркестр солисі Руслан Осипов.

Облыс әкімінің орынбасары ШҚО мәдени ұйымдары күзде Ресей Федерациясында да өнер көрсетіп, мәдени байланыстың көпірі жалғанатынын мәлім етті.

БӘРЕКЕЛДІ!

Шығыстың оқушылары білім сайысынан жеңіспен оралды

✍ Ержан ӘБІШ

Жаһандану дәуірінің талабына сай білім мен ғылымға ден қойған еліміздің жас өрендері бүгінде халықаралық аренада да өз деңгейлерін мойындатып келеді. Соның айқын дәлелі ретінде Шығыс Қазақстанның оқушылары Түркияның Анталия қаласында өткен халықаралық робототехника олимпиадасында (Fibonacci EuroAsia Robot Olympiad) жүлделі орындар иеленіп, Италияда өтетін әлем чемпионатына жолдама ұтып алды.

Осы жетістікке апарар жол биылғы 15-16 наурыз күндері Астанадағы Nazarbayev University базасында басталды. Мұнда «Астана дарыны» орталығы мен AZ GROUP LLC білім беру компаниясы ұйымдастырған «Fibonacci International Robot Olympiad» халықаралық олимпиадасының республикалық кезеңі өтті. Бұл додада елдің түкпір-түкпірінен келген дарынды оқушылар бақтарын сынап, үздіктер іріктелді. Шығыс Қазақстанның командасы сол үздіктер қатарынан көрініп, халықаралық кезеңге жолдама алған болатын.

Халықаралық деңгейдегі жарыс 16-20 сәуір күндері Түркияның Анталия қаласында өтті. Бұл жарысқа қатысу жай ғана саяхат емес, Қазақстан намысын қорғау, білім мен технология саласын-

дағы бәсекеге қабілеттілікті дәлелдеу еді. Шығыстан барған оқушылар өздерінің білімін, логикалық ойлау қабілетін, командалық жұмысын жоғары деңгейде көрсете білді.

Атап айтсақ, LEGO Line санаты бойынша Өскемендегі №16 мектептің оқушысы Әлихан Арнұрұлы, №43 мектептің оқушылары Мансұр Дәулеткер мен Әли Сейілқан үшінші орынды иеленді. Mini Sumo санатында да Шығыстың балалары жүлделі орыннан көрінді, №24 мектептің оқушысы Абай Өмірханов пен №27 мектептен келген Арсен Бижігітов қола жүлдеге ие болды. Ал Arduino Line бағыты бойынша Өскеменнің №19 мектебінен Санжар Бақберді мен №16 мектептің оқушысы Әмір Зейнелов үздік бестіктің қатарына

енді.

Робототехника саласындағы халықаралық додаларда ауыл жастарының да биіктен көрінуі – еліміздегі білім мен ғылымның шалғай өңірлерге де жетіп жатқанын дәлелдейді. Соның жарқын мысалы – Тарбағатай ауданының Маңырақ ауылынан барған «ManugaQ» робототехника командасы. Оқушылар Жалғас Қайратұлы, Жандос Амантай және Орынбек Дашынұлынан құралған бұл топ та үздік бестікке енді. Команданың бапкері Думан Амантаевтың айтуынша, ауыл мектебінде оқып, өз күштерімен осындай жоғары жетістікке жеткен оқушыларға ата-аналар мен ұстаздар, сондай-ақ ауыл тұрғындары демеу берген. Бұл шалғайдағы ауылдағы оқушылардың да әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті екенін айқындайды.

Олимпиадаға қатысқан барлық командалар Италияда өтетін әлем чемпионатына жолдама алып отыр. Бұл – болашағы зор жас буынның халықаралық дәрежеде мойындалуы ғана емес, сонымен қатар бүкіл ел үшін үлкен мәртебе. Робототехника саласында осындай маңызды додада ел намысын қорғау – үлкен сенім мен жауапкершілік.



– Бұл жарыс – жай ғана бәсеке емес, жаңа мүмкіндіктер алаңы. RoboVallі – білім мен технологияны ұштастыратын, жеңіс пен шабытқа жетелейтін алаң, – дейді ұйымдастырушылар.

Жеткіншектердің мұндай жетістікке жетуіне олардың талпынысы мен еңбегі ғана емес, сонымен қатар білім ордаларының, ата-аналардың, ұстаздардың қолдауы да үлкен рөл атқарды. Әсіресе информатика, физика пәні мұғалімдері мен ІТ үйірме жетекшілерінің күнделікті еңбегі мен бағыт-бағдары оқушыларды осындай биік белестерге алып шыққаны сөзсіз.

Білім мен технологияны қатар алып жүрген Шығыстың дарынды оқушылары болашақта еліміздің дамуына үлкен үлес қосарына сеніміміз зор.

#НЫСАН

Ұланда жаңа өнер ордасы ашылды: Министр музыка мектебіне автобус кілтін табыстады

 Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қосымша білім берудің маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. Оның пікірінше, қосымша білім беру – балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл бағытта мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, балалардың үйірмелерге қатысуы үшін жағдай жасалуда. Осы орайда Ұлан ауданы Қасым Қайсенов кентінде Балалар музыка мектебінің жаңа ғимаратының салтанатты ашылуы өтті.

Бұл маңызды мәдени шараға ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Медеу Арынбаев, облыс басшылығы, мәдениет және білім саласының өкілдері, ата-аналар мен оқушылар қатысты.

Салтанатты шара мектеп ғимаратының лентасын қиюдан басталды. Ашылу рәсімінен кейін келген қонақтарға жаңа нысан таныстырылып, экскурсия ұйымдастырылды.

Министрдің айтуынша, бұл мектептің ашылуы – Ұлан ауданы үшін маңызды оқиға әрі шығармашылыққа бейім балалардың қабілеттерін дамытып, өнерге деген қызығушылығын арттырып, сапалы білім алуына үлкен мүмкіндік.

– Өнер ордасының ашылуы құтты болсын! Мемлекет басшысы білім саласын қолдауға жыл сайын үлкен қолдау көрсетіп отыр. Қазір еліміздегі барлық мектептерді «Жайлы мектеп» заманауи стандартына жеткізу мақсатында реновациялау, яғни қайта жаңғырту мәселесі қолға алынып жатыр. Соның аясында тек мектептер ғана емес, балабақшалар, колледждер мен өнер мектептері заман талабына сай жаңғыртылмақ. Жаңа ғимаратта жас

дарындардың өнері шыңдала берсін! Балаларымыздың жан-жақты дамуы мен табысты тұлға болып қалыптасуына жайлы орта қалыптастыру мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді, – деп ақжарма тілегін білдірген ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев музыка мектебінің оқушыларына автобус кілтін табыстады.

Шығыс Қазақстан облысы балаларды қосымша біліммен қамту бойынша республикада алдыңғы қатарда – бұл көрсеткіш 94%-ды құрайды.

– Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы атап өтілмек. Осынау атаулы күндер қарсаңында жастарымыздың жарқын болашағына жол ашатын өнер ордасының ашылуымен баршаңызды құттықтаймын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында қосымша білім беру мәселесіне тоқталып, «Адал азамат» бағдарламасы аясында білім мен тәрбиенің қатар жүруі керек екендігін, қосымша білім беру арқылы балаларды білімді, тәрбиелі, адал азамат етіп тәрбиелеу қажеттігіне баса



назар аударып, тапсырма берді. Өнер мектебінің ашылуы – осы бағыттағы жұмыстардың жемісі. Қаншама республикалық, халықаралық жарыстарда топ жарып жүрген өнерпаздарымыз енді осындай заманауи ғимаратта өнерлерін шыңдап, бұдан да биік жетістіктерге жетеді деп үміттенеміз. Осы мектептен болашақта танымал өнер жұлдыздары шығатынына сеніміміз мол, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

126 орынға лайықталған жаңа музыкалық мектеп – болашақ өнерпаздардың кәсіби жолына берік негіз қалайтын, шығармашылық әлеуетін дамытуға барлық жағдай жасалған заманауи білім ордасы. Мұнда домбыра, баян, қобыз, қыл-қобыз, виолончель, жетіген, скрипка, флейта, саксофон, гитара, аккордеон, фортепиано сын-

ды аспаптық бағыттармен қатар, вокал және хореография сыныптары да жұмыс істейді.

Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы Бақытжан Омарғалиқызы басшылық ететін жаңа мектепте заман талабына сай жабдықталған 14 оқу кабинеті бар. Хореография кабинеті айналармен, станоктармен толық жабдықталған. 126 орындық концерт залында ұзындығы 9 метр, биіктігі 4 метр болатын LED-экран орнатылған. Бұл мәдени және оқу іс-шараларын жоғары деңгейде және көп көрерменнің қатысуымен өткізуге мүмкіндік береді.

Жаңа ғимараттың есігі енді жас таланттарға айқара ашық. Бұл – өнер жолындағы алғашқы қадамын жасайтын өрендер үшін үлкен мүмкіндік, жарқын болашаққа бастар жол.

#ӨНЕРТАБЫС

Шығыстық ғалымдар отандық су сүзгісін әзірледі

Мемлекет басшысы ағын суларды тазарту инфрақұрылымын жаңғырту және су айдындарының ластану мәселесін шешу қажеттігін атап өткен болатын. Осы ретте С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғалымдары тұрмыстық және өндірістік мақсаттарда қолданатын инновациялық отандық су сүзгілерін әзірледі.



Бұл жаңалық Үкіметтің назарын аударып, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруына ілікті. Жақында С.Аманжолов атындағы ШҚУ құны 125 миллион теңге тұратын су тазартатын сүзгі өндіретін L-BW 380 жабдығын сатып алды. Жаңа техника сүзгілерге қажетті сапалы корпустар жасауға мүмкіндік береді.

Өнімді нарыққа бір жылдың ішінде шығару жоспарланып отыр. Осы уақыт аралығында ғалымдар тобы техникалық білім алып, сүзгі жасайтын жұмыс орнын дайындаулары қажет.

«Су объектілерін тазарту үшін композициялық сүзгі материалдарын өнді-

ру» жобасы әлемдегі өзекті мәселелердің бірі – ауыз су сапасының төмендігін шешуге бағытталған.

ШҚУ ғалымдары биополимерлер, керамикалық және көміртекті материалдар негізінде, графит оксидімен модификацияланған сүзгілеуші композициялық сорбенттер өндірісін жолға қоймақ. Сондай-ақ оларды картридж түрінде құрастыруды және корпусын дайындауды университет базасында жүзеге асырады.

Алдағы уақытта қазақстандықтарға ауыр металдардан, микроорганизмдерден және органикалық қосылыстардан тазартылған су қолжетімді болмақ.

Алғашқы отандық сүзгінің ресейлік баламаларына қарағанда бағасы арзан-нырақ. Ал тұрмыстық сүзгі 4-5 ай бойы қызмет етеді.

– Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, елдегі жерүсті су айдындарының шамамен 70%-ы айтарлықтай ластанған. Бұл жағдайды әсіресе Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарындағы өнеркәсіптік кәсіпорындар қиындата түсуде. Өндірістік көздерден шыққан ағынды сулардың шамамен 20%-ы тазартылмай, тікелей су айдындарына жіберіледі. Біз ұсынған жетілдірілген тазарту құрылғылары арқылы бұл мәселені шешуге болады деп ойлаймын, – дейді жоба жетекшісі, университеттің аға ғылыми қызметкері Тілек Қуанышбеков.

Айта кетейік, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті су ресурстарын қорғау ісіне айтарлықтай үлес қосуда. Өңірлік жоғары оқу орнында гидросарапшылардың жаңа буыны даярланып жатыр.

Екі жыл бұрын «Гидроэкология, менеджмент және трансшекаралық су қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы енгізілген болатын. Оның басты мақсаты – гидроресурстар мониторингінде геоақпараттық әдістерді қолдана алатын, су ресурстарын экологиялық нормалар мен ұтымды пайдалану стандарттарына сай басқара алатын мамандар даярлау.

Осылайша ШҚУ гидролог, гидрохимик, сел мамандары, гляциолог және табиғатты пайдалануда мамандар резервін дайындап келеді.

#«ALMATY TECH CUP 2025»

Халықаралық додадан олжамен оралды

 Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

ШҚО-дағы Алтай қаласының №7 орта мектебінің оқушылары «Almaty Tech Cup 2025» халықаралық робототехника, инженерия және дрон жарысы чемпионатына қатысып, үздік нәтиже көрсетті.

Облыстық білім басқармасының ақпараты бойынша, чемпионат Алматы қаласында өтті. Оған 400 команда қатысты, олардың 20-сы шетелдік командалар болды. Жалпы чемпионатқа 3 мың оқушы қатысты.

Құрамында алты оқушы болған (Исмагилов Руслан, Жангелдинов Рамиль, Щепин Тимофей, Макаров Кирилл, Черных Тимур және Потанин Роман) «Алтай» командасы «Бағдарламаланатын дрондар» санатында жүлделі 3-орынды иеленіп, «Innovation Award» (Инновациялық марапат) номинациясына ие болды.

Жүлдегер оқушыларға дронға арналған радиобасқару пульті мен басқа да естелік сыйлықтар табысталды.

Ал 11-сынып оқушылары Тимур Черных пен Роман Потанинге Алматыдағы беделді жоғары оқу орындары - Turan University мен Energo University-де грантпен оқуға жолдама берілді.

Чемпионатқа қатысқан оқушылар үшін бұл үлкен тәжірибе болды. Олар жаңа идеялармен шабыттанып, білімдерін одан әрі шыңдауға мүмкіндік алды.

КОНФЕРЕНЦИЯ

«Хан апа» мектебінде зертхана жабдыкталады

✍ Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

📷 Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағановтың қатысуымен Қанипа Бітібаеваның туғанына 80 жылдық мерейтойына арналған «Қанипа Бітібаеваның педагогикалық мұрасы және Қазақ тілі мен әдебиетінің өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Жиынның мақсаты – ұстаз технологиясы бойынша жаңашыл ізденістігі шығармашыл педагогтардың іс-тәжірибесімен танысу, педагог мұрасын халықаралық деңгейде насихаттау.

Ғылым қайраткерлері мен ұстаздар қауымы бас қосқан конференция Қанипа Бітібаеваның туғанына 80 жылдық мерейтойына арналған «Тау тұлғалы тау қызы» атты естеліктер жинағының тұсаукесерімен басталды.

– Бүгінгі конференцияның маңыздылығы Қанипа Омарғалиқызын тек еске алу, ұлықтап, мақтау ғана емес, Хан апа сынды соңынан із қалдырған тұлғаның сара жолын қайта жалғау үшін бас қосып отырмыз, – деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Келелі жиынға шетелдік, отандық жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушы құрамы, білім беру



орталықтарының қызметкерлері, облыстық, қалалық білім бөлімінің әдіскерлері, мектеп директорлары және тілдер пәндерінің мұғалімдері қатысты.

– Ұстаздың шәкірттері арасында 20 ғылым кандидаты, 6 педагогика ғылымдарының докторы, 5 PhD доктор шықты дейді. Негізінде, қазақ тілі, әдебиет саласында шәкірттері көрсетіп отырған жоғары көрсеткіштердің барлығы Қанипа апамыздың мұрасы, жетістігі деп білеміз, – деді ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Конференция барысында, Оқу-ағарту министрі Қанипа Омарғалиқызы еңбек еткен «Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» 18 миллион теңгеге лабораториялық кабинетпен жабдыкталатынын мәлім етті. Сол сияқты, Қанипа Бітібаева зертханаларының жетекшілеріне «Алғыс хат» беріліп, конференция барысында ұстаздың тұлғасын ашып, ғылыми баяндама жасаған ұстаздар «Құрметті педагог» төсбелгілерімен марапатталды.

ЖИЫН

«Qyzai» - әйел құндылығының шырағын жаққан форум

Өскеменде ерекше форматтағы, мазмұны терең, шабыт пен шынайылыққа толы әйелдер форумы өтті. «Qyzai» атауымен ұйымдастырылған бұл басқосу – өңір әйелдерінің табысқа жету жолындағы тәжірибесін бөлісіп, бір-біріне қолдау білдірген, өсу мен даму идеяларын ортаға салған жарқын алаң болды. Форумға Шығыс Қазақстанның түкпір-түкпірінен 120-дан астам іскер әйел жиналды.



Аталмыш іс-шара қатысушыларға тәжірибе алмасуға, табысқа жеткен әйелдердің сындарлы жолынан шабыт алып, тұлғалық және кәсіби тұрғыда өсуге, сондай-ақ пайдалы білім алуға мүмкіндік берген маңызды шара болды. Форумның ұйымдастырылуына «Өскемен әйелдері» қауымдастығы мен «Казцинк» компаниясы ұйытқы болды.

– Форум – туризм саласының, медициналық туризмнің, қоғамдық тамақтану мен жол бойы қызмет көрсету салаларының дамуына оң әсер ететініне сенімдіміз. Өйткені форум спикерлері өз брендин, тұлғасын қалыптастыру жолында талай сынақтан өтіп, табысқа жеткен жандар. Жергілікті кәсіпкер әйелдердің шынайы тәжірибесін тыңдау – қатысушылар үшін өте құнды болады деген сенімдемін, – деді «Іскер әйелдер

қауымдастығының» басшысы Елена Березинская-Абилова.

Форум екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде, спикерлер әйел кәсіпкерлігі, мансап құру, көшбасшылық жол, жеке бренд қалыптастыру, тұрмыстық тепе-теңдікке жету және қаржылық сауаттылық тақырыптарын көтеріп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Ал іс-шараның екінші бөлімінде қатысушылар жасанды интеллектті пайдалану, шешендік өнер мен тайм-менеджмент сияқты пайдалы дағдыларды үйренетін практикалық сессияларға қатысты.

Іс-шараның басты серіктесі – «Казцинк» компаниясы гендерлік теңдікке негізделген тұрақты кадрлық саясатымен, ер мен әйелге тең мүмкіндік ұсынудағы нақты қадамдарымен танылып келеді. Мысалы, бүгінде компанияда 19 мың адам еңбек етеді, оның 24 па-

йызы – әйелдер. Басшылық лауазымдарда қызмет ететін әйелдердің үлесі – 27 пайыз. Айта кету керек, 2022 жылы өндірісте әйелдер мен ерлер үшін тең мүмкіндіктерді сақтау жөніндегі жұмысы үшін компания Қазақстандағы гендерлік бағытталған кәсіпорындардың бірі болып танылды.

– Форумның форматы ерекше әрі шынайы болуды көздейді. Көптеген шаралар дөңгелек үстел мен бір сарынды баяндамалар түрінде өтетіні белгілі. Ал мұнда – бәрі басқаша. Қатысушылар спикерлермен тікелей сөйлесіп, сұрақ қойып, ой бөлісіп, тіпті бірлесе ықпалдасып, іс-қимыл жасап көре алады. Біз тілдесумен шектелтпей, адамдар мен идеяларды, тәжірибе мен шабытты тоғыстыратын көпір құрып жатырмыз, – деді «Казцинк» ЖШС әкімшілік мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Андрей Лазарев. – «Казцинкта» ерлер мен әйелдердің үлестік қатынасын алып қарасақ – бұл елдегі орташа көрсеткіштен де, бірқатар дамыған елдерден де жоғары. Біз қызметкерлерді ер немесе әйел деп бөлмейміз. Олардың өсуі мен дамуы үшін тең дәрежеде жағдай жасаймыз.

Форум барысында әйелдерге арналған шағын кәсіпкерлік стендтері қойылып, отандық сән жетістіктерін паш еткен дефиле ұйымдастырылды. Бұл – өңір әйелдерінің қол жеткізген биіктерін көрсетудің жарқын бір көрінісі болды.

– Мен бұл форумға Cassak брендінің негізін қалаушы ретінде шақырылдым. Бұл – Шығыс Қазақстанда құрылған киім бренді. Өзісін бастап, табысқа жетіп жүрген қыз-келіншектер аз емес. Ал бүгінгі жиын – тәжірибе мен мотивацияның көзі. Өзім де кәсіпкерлікте кездескен қиындықтар мен оларды еңсеру жолы туралы ашық бөлісемін, – деді форум спикері Аяужан Әшімова.

ТАҒЗЫМ

Риддерде тыл еңбеккерлеріне құрмет көрсетілді

Кеншілер қаласында «Ардағым – ардагерім» атты патриоттық акция бастау алды. Игі шара аясында қаладағы барлық мемлекеттік мекемелер Ұлы Отан соғысы кезіндегі тыл еңбеккерлеріне арнайы барып, құттықтау білдірді.



Қарияларға жылы лебіздер айтылып, гүл шоқтары мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Бұл – Жеңісті тылда жақындатқан жандарға деген зор құрмет пен алғыстың белгісі.

Акция ұйымдастырушылары мұндай кездесулер ұрпақтар сабақтастығы мен ел тарихына деген құрметті нығайтатынын, сондай-ақ бүгінгі бейбіт өмірдің негізін қалаған аға буынға тағзым екенін атап өтті. Игі шарадан ешбір мекеме қалыс қалған жоқ. Мектеп оқушылары да акцияға белсене қатысып, өз үлестерін қосты. Жеңіс күнін жақындатуға жандарын аямаған ата-әжелерді құттықтауға барып, бірі тақпақ айтса, бірі жүрекке жылу ұялататын жылы сөздерін арнады. Мәдениет сарайы, жастар ресурстық орталығы, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігі және басқа да ұйымдар қарттарды бір серпілтіп қайтты. Қалалық жастар ресурстық орталығы өкілдерінің сөзінше, биыл ардагерлерге 16-18 мың теңгенің азық-түлік себеті берілді.

– Акция шеңберінде ардагерлерге қарақұмық, күріш, ұн, макарон, рафинадалған қант, балық консервісі, бір литр құнбағыс майы, шай, қораптағы кәмпіттер, печенье берілді. Одан бөлек, жеміс-жидектер салынды, – деді шараның басы-қасында жүргендер.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, Риддерде 268 ардагер бар, оның 45-і – тыл еңбеккерлері. Жастар ресурстық орталығы өкілдері бірқатар ардагердің үй шаруасына да көмектесті. Ал қариялар ақ баталарын беріп, ыстық лебіздерін жеткізді. «Ардагерлеріміздің батасы мен ақ тілегі – бұл жай ғана сөз емес. Онда рухтың күші, келешек ұрпақтың бейбітшілігі мен бірлігінің кепілі жатыр», – деді ұйымдастырушылар.

Бұл бастама ел ерлігін еске салып қана қоймай, өткен мен бүгінді, болашақты жалғайтын рухани көпірге айналып отыр.

«Дидар» ақпарат

#ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАЙЛАНЫС

Аймақ бизнесінен – еуропалық деңгейге

Өңірлік кәсіпкерлер палатасында облыстың бизнес қауымдастығы Венгриядан келген делегациямен кездесті.



Өңірлік кәсіпкерлер палатасында облыстың бизнес қауымдастығы Венгриядан келген делегациямен кездесті.

Шарада Венгрияның Бас консулы Саболч Карой Сёке және сауда-экономикалық мәселелер жөніндегі атташе Тибор Иштван Ковач Шығыс Қазақстанмен ынтымақтастық орнатып, ортақ тіл табысу мен өзара қарым-қатынас жолдарын талқылады.

Саболч Карой Сёкенің айтуынша, Қазақстанда 36 венгриялық компания жұмыс істейді.

– Біздің кәсіпкерлер Қазақстанға инвестиция салуға мүдделі және бірле-

сіп жұмыс істеуге дайын, – деді ол.

Венгрия өкілдерін Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы, туризм, сауда өнеркәсібі әлеуеті қызықтырды.

Сондай-ақ, Тибор Иштван Ковач Венгрия Үкіметі бизнес бастамалары мен инвестициялық жобаларды қолдайтынын айтты.

ШҚО Кәсіпкерлер палатасы директорының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары Сәкен Абдуллиннің айтуынша, өңірге келген шетелдік делегациямен өзара ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

#ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Күршімдік жастар өндіріске барды

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Күршім ауданының кәсіпкерлер палатасының филиалы ауданның жастар орталығымен бірлесіп, оқушыларға коммуналдық кәсіпорындар мен өндірістік мекемелерге танымдық экскурсия ұйымдастырды.



Өңірлік кәсіпкерлер палатасы Күршім ауданы филиалының директоры Надежда Потанинаның айтуынша, экскурсия студенттерге бұл мамандықты жақсы түсінуге көмектесетіні сөзсіз. Мұндай кәсіптік бағдар беру кездесулері жастар арасында жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын, балалардың кәсіппен шұғылдануына деген қызығушылығын арттырады және олардың кәсіби бағдарын дұрыс қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі күні Күршім ауданында слесарь-сантехник, газ-электр дәнекерлеуші, токарь, машина операторлары,

тиегіш бульдозер жүргізушілері сияқты мамандар аса қажет. Көпір салынды, енді ауданда жаңа өндіріс ошақтары, кәсіпкерлік нысандары көптеп ашылатыны болжанып отыр.

Енді балалар аймақтың жолдарына төселген асфальттың қалай өндірілетінін жақсы біледі. Оқушылар тазарту қондырғыларына, асфальт-бетон зауытына барып, жол құрылысы учаскесін аралады. Олар асфальт өндірісінде қолданылатын заманауи технологиялармен танысты. Жастарға қоспаны дәл илеудің қаншалықты маңызды екендігі, сапаны бақылау қалай жүргізілетіні айтылды.

#МАМАН МІНБЕРІ

Диқан еңбегі далаға кетпесін

Облысымызда алтын дәнімен аты шыққан астықты аудандар аз емес. Былтыр аймақта дәнді дақылдар бітік шығып, мол өнім алынды. Көктемнің әр күні – жылға азық. Бүгінде облыс диқандары, егін шаруашылығымен айналысатын қожалықтар, серіктестіктер кетпен, күрегін сайлап, тұқымын түгендеп көктемгі егіс қамында отыр. Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының директоры Кенжеғазы Тоқтасынов биылғы егіс науқаны диқандарымызға жайлы болмақ екендігін, тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, тұқымның сапалы түрлерін себу сияқты агротехникалық шараларды сақтау астық түсімінің артуына айтарлықтай септігін тигізетіндігін айтады.

Күзгі-қысқы және көктемгі ауа райы, күзгі жауын-шашын мөлшерінің молдығы әрі қар жамылғысының топырақ толық қатпай тұрып түскендігі, еріген қардың жерге жақсы сіңіп жатуы алдағы егіс жұмыстарын сәтті жүргізуге өз ықпалын тигізеді.

Күздік бидай қыс мезгілінде қанағаттандыратын жағдайда сақталып шықты. Наурыз айында күздік бидай алқаптарынан алынған монолиттік сынақтар өсімдіктердің қыстан шығу деңгейі 95 % екендігін көрсетті. Жоғарыда айтылған факторларды ескере отырып және барлық агротехникалық шаралар сақталған жағдайда 2025 жылы ауданда, аймақта ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі, әсіресе майлы дақылдардың өнімділігі оң нәтижесін береді деп күтілуде.

Дегенмен де, жергілікті атқарушы құрылымдар мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілері келесі шараларға көңіл аударуы қажет.

Біріншіден, климаттық жағдай мен нарықтық сұранысты ескере отырып, егістік аймақтарды дақылдармен сауатты қамтамасыз ету шаралары тиімді жүргізілуі маңызды. «Мысалы, майлы дақылдарды көбейту, оның ішінде күнбағыстан басқа сояны өсіруге көңіл бөлсе, әсіресе, суармалы жерлерде жақсы өнім алуға болады», – деген тәжірибе станциясының директоры Кенжеғазы Тоқтасынов күнбағысты есепсіз еге беруге болмайтынын алға тартты.

– Сояның ерекшелігі, бұл өнім жерді жақсы құнарландырады. Азоттың табиғи жеткізушісі: түйінді бактериялардың арқасында топырақты азотпен байы-

тады, соядан кейін кез келген дақылды егуге болады, ал келесі егілетін дәнді дақылдардың өнімділігін арттырады. Сонымен қатар егістік аймақта қара бидайдың, күзгі бидайдың және мал азығы дақылдарының үлесін қарастыруға болады, – білікті маман.

Егін шаруашылығында тұқымдарды алмастыру және жаңарту, тұқымның сапалылығы аса маңызды.

Егілетін тұқымдардың барлығы арнайы зертханадан тексеруден өткізілуі керек, айта кететін жағдай соңғы кезде ауа райы қалай өзгерсе де отандық тұқымдар төзімділігін көрсетіп келеді. Мысалы, былтыр ылғал қанша жоғары болса да отандық тұқымдардың ақүлпек клейковинасы жоғары болды. Ал, шетелден келген көпшілік тұқымның бұл көрсеткіші төмен болды.

Біздің тәжірибелік станцияның отандық дәнді, майлы, мал азығы дақылдарының бірегей және элиталық отандық тұқымдармен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар.

– Биылғы жылғы елімізде картоп өніміне деген үлкен сұраныс туған жағдай, өнім бағасының көтеріліп кетуі бұл дақылды өсірумен жүйелі түрде жұмыс істеуді талап етеді. Осыған байланысты картоп тұқымының өнімділігін артыру үшін біздің шаруашылық гектарына 70 тоннаға дейін түсім беретін Германияның және «ҚазЖКШҒЗИ» ЖШС-нің картоп тұқымдарына тапсырыс беріп, сатып алып жатыр, – деп түсіндірді станса директоры

Маманның айтуынша, келесі мәселе – минералды тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, бұл үшін біріншіден жер телімдерін агрохимиялық талдаудан өткі-



зу қажет, сонда ғана тыңайтқыштарды тиімді пайдалануға болады. Тәжірибелік станция бұл қызмет түрін де көрсете алады. «Мүмкіндік болса тыңайтқыштарды егістікке арнайы қондырғымен сұйық күйінде берсе әлдеқайда тиімді», – деп отыр сала мамандары.

Келесі аса көңіл аударатын жағдай: өсімдіктер ауруларының алдын алу шаралары. Аймақта 2024 жылғы ылғалдылықтың жоғары, жауын-шашынның көп болуына байланысты ауыл шаруашылығы дақылдары ауруларының дамуы үшін қолайлы жағдай пайда болды. Жауын-шашын көп болуы аурулардың таралуына ықпал етті, ал температура-ның өзгеруі өсімдіктердің иммунитетін әлсіретіп, оларды инфекцияларға осал етті: дәнді дақылдарда – тозаңды қара күйе, сабақ таты, ақұнтақ, тамыр шірігі, ақзең, септориоз; күнбағыста – ақ шірік, жалған ақ ұнтақ, құрғақ шірік, вертикаллез аурулары көп кездесті.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының аурулары жыл сайын өнімділікті 10-30%-ға төмендетеді, ал кейбір жағдайларда дақылдардың толық жоғалуына әкеледі. Бұл шаруа қожалықтарының табыстылығына тікелей әсер етуде.

Осы шаралардың бәрін іске асыру үшін білікті мамандарды даярлау да назардағы қажеттілік. Биылғы жылы ауыл шаруашылығы мамандарының біліктілігін арттыру үшін Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында арнайы қаражат қарастырылып отыр. Станцияда 600-ге тарта ауыл шаруашылығы мамандарының біліктілігін арттыру үшін семинар, вебинар және біліктілікті арттыратын арнайы алаң қарастырылады. Әсіресе, «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша жаңадан құрылған шаруашылықтардың ма-

мандарын оқыту қарастырылған, бұл жұмыс жергілікті әкімшілікпен бірлесе отырып жүргізілмек.

Ауыл шаруашылық еңбеккерлерінің бірінші форумында президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметке аграрлық ғылымды дамытуды, сондай-ақ, диқандарды елімізде өндірілген тұқыммен қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл көрсеткішті 2028 жылы 80 пайызға жеткізу қажет. Ал жоғары сапалы (элиталық) тұқымның үлесін кемінде 15 пайызға жеткізу керек.

Осыған орай, Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы ҚР 2024-2028 арналған отандық тұқым шаруашылығын дамытудың кешенді жобасына қатысып отыр. Бұл жоба бойынша облыста майлы және жарма дақылдарының отандық тұқымдарын шығару және оны жоғары стандартта өңдеу үшін 4,5 млрд теңге жұмсалмақ, бүгінгі күні бұл жоба ауыл шаруашылығы және экономика министрлігінің талдауынан өтіп, қаражат көзі қарастырылуда. Аталған жобаның іске асуына Сенат депутаттары да атсалысуда.

– Бұл жоба іске асса, өңір диқандарын отандық тұқымдармен қамтамасыз етуге және тек қана өзіміздің тұқымды өңдеп қана қоймай, басқа да тұқым шарушылықтарына қызмет көрсете аламыз. Өйткені, біздің облысымызда осы қызметке сұраныс бар, – дейді Кенжеғазы Тоқтасынов.

Алға қойған жоспарлар іске асырылса, ауданымыздың, облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерін ұлғайтуға, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге игі ықпалын тигізері сөзсіз.

Бетті әзірлеген –
Жанаргүл МҰҚАТАЙ

ҒЫЛЫМ

Жас ғалымдарға жағдай жасалмақ

✍ Жанаргүл КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Аймақта ғылыми зерттеулерді мемлекеттік қаржыландырудың көлемін ұлғайту және оның тетіктерін жетілдіру, ғылыми ұйымдарды кезең-кезеңімен жаңғырту шаралары белсенді жүргізіліп, шетелде тағылымдамадан өтетін жас ғалымдардың саны ұлғаюда. Докторантураға және ғылыми зерттеулерге бөлінген гранттар саны артып келеді.

Жуықта «AMANAT» партиясы жанындағы әйелдер қанаты облыстағы жас ғалымдармен кездесіп, олардың ғылыммен айналысуына тиімді жағдайлар туғызудың мүмкіндіктерін, елімізде ғылымды дамытудың болашағын талқылады.

Кездесуге келген жас ғалымдар, облыстағы жоғары оқу орындарының оқытушылары алдымен Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ ғылыми орталықтарына экскурсия жасап, жоғары оқу орнының ғылыми жетістіктерімен танысты.

Шара барысында аймақтың жоғары оқу орындары мен өндірістеріндегі жас ғалымдар «Қазақстан ғылымындағы жас ғалымдардың рөлі» тақырыбында ұйымдастырылған дөңгелек үстел басына жиналды.

– Жас ғалымдар, оның ішінде әйел ғалымдар елімізде ғылыми атмосфераны қалыптастыруда және инновацияларды енгізуде, жалпы қоғамның дамуына ықпал етуде маңызды рөл атқарып келеді. Олардың ғылыми зерттеулерге қатысуы елге пайда әкеліп, жетістіктері ғылым мен зерттеудің түрлі салаларына елеулі үлес қосуда. Біз бүгін ШҚТУ-дың ғылыми орталықтарында болып, түрлі ғылыми жетістіктерімен таныстық. Мұнда аса маңызды ғылыми жоба – медициналық титан импланттарын жасау жобасы жүзеге асырылып жатқанын көрдік. Өкінішке қарай, титан өндірісі өзімізде бар бола тұра, титан шикізатын шетелге шығара отырып, оның дайын өнімдерін, меди-



циналық титан өнімдерін әлі шетелден қымбатқа сатып алып жатырмыз. Жаңа медициналық титан импланттарын медицинада қолдана алмай отырмыз. Бұл мәселені, осы титан импланттарын отандық медицинада пайдаланудың мүмкіндіктерін қарастыруды және оны сертификаттау мәселесін Үкімет деңгейінде көтереміз, – деді дөңгелек үстелге қатысқан Парламент Мәжілісінің депутаты Вера Ким өндірістің өңірдің ғылымын дамытуға, жас ғалымдардың жобасын жүзеге асыруға қатысты көтерілген қадау-қадау мәселелердің сөз жүзінде қалмайтынын айтып.

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрайымы Сайрангүл Жұмаділованың айтуынша, ғылымды дамыту – «AMANAT» партиясы жанындағы әйелдер қанаты жұмысының 10 басым бағыттарының бірі болып келеді. Партияның әйелдері қоғамның прогрессивті өкілдері ретінде ғылымды насихаттауға және ғалымдардың мәртебесін арттыруға белсене қатысуда. Өндірісте еңбек ететін әйелдердің еңбек қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау да партия жұмысының маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет тарапынан ғылымға жан-жақты қолдаулар көрсетуді елі-

мізді дамытудың стратегиялық міндеттерінің бірі етіп қойып отыр. Соңғы жылдары ғылыми зерттеулерді мемлекеттік қаржыландырудың көлемін ұлғайту және тетіктерін жетілдіру, ғылыми ұйымдарды кезең-кезеңімен жаңғырту шаралары белсенді жүргізіліп, шетелде тағылымдамадан өтетін жас ғалымдардың саны ұлғаюда, докторантураға және ғылыми зерттеулерге бөлінген гранттар саны артып келеді. Ғылымды дамытуға, жас ғалымдарға қолдау көрсетуге орай қолданыстағы ғылым, білім саласындағы құқықтық-нормативтік заңдылықтарға толықтырулар да енгізіліп жатыр.

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ ректоры Сәуле Рахметуллина кездесуде жас ғалымдарға қолдау көрсету шараларының жалғаса беретінін, жобаларды қаржыландырудың, өндіріске енгізудің мүмкіндіктері қарастырылып, жас ғалымдардың шығармашылығына жағдай жасау жалғасын табатынын атап өтті. Былтыр аталған оқу орнында мемлекеттік «Жас ғалым» бағдарламасымен 290 жас ғалым жеңілдікпен пәтер сатып алған. Қазіргі күні де пәтер алуға құжаттарын дайындап жатқан жас ғалымдар бар.

Кездесу соңында жас ғалымдар «AMANAT» партиясы қатарына қабылданды.

КӨРМЕ

Болашақ суретшілердің сырлы бояуы

✍ Жанаргүл КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Шығыс Қазақстан өнер мұражайында «Креативті АРТ» балалар шығармашылық студиясы оқушыларының «Шығармашылық әлеміне үңілу» атты ұжымдық көрмесі ашылды. Көрме көрермендерінің назарына балалардың кескіндеме, графика, ұсақ пластика және көлемді модельдеу бағытындағы көркем әрі шексіз қиялға толы туындылары ұсынылып отыр.

«Шығармашылық әлеміне үңілу» көрмесі – үш жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Креативті АРТ» студиясының алғашқы ірі іс-шарасы. Бүгінде студияда 130-дан астам бала білім алып жатыр. Олардың 40 пайызы жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру бағдарламасы бойынша тегін оқиды.



Шығармашылық орталық мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалануды қамтамасыз етіп қана қоймай, ата-аналарға өз елінің нағыз патриоттарын тәрбиелеуге көмектесуде. Студияда сурет салудан басқа оқушыларға хореография және қазақ тілі де оқытылып жатыр.

– Бала қиялы шексіз. Бұл вернисаж келушілерге баланың жан-жақты дамуы үшін қаншалықты үлкен мүмкіндіктер, жағдайлар бар екенін көрсетеді. Бейнероликтер және балалардың өздері келушілерге студиядағы шығармашылық атмосфера, сурет әлемі туралы әңгімелейді, би билеп, өлең де оқиды, – дейді мұражайдың экспозициялық көрме жұмыстары секторының меңгерушісі Айжан Кәкімжанова.

Көрмеге қойылған суреттерге қарап, «Креативті АРТ» студиясының жас суретшілері ересектерге арналған ең қиын тақырыпты, сонымен қатар ертегілер иллюстрацияларын, анималистік және пейзаждар жанрларын, Қазақстанның дәстүрлі өнерінің мұрасын, фашистік Германияны жеңудің 80 жылдығына арналған портреттік және сюжеттік жанрларды жетік меңгергенін көруге болады. Болашақ суретшілердің сырлы бояуы көркемдігімен, мағынасымен де көз тартады.

Вернисаж қонақтары «Қағаз модельдеу», «Мүсіндік сынып» және «Кескіндеме» шеберлік сыныптарының жұмысына, сондай-ақ «Креативті фото» байқауына қатыса алады.

«Шығармашылық әлеміне үңілу» көрмесі келушілер үшін 18 сәуірден 27 мамырға дейін ашық.

БИЗНЕС ЖОБА

«Мен – кәсіпкермін»: Жобалар жарысқан күн

✍ Арайлым НЫҒМЕТОЛЛАҚЫЗЫ

📷 Ермек ЖИЕНБЕКОВ

Қазақстан–Американдық Еркін университетіне қарасты Өскемен экономика және техника колледжі, облыстық білім басқармасы мен ШҚО Кәсіпкерлер палатасының қолдауымен студенттер мен оқушылар арасында дәстүрлі «Мен – кәсіпкермін» атты облыстық турнир ұйымдастырылды.



Жарыстың мақсаты – жастарды сүйікті ісін кәсіпке айналдырып, табыс табуға ынталандыру, кәсіпкерлікке бейімділігін арттыру. Биыл байқауға облыс орталығынан және төрт аудандағы 13 колледж бен 14 мектептен 62 өтінім келіп түскен. Оның ішінде 23-і командалық, ал 39-ы жеке орындалған жұмыс. Жобалардың тең жартысы қазақ тілінде, қалғаны – орыс тілінде ұсынылды.

– Біз Нұркен Әлібеков екеуіміз «Құсбегілікті жаңғырту арқылы туризмді дамыту» жобасын дайындадық. Мақсат – ұлттық дәстүрді сақтай отырып, туристерді тарту. Өзім бала кезден құсбегілікпен айналысамын, «Мұзбалақ» атты бүркітім де бар. Бұл арқылы өңірдегі туризм саласын дамытқымыз келеді, – дейді турнирге

қатысушы Айзере Маркс.

Байқау 10 номинация бойынша өтті: әлеуметтік кәсіпкерлік, сауда, қызмет көрсету, өндіріс, шоу-бизнес және мәдениет, технологиялар, білім және цифрлық шешімдер, медицина, туризм және экология. Қатысушылар өз жобаларын сарапшылар алқасының алдында қорғап, креативті идеяларымен көзге түсті.

– Сарапшы ретінде бұл турнирге екінші мәрте қатысып отырмын. Жастардың идеялары өте қызықты, әсіресе «Бьюти-индустрияға» қатысты жобалар. Осындай бастамалар жастарға қанат бітіреді, – деді сарапшылар алқасының мүшесі, «НК» сұлулық академиясының басшысы Назым Қалымжанова.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, 2016 жылдан бері өткізіліп келе жатқан турнир жастарға шабыт беріп қана қоймай, болашақта өз бизнес-терін бастауға алғашқы қадам болып отыр. Үздік жобалар республикалық деңгейде бақ сынасуға мүмкіндік алады. Барлық қатысушылар мен олардың жетекшілеріне дипломдар мен сертификаттар табысталды.

САНАЛЫ ҚАДАМ

Қоғам дертіне қарсы ортақ жауапкершілік

Сыбайлас жемқорлық бүкіл әлемде кеңінен таралған аса қауіпті құбылыс екені мәлім. Бүгінде елімізде сыбайлас жемқорлықпен күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген.



Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымдық қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, сеніп тапсырылған мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау – осының бәрі сыбайластық жемқорлық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл дегеніміз – бұл заңдылық; адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы; жариялылық пен ашықтық; мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану; сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. Оның негізгі мақсаты – қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғам дерті екенін ескере отырып, дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие адам бұл туралы жоғары тұрған басшыға және (немесе) мемлекеттік органның не өзі жұмыскері болып табылатын ұйымның басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабар беруі тиіс.

Осы дерттің ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес – барлық ел азаматтарының міндеті және азаматтық борышы екенін естен шығармаған жөн.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ!

Р. Ахметов

Өскемен қаласының мамандандырылған тергеу сотының аға сот приставы

КӨКТЕМ ШУАҒЫ

Этноауыл, дәстүр, рух: ШҚТУ-дағы Наурыз тойы

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

Шығыс Қазақстан техникалық университетінде Наурыз мерекесі айшықты түрде, ерекше сән-салтанатпен аталып өтті: киіз үйлер, этно-дефиле және «Шашбау-пати» мерекеге келген қонақтарды біріктірді. «Наурыз – береке бастауы» атты кең көлемді мәдени шара білім ордасының аумағын нағыз этноауылға айналдырып, бірлік пен жаңарудың нышанына айналды.

Университет ауласында тігілген тақырыптық киіз үйлер – көне тарихтың үні мен ұлттық рухтың айғағындай. Әрбір үй өз алдына бір әлем: қазақтың кемеңгер ойшылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай әлемі», Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Сағадат Нұрмағамбетовке тағзым ретінде жасалған «Батыр рухы – ел тірегі» композициясы, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Бірлік мекені» киіз үйі көпшіліктің ерекше ықыласына ие болды.

Мерекелік шараның сәнін келтірген ұлттық киімдер шеруі – этно-дефиле, дәмі тіл үйірет «Бауырсақ пати», нәзік



бұрымды қыздарға арналған «Шашбау-пати», сондай-ақ ұлттық ойындар мен спорттық сайыстар жиналған жұртты тәнті етті.

Мерекеге жиналғандар тек тамашалап қана қоймай, ұлттық тағамдардан ауыз тиіп, түрлі байқауларға қатысып, әсем ән мен күмбірлі күйге толы концерттік бағдарламадан рухани ләззат алды.

Шараның басты мақсаты – халқымыздың бай мәдени мұрасын насихаттау, жастарды ұлттық құндылықтарға жақындату және ел бірлігінің маңызын ұлықтау. Ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға алғыс білдіріп, Наурыз мейрамы ШҚТУ қабырғасында тағы бір мәрте ұрпақтар сабақтастығы мен жүректер үндестігін паш еткенін атап өтті.

ЗАҢДЫҚ ТӘРТІП

Қылмыстық процестегі үйқамақ

Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде үйқамақ — бұл процестік мәжбүрлеу шарасы. Ол күдіктіні немесе айыпталушыны қоғамнан оқшаулау арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте олар қамауда ұсталмайды, алайда судья Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (ҚПК) 147-бабында көзделген тәртіппен белгілеген бірқатар шектеулер қолданылады. Аталған шара ҚПК-мен реттеледі.



Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 146-бабына сәйкес, үйқамақ күдікті немесе айыпталушы тұлғаны қоғамнан оқшаулау арқылы, оларды қамауға алмай жүзеге асырылады. Бұл ретте сот мынадай шектеулердің бірін немесе бірнешеуін белгілеуі мүмкін:

- тұрғын үйден мүлдем немесе белгілі бір уақыт аралығында шығуға тыйым салу;
- телефон арқылы сөйлесуге, хат-хабар жіберуге және байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салу (қазіргі тармақтың 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда);
- белгілі бір тұлғалармен байланысуға және кез келген адамды үйіне кіргізуге тыйым салу;
- электрондық бақылау құралдарын қолдану және оларды өзімен бірге алып жүру міндетін жүктеу;

рын қолдану және оларды өзімен бірге алып жүру міндетін жүктеу;

5. бақылау мақсатында телефон қоңырауларына немесе басқа сигналдарға жауап беру, телефон арқылы хабарласу немесе белгілі бір уақытта анықтау органына немесе қадағалау жүргізуші басқа органға келу міндетін жүктеу;

6. күдікті немесе айыпталушының өзіне не оның тұрғын үйіне бақылау орнату, сондай-ақ сол тұрғын үйді немесе үй ретінде белгіленген орынды күзету;

7. күдіктіні немесе айыпталушыны қоғамнан оқшаулау мен тиісінше мінез-құлқын қамтамасыз етуге бағытталған өзге де шаралар.

Қажетті жағдайда күдікті не айыпталушының мінез-құлқын бақылау белгіленеді. Үйқамақтағы тұлғаның белгі-

ленген шектеулерді сақтауын бақылау мақсатында қылмыстық процесті жүргізуші орган тәуліктің кез келген уақытында олардың тұрғылықты жерінде болуын тексере алады. Бұл тексеріс күндізгі уақытта – екі реттен, түнгі уақытта – бір реттен артық жүргізілмейді. Лауазымды тұлғаның үйге кіруі үйқамақтағы адамның және онымен бірге тұратын тұлғалардың келісімімен жүзеге асады және отыз минуттан аспауы тиіс.

Үйқамақты қолдану тәртібі:

1. Бастамашылық: сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші тұлға үйқамақты қолдану туралы сотқа өтініш білдіру жөнінде қаулы шығарады.

2. Өтінішті жолдау: Аталған қаулы және іске қатысты расталған материалдар тергеу сотына жолданады. Өтініш прокурормен келісілген болуы тиіс. Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға да жолданады.

3. Өтінішті қарау: Тергеу судьясы материал сотқа келіп түскеннен кейін 8 сағат ішінде өтінішті қарайды. Нәтижесінде үйқамақты санкциялау немесе санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарылады.

Сот бұлтартпау шарасы ретінде үйқамақты санкциялау мәселесін қарау кезінде күдіктінің жеке басын, жасы мен денсаулығын, отбасылық жағдайын, кәсібін, мүлктік жағдайын және тұрғылықты жерін ескере отырып шешім қабылдайды.

Медициналық қарсы көрсетілмдер болмаған жағдайда, күдіктіге электрондық бақылау құралдарын тағу міндеті жүктелуі мүмкін.

Шағымдану тәртібі:

Үйқамаққа алу шарасына ҚПК-де белгіленген тәртіппен сот тәртібімен шағымдануға болады. Қорғаушы тарап тергеу сотымен санкцияланған үйқамақты өзгерту немесе тоқтату туралы өтініш беруге құқылы.

Ж.Т. Аринов

Өскемен қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы

МАҢЫЗДЫ

Өскеменде автобустар жаңартылмақ

Бұл туралы Өскемен қаласының әкімі Алмат Ақышов баспасөз қызметкерлеріне өткізген брифинг барысында хабарлады.

– Бұл жолы 5 жаңа автобус сатып алдық. Тағы 35 автобус сатып аламыз. Осылайша автобус паркінің 70-75 пайызы толық жаңартылады. Қандай жағдай болмасын ескі көліктер қатарда қалады, – деді Алмат Талғатұлы. Қала әкімі бүкіл автопарк көліктері жаңартылмайынша, ескі автобустар-



дың жүруі мәжбүрлі іс екенін, уақытша шыдамдылық таныту керегін айтты.

ДОДА

TOP WRESTLING LEAGUE 8 турнирі өтті

Өскемен қаласының Жекпе-жек сарайында аты аңызға айналған жаттықтырушы Василий Поповтың 80 жылдық мерейтойына орай еркін күрестен TOP WRESTLING LEAGUE 8 турнирі өтті. Бұл спорттық бәсеке Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.



TOP WRESTLING LEAGUE турнирі әдетте Астана, Алматы қалаларында өтеді. Спорт және мәдениет дамыту басқармасы қоғамдық бірлестігінің Президенті Әлішер Ислам турнирдің Өскемен қаласында, жалпы аймақта бірінші рет ұйымдастырылып отырғанын алға тартты. – Бұл сайыс үш жылда сегізінші мәрте ұйымдастырылып отырған турнир. Өскемен қаласында бірінші рет өнер көрсетудеміз. Біздің формат – жарық пен дыбыстық қойылымдармен, ауылдан шыққан балаларды үлкен аренаға психологиялық тұрғыда дайындау, – деді Әлішер Ислам. Турнирге алты команда қатысты. Семей, Өскемен, Алматы қалалары, Тарбағатай ауданы, Қарағанды, Павлодар облыстарынан келген командалар боз кілемде бақ пен бап сынасады. Спорт-

шылар жеті салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. – Еркін күреспен айналысқаным алты жыл болды. Бүгінгі турнирге екі апта бұрын дайындала бастадық. Өзімізге жеңіс, қарсыластарымызға сәттілік тілеймін, – дейді Алматы қаласынан келген жас палуан Сағымбай Мұхамедәли. Командалық есеппен турнир нәтижесі бойынша бірінші орынды Алматы қаласынан келген палуандар иеленді. Екінші орынды Өскемен қаласы, жүлделі үшінші орынды Павлодар командасы ұтты. Жекелеген номинациялар бойынша турнирдегі үздік лақтыруды тарбағатайлық Оразхан Жалғас орындады. Үздік техниканы Семей палуаны Мұрат Темірлан көрсетті. Best Wrestler атағын Алматыдан келген Сағымбай Мұхамедәли иеленді.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Беларусь трамвайлары әкелінбек

Қала әкімі Алмат Ақышовпен өткен брифинг барысында Өскемен трамвайларының да жаңаратыны белгілі болды.

Трамвайлардың жайсыз күйі баршаға мәлім. Қала басшысы Өскемен тұрғындарының үндеуіне құлақ асып, шаһардың рельсті көлігінің жағдайымен, қызмет көрсетіп отырған мекемемен танысып қайтқан болатын. Кездесу нәтижесінде, Қазақстан көшесінде, сондай-ақ Мыза, Қабанбай батыр және Сағадат Нұрмағамбетов көшелеріндегі, соның ішінде көпір маңындағы трамвай жолдарын жаңарту және қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда 2,7 км рельс пен 1,3 км байланыс сымы ауыстырылғаны белгілі еді. Қала әкімі бүгінгі брифинг барысында трамвайларға қатысты тың мәлі-



меттермен бөлісті. – Қаламыздың сыйлы ақсақалдарының бірі трамвай жағдайын суретке түсіріп жіберіпті. Көлік мекемесінің иесіне

ЖҮЗБЕ-ЖҮЗ

Қала басшысы Мирный кентінің тұрғындарымен кездесті

Өскемен қаласының әкімі Алмат Ақышов Мирный кенті тұрғындарымен кездесті. Белсенділік танытқан Комарова және Шевченко көшесінің азаматтары жол мәселесін, канализация құбырларын ауыстыру, автокөлік жылдамдығына шектеу қою туралы сұрақтарына жауап алды.



Комарова көшесінің жолы әбден тозған. Қай заманда салынғаны белгісіз. Ұзындығы 470 метр көше жолы ортасынан ойысып тұрғындардың мазасын қашырған. Ал көше соңында үлкен шұңқыр пайда болып, не адамдардың, не көліктің өтуіне жайлы жағдай жоқтығынан көп кедергі келтіреді. – Жолға асфальт төсейміз. Ескі ағаштарды кесеміз. Тұрғындардан сұрайтынымыз тазалық шұңқырларының кедергі келтірмеуі. Көшені біраз

кеңейтеміз. Жұмыс сапасын өзіміз де тексеретін боламыз. Бірақ, тұрғындар да қадағалауы керек – деді тұрғындарға Алмат Ақышов. Шевченко көшесінде тас жол мүлдем болмаған. Сонымен қатар тұрғындары жиі жарылатын су құбырларынан шаршағанын айтты. Құбырлар жөндеуге жарамайды, сондықтан оларды жаңарту керек. – Құжаттарды тіркеп, ұжымдық арыз беріңіздер. Барлығын есептеп, монополияға қарсы комитеттің тыңдауына шақырамыз, – деді «Өскемен Водоканал» мекемесінің директоры Ержан Әубәкіров. Тұрғындардың қала әкіміне жасаған тағы бір өтініші – балаларға арналған ойын алаңдарын салу. Өйткені бүлдіршіндер мектеп ауласына барып ойнайды екен. Бірақ ол жерде ойын алаңы жоқ. Қала әкімі бұл сұрақты бейжай қалдырмайтынын, мектеп ауласын зерделеп, тиісті жұмыстарды жүргізетінін айтты. Сол сияқты Шевченко көшесіне қиыршық тас төгіліп, келесі жылы жол салу жағдайлары қарастырылатыны айтылды.

ШАҺАР

Қасбеттерге өң кіруде

Назарбаев көшесінің бойындағы үйлердің қасбетін жөндеу жұмыстары басталды. Металлург саябағынан Комендантка көпіріне дейін 14 үйде жұмыстар басталып кетті.

– Үйлердің келбетін тұрғындар сынға алуда. Әлбетте, орталық көше болғандықтан қонақтарымызға жағымды әсер қалдыруы тиіс. Сондықтан тек сапалы материалдар қолдануымыз керек. Бұл жолы қатаң бақылауға аламыз,

– деді қала басшысы. Даңғыл бойындағы кейбір үйлер кепілдік бойынша жөндеуден өтеді. Сапасыз бояулар көп ұзамай түсіп қалуда. Кейбір үйлер тіпті үшінші мәрте сырланып жатыр.



менеджер мемлекет пен ел игілігі үшін жұмыс істеп жатса, пайдалы қызмет атқаруы керек. Алмат Талғатұлы мекеме басшысына арнайы тапсырма бергенін, егер міндет ойдағыдай атқарылмаса, қызметінен босатылатынын қадап айтты. Сол сияқты, қала басшысы трамвай жолдарын жөндеу тұрғысына тоқталды. – Қосымша, үш жаңа трамвай әкелінеді. Тапсырыс берілді. Шілдеге дейін тағы үш трамвай қатарға қосылады. Барлығы 18 трамвай қала сұранысын қанағаттандырады. Бір трамвайдың бағас 350 миллион теңге. Өте қымбат. Сондықтан кезең-кезеңімен жаңартамыз. Трамвайлар Беларусь елінен әкелінеді. Қала сәнін ашады деп ойлаймын – деді қала әкімі. Шаһар басшысы трамвай паркін басқаруға келгенде Павлодар қаласының тәжірибесін негізге алатынын және көрші облыс орталығының бұл салада жетістіктері барын атап өтті.

ҰЛАҒАТТЫ ҒҰМЫР

Ғасырдың құрдасы, заманның сырласы

Соңғы уақытта «Экологияның салдары ма, әлде қыспағы молайған тірліктің кесепаты ма, әйтеуір адамдардың ғұмыры қысқарып кетті. Бұрынғыдай ұзақ жасаған адамдар бүгінде жоқтың қасы» деген пайымдар жиі айтылып, мұның өзі көңілге шынымен үрей енгізіп, көпшілікті кәдімгідей алаңдататын болды.

Шынымен де ой жүгіртіп, сарапқа салар болсақ, бүгінде өлім-жітім жиілеп кетті. Әсіресе ұшқыр көлікке мінген жастардың апатқа ұшырауы ұшынып тұр. Ол туралы төбеде жай түсіргендей сұмдық бейне-хабарларды күнделікті естіп-көріп жатамыз. Бұл, әрине, жақсылық емес, бірақ «Адам ғұмыры толайым қысқарып кетті!» деген сөзге келіскіміздің келмейтіні де рас. «Көп» деп айтпай-ақ қояйық, дегенмен, 80-90 асып, бұл пәниден мәуелі бәйтеректей жапырағын кең жайып өтіп жатқан адамдар баршылық.

ӘКЕДЕН АЛҒАН АҚ БАТА

Ал 100-ге толып, тұтастай бір ғасырға куә болып отырған адамдар жайлы не айтқан болар едік? Ондай адамдар ілуде біреу болса да, бар ғой?! Міне, мен әңгіме желісін осындай бір ұрпақты да ұлағатты, ғұмырлы да тұғырлы, асыл да ардақты анадан бастағалы отырмын.

Мамыр айының бірінде қазіргі кезде Зайсан қаласында тұрып жатқан көненің көзі, тарихтың өзі Қайыпжамал Нұғыманқызы атты әжей тура 100 жасқа толғалы отыр. «Құжаттан қате кеткен болар, қосып жазған шығар» деп жата-тынымыз бар ғой мұндайда. Ал бұл кісінің жасы ешқандай қоспасыз, қатесіз анық жазылған. Сонымен бірге балаларының жасы, өмірбаяны бұл ақиқатты қапысыз растап отыр. Құлағының тосаң тартқаны болмаса, әжейдің әлі күнге дейін санасы сергек, көңілі ашық. Жөн

сұраған жанға айтар жауабын кәдімгідей жұптап, тиянақтап жеткізеді. Ас ішуі, үй ішінде арлы-берлі жүріп, қимыл жасағаны да көңілге қонарлықтай деңгейде.

Қайыпжамал Нұғыманқызы 1925 жылдың мамырында екі ел арасындағы жер бөлісі кезінде Қытай мемлекетіне қарап кеткен Дөрбілжің қаласы маңында дүниеге келіпті. Әкесі Нұғыман сол төңіректегі ауқатты да, беделді адамдардың бірі болған екен. Соған орай Қайыпжамал апамыз тоқшылықта өмір сүріп, қалаған ісімен айналысуға мүмкіндік алған. Балдырған қыз сегіз жасынан ораза ұстап, намаз оқыған, дінге деген жолды берік ұстанған. Әлі күнге дейін (92 жыл бойы) осы әдетінен жаңылмай келе жатқаны - осының айқын айғағы.

Сонымен қатар ес біліп, етек жапқан кезінен бастап істігуге ден қойған талапты қыз кейіннен құндыз бөрік, түлкі тымақ, қасқыр ішік, сондай-ақ, балалар киімін тігетін болған. «Он қолы оймақ бойжеткен» атанған Қайыпжамалға маңайдағы елден тапсырыстар көптеп түсіп, жоғары талғаммен тігілген бұйымдар лайықты бағасын алып отырған екен.

Жасы жеткен шақта әкесі Қайыпжамалды өзі қалаған бір жігітке ұзатып, той-томалағын жасап, отау тігіп береді. Олар көп ұзамай Бәтима атты қыз бала сүйіп, ата-ана атанады. Бірақ, тағдырға не шара, көп уақыт өтпей күйеуі аяқ астынан қайтыс болып, ол жастай жесір қалады. Апамыздың бірге туған іні-сіңлілері баршылық



...Елдің іргесі сәгілмеді,
Ырысы төгілмеді.
Замандарың тынышты,
Дастарқандарың ырысты болсын...

екен. Солар қаяқкөңіл әпкелеріне барынша көмек көрсетіп, қолдау-демеу жасаумен болады. Олардың біреуі сол өңірге аты шыққан айтулы әнші, әйгілі ақын екен. Қайыпжамал апаның тоғыз баласының сегізіншісі Серіктің (белгілі айтыс ақыны Серік Құсанбаев) сол нағашысына тартып, танымал ақын болғаны даусыз. Әйтпесе қуаң жерге шөп шықпайтынын әркім біледі.

Зайсан өңіріндегі Жарсу ауылының тумасы Сәдуақас деген еті тірі азамат жиі-жиі Қытайға өтіп, одан бері тауар тасып, үнемі сауда-саттықпен, алыс-беріспен айналысып, тіршілік жасап жүреді екен. Оның да бала-шағасы әлдеқандай қатерге ұшырап, бақилық болып кеткен көрінеді. Жастай қалған қызының келешегін ойлаған Нұғыман қарт жасы ересектеу болса да, біраз уақыт сырттай бақылай жүріп талабы зор жігітке сенім артыпты. Сөйтіпті де күндердің бір күнінде, «Балам, егер мен кісі танысам, осы азамат саған ештеңеден таршылық көрсетпейді, тартынбай етегінен ұста. Әкелік батамды бердім!» деген екен.

Әке сөзін жерге тастай алмаған Қайыпжамал келісімін береді. Сөйтіп, ол Қосанбайұлы Сәдуақаспен жұптасып, өз алдарына шаңырақ көтереді. Алғашқы перзенттерінің атын «Болашақтан үмітіміз зор ғой» деп, Үмітхан қойған екен. Екінші балаларын «Азат елдің азаматы болсын!» деген ниетпен Азатбек деп атайды.

АМАН БОЛСЫН, АЛТЫН ҚҰРСАҚ АНАЛАР!

1955 жылы Қытай өкіметі қолында кеңес мемлекетінің төлқұжаты бар қазақтарға қысқа мерзім ішінде Кеңестік Қазақстанға өтуге рұқсат береді де, Сәдуақас пен Қайыпжамал бала-шағасымен дереу жолға шығады. Көшкендердің алдыңғы дүрмегі әлдеқандай себептермен Қырғызстанға шығып кетсе керек. Онда бірер жыл тұрған соң, Қазақстанға көшуге рұқсат алған олар поезбен келіп, темір жол стансасы - Аягөзге табан тірейді. Осылайша біртіндеп жылжи келе ерлі-зайыпты Қосанбаевтар Зайсан қаласына жетіп, ор-

нығады.

Бір тірлік жасамай, қол қусырып отыра алмайтын Сәдуақас келе сала Зайсанның орталығынан өз күшімен үй тұрғыза бастайды. Сөйтіп, 1963 жылдың қыркүйегінде дүниеге келген Серіктің қырық шелпегі осы жаңа үйде қоныстоймен бірге тойланған екен.

Бұған дейін «Советімізге оралдық» деп 1955 жылы туған қыздың атын Совет деп қойған ата-ана одан кейін дүние есігін ашқан қызды Күлімхан, келесісін Гүлшат деп атапты. Серіктің айтуынша, Күлімхан мен Гүлшаттың арасында Ахмет деген ұл болған секілді, бірақ ол бала жастай қайтыс боп кетіпті. Бұл кезде Сәдуақас ақсақалдың жасы 61-де болса керек. Ол 64 жасында Еркін деген ұл сүйіп, тағы бір перзентті өмірге келтірген екен. Іскер де алғыр, табанды да қайратты қарт 78 жасында өмірден өтіпті.

Адал жар, ардақты ана бола білген Қайыпжамал апамыз балаларына саналы тәрбие, тиянақты тәлім берді. Балалары да шетінен өнегелі, елге сыйлы, жұртқа жағымды жандар болып жетті. Әрқайсысы өмірден өздеріне лайықты орын тауып, бір-бір мақтаулы шаңырақтың иесі атанды.

- Өз басым өмірімде анамның біреумен жүз шайысып, әлдекімге дауыс көтергенін естіген емеспін, - дейді Серік Сәдуақасұлы. - Ол кісі жазды күндері үйдің көлеңке жағына дөңгелек үстел қойғызып ап, көне іс мәшинесімен қашан көрсем іс тігіп отыратын. Іс тігіп отырып, ыңылдап ән салатын. Анамның жиі айтатын әні «Бүлдірген, қандай жақсы туыстармен бір жүрген» деп келетін халық әні болушы еді. Туыстарының бәрі Қытайда қалып, солардың көпшілігін көре алмай, арманда қалған жарым көңіл анам жабырқаған жанын осы әнімен жұбататын болар?! Кезінде анама арнап «Бүлдірген» деген өлең де жазған болатынымын.

Секеңнің бұл өлеңін мақалама қоса келтіргенді жөн көрдім де, қолма-қол көшіріп алдым.

Көненің көзі, асылдың сынығы, ел өмірінің тұтас бір ғасырын көзімен көріп, көңілімен түйсініп келген қарт ана артық-

кемі жоқ 100 жасқа толды. Бұл жайдың облыс демейін, Зайсан ауданы үшін ерекше бір айтулы мереке екеніне ешкім дау айта қоймас. Ғасыр жасаған ғибратты да ғажап тағдырлы адам екі үйдің бірінде отырған жоқ қой.

Сөз соңында айтарым: Асыл ана, Сіздің ұрпақтарыңыз кішігірім бір ауыл болып отыр. Осынша жаңға тірлік берген, оларды өсіріп-жеткізген Сіздің еңбегіңіз ұшан-теңіз!

Сол еңбегіңіз бұл дүниеде қайтпаса, ана жақтағы мәңгілік өмірде өтеуін тапсын! Ортамызда отыра беріңіз, Сіздей қажырлы да қайратты, бақытты да бақуатты анамыз бар деп күн сайын мақтанып жүрейік.

Ұрпағыңыздың қызығын армансыз көріңіз!

Сізге алғыс айта отырып, Сізден тараған қауымға барлық игілік пен жақсылықты тілейміз!

PS. Айтыстың ақтаңгері Серік Құсанбаевтың анасына арнаған өлеңі...

БҮЛДІРГЕН

Бүлдірген,
қандай жақсы туыстармен бір жүрген...

(Халық әні)

Біздің елде көп өсетін бүлдірген,
Ойнап жүріп, үзіп жеуші ек бір-бірден.
«Бәрі осы бүлдіретін - бүлдірген»
деп үлкендер бізді талай күлдірген.

Көкжиегін нұрға малып, Күн күлген,
Біздің елде көп өсетін бүлдірген.
Кей күндері іс тіккенде анашым,
Ыңылдайтын әні еді «Бүлдірген».

«Бір күн озып барады - деп - бір күннен»,
Ыңылдайтын анам сонда мұңды үннен.
Айырылып көрмеген соң туғаннан
Сағыныштың не екенін кім білген?!

Қол-аяғы шыматылған шынжырмен
Ел қадірін есіктегі құл білген.
«Бүлдірген» деп күрсінетін анашым,
Туғандары түсіне еніп, бір-бірден.

Кімдер жылап, бұл жалғанда кім күлген,
Ертең қандай күн туарын кім білген?!
Белгілісі - тұтас елдің тағдырын
Отаршылдар ойран салып, бүлдірген.

Қарға-құзғын бақталасса бұлбұлмен,
Мәстек ерлеп, оза шапса дүлдүлден.
Соның бәрі - бір жымысқы саясат,
Елдің ішін алатайдай бүлдірген.

Көкжиегін нұрға малып, күн күлген,
Біздің елде әлі де бар, бүлдірген.
Жер шарына шашырамай, тарыдай,
Қандай жақсы - күллі қазақ бір жүрген!..

Хасен Зәкәрия,
Құршім ауданы.



МӘДЕНИЕТ

Сазгер Талғат Әбішев: «Африкалықтар домбыраны тез меңгеріп алды»

Еліміздегі түрлі этностардың арасындағы достық пен ынтымақтастықтың маңызы зор. Бүгінде өзге ұлт өкілдерінің қазақтың рухани-мәдени құндылықтарына, оның ішінде музыкасына деген сүйіспеншілігі ерекше байқалып келеді. Әсіресе, төл аспабымыз – домбыра өзінің ерекше үнімен әлемге кеңінен таныла бастады.

Өткенде домбыраны күм-бірлесте шертіп отырған қара нәсілді азаматтардың видеосы әлеуметтік желіде кеңінен таралып, көпшіліктің назарын аударғаны бар. Бұл ерекше көрініс ұлттық мәдениетіміздің бірегейлігін тағы бір мәрте дәлелдегендей болды. Бейнероликтегі домбыраның әуені мен шетелдіктердің шеберлігі талайды таңқалдырғаны сөзсіз. Әріптестеріміз де бұл туралы жарыса жазды. Алайда аталған жігіттерге домбыра шертуді үйреткен өскемендік музыкант, сазгер Талғат Әбішевтің бұл еңбегі тасада қалғандай көрінді. Сондықтан Бірлік күні қарсаңында біз қазақтың қара домбырасын дәріптеп жүрген ұстаздан сұхбат алған едік.

БАЛАҒА «ҚОЛЫҢНАН КЕЛМЕЙДІ» ДЕУГЕ БОЛМАЙДЫ

– Талғат Асылханұлы, сіздің өміріңіздегі домбыраның орны қандай? Домбырамен алғаш қалай таныстыңыз?

– Мен Ұлан ауданының Жоғарғы Тайынты ауылында дүниеге келгенмін. Сол жерде біздің Әбішевтер отбасылық ансамбліміз болды. Әке-шешемнің қасында жүріп, алты жасымда, бірінші сыныпқа барған кезімде, әкемнің домбыра тартқанын көріп қызығып, алғашқы домбыраны сол кісіден үйрендім.

Кейін Мамай ауылына көшіп бардық. Сол уақытта мен Өскемендегі Ленин атындағы мектеп-интернатта оқыдым. Сол интернатта Қанайбек Алдашев ағамыз ансамбль ұйымдастырып, мен сол ансамбльде домбыра тартуды жалғастырдым. Ол кісі маған көптеген күйлерді үйретті. Сонымен қатар отбасылық музыкалық тәрбиемді ескеріп, музыка мектебінде бір жыл ғана оқығаным қарамастан, үлкен қолдау көрсетті. Қанайбек Тәжібайұлы басқа жаққа ауысса да домбырадан қол үзбедім. Университетте оқығанда негізгі аспабым баян болса, домбыра қосымша аспап ретінде жүрді.

Кейіннен «Мұрагер» бағдарламасы аясында балаларға домбыра үйретуді қолға алдық. Абдулхамит пен Сайра Райымбергеновтер сынды ұстаздардан балаларға домбыра шертуді, нотамен жұмыс істеуді үйретудің әдістемесін меңгердік. Содан бері жиырма жылдан астам уақыт бойы балаларға домбыра үйретіп келемін.

– «Мұрагер» бағдарламасының басты ерекшелігі неде? Неге дәл осы әдісті таңдадыңыз? Домбыраны нотасыз үйрету жүйесі балалар үшін қаншалықты тиімді?

– «Мұрагер» бағдарламасының басты ерекшелігі – оның авторы Абдулхамит Райымбергеновтің арнайы дайындаған авторлық әдістемесінде. Бұл кісі

Құрманғазы, Тәттімбет, Мәди сияқты бұрынғы ұлы күйшілеріміздің дәстүрін жалғастырып, нотасыз, яғни есте сақтау қабілеті арқылы, көзбен көріп, құлақпен естіп үйренетін әдісті қолданған.

Бағдарламаның тағы бір артықшылығы – балаларды алдын ала іріктемей, сынып бойынша түгел қабылдап, бірден күй үйретуге көшуінде. Яғни, бір сыныпты толық қабылдап, ішінен тек дарынды балаларды таңдамаймыз. Бірінші сыныптан бастап жетінші сыныпқа дейінгі аралықта тек домбыра тарту ғана емес, аңыз күйлер мен олардың шығу тарихы, күйші өмірі сияқты тақырыптар да қамтылады. Балаларға әр күйдің шығу тарихын әңгімелей отырып, оның мағынасын түсіндіре отырып үйретеміз.

Бағдарламада әр сыныпқа бір күй және екі әннен жоспарланған. Әрине, барлық бала бірдей тез меңгеріп кете алмайды. «Бес саусақ бірдей емес». Кей балалар тез қабылдайды, кейбіреулерге көбірек уақыт қажет. Бірақ біз ешкімді шектемейміз. Барлық баланы қатар алып жүреміз. Мысалы, биыл бір бала күйді ойнай алмаса, келесі жылы қолы жүре бастайды. Үшінші жылы жақсы шертетіндер қатарына қосылып, төртінші жылы үздік орындаушылардың біріне айналуы мүмкін.

Егер сол сәтте балаға «сенің қолыңнан келмейді» деп тосқауыл қойсақ, ол баланың домбыраға деген қызығушылығы мүлде жоғалуы мүмкін. Сол себепті әр баланы ынталандырып, қатарда ұстау – бұл бағдарламаның ең тиімді тұстарының бірі.

– Қазіргі кезде Өскеменде және өңірлерде «Мұрагер» бағдарламасымен жұмыс істейтін домбыра сыныптарының көбеюі негізгі білдіреді?

– Иә, қазіргі уақытта көптеген мектептерде бұл бағдарлама қолданысқа енді. Ал сол кезеңде Өскеменде тек №16 және №20 мектептер ғана жұмыс істейтін. Алғаш рет «Мұрагер» бағдарламасымен домбыра сабағы №16 мектепте өткізілді. Сол мектепте өткен семинарға қатысып, домбыра үйретудің әдіс-тәсілдерін көріп, өзім жұмыс істейтін №3 мектепке енгізуді ұйғардым. Ол кезде мен мектепте музыка пәнінен сабақ берумен қатар, тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары қызметін атқарып жүрдім.

Директорым да бұл бағдарламаның қазақ балалары үшін қажеттілігін түсініп, біз қаламыздағы екінші мектеп болып осы бағдарламаны қолға алдық. Сол кезден бастап домбыра үйретуді №3 мектепте бастадым. Кейін семинарлар ұйымдастырып, басқа қазақ

мектептеріне де «Мұрагер» бағдарламасын таратуды қолға алдық. Бүгінгі таңда Өскемендегі бірқатар қазақ мектебінде бұл бағдарлама негізінде жұмыс жүргізіліп жатыр.

Өзім еңбек ететін «Жұлдыз» өнер мектебінде де домбыра мұғалімдері осы бағдарламамен сабақ беріп келеді. Әсіресе атап өткім келетіні – сол мектептің директоры Дархан Қасенов. Ол кісі «Мұрагер» бағдарламасының жалпы білім беретін мектептер үшін маңызын түсініп, Павлодарда өткен семинарға қатысып келген соң, өңірімізде бастамашы болды.

«ГҮЛДЕР» ӘНІН ЕКІ-АҚ АЙДА ҮЙРЕНІПТІ

– Сонау Африкадағы Уганда елінен келген азаматтар – Николас Каемба мен Алиу Муантагаға домбыра үйреткеніңізді былайғы жұрт жақсы біледі. Шетелдік азаматтарға қазақтың ұлттық аспабын меңгертуде қандай қиындықтар болды? Ағылшын тілін білмегеніңіз кедергі келтірді ме, әлде керісінше жаңа бір тәжірибе болды ма?

– Иә, «Нұрорда» мектебінде жұмыс істеп жүрген кезімде екі африкалық ұстаздың домбыра сабағына қызығушылық танытқаны байқалды. Сабаққа қатысып отырғандағы көзқарастарынан-ақ домбыраға деген ерекше ықыластарын байқадым. Сол кезде оларға ұсыныс жасадым «Үйретейін бе?» деп. Қуана келісті.

Содан кейін аптасына бір рет жиналып, домбыра үйрене бастадық. Әрине, тіл мәселесі мен үшін аздап қиындық тудырды. Себебі екеуі де ағылшын тілінде сөйлейтін, акценттері де әртүрлі. Сол себепті үйрету жеңіл болу үшін халық әні – «Гүлдер» әнінен бастадық. Әннің сөздерін WhatsApp арқылы жіберіп отырдым. Алдымен ән мәтінін жаттады. Содан кейін әнмен бірге орындау әдісін көрсеттім. Екі айдың



ішінде «Гүлдер» әнін толық үйреніп алды. Осы еңбектеріміздің нәтижесін түрлі БАҚ-тар жарыса жариялады.

Кейін «Тепенкөк» күйінің бастауыш бөлігін үйреттім. Қазіргі кезде ол мектептегі жұмысымнан кетіп қалғаныма қарамастан, олар әлі де домбыраны үйреніп жүр. Қазір Еділ есімді ұстаз ақырындап әрі қарай оқытып жатыр. Тіпті «Келіншек» күйін ақырын ойнап жатқандарын да естіп жатырмын. Бұл – нағыз ықыластың, ұлт аспабына деген шынайы құрметтің белгісі.

– Сіздің ойыңызша, қазақтың ұлттық музыкасын шетелдіктер неге жақсы қабылдайды?

– Қазақтың ұлттық өнеріне шетелдіктердің ықыласпен қарап, жақсы қабылдауы қуантарлық жағдай. Әсіресе, «Нұрорда» мектебінде жұмыс істеген африкалық ұстаздардың қызығушылығы ерекше болды. Бұл кісілер Өскеменге келісімшартпен төрт-бес жылға келген екен. Бұған дейін Қырғызстанда қызмет атқарған.

Николас есімді ұстаздың айтуынша, қай елде жүрсе де, сол елдің салт-дәстүрін құрметтеуге тырысады. Наурыз мерекесінде Николас қазақтың «Қара жорғасын» билеп, ұлттық мейрамға ерекше ықылас танытты. Жалпы, Африка елдерінен келген азаматтардың музыкаға деген қабілеттері

жоғары екенін байқадым. Барабан мен дауылпазды шеберлікпен соғуы, ырғақты дәл ұстауы олардың бойында музыкалық естудің жақсы дамығанын көрсетеді. Әуенді тез қабылдап, жаттап алады.

ӨСКЕМЕНДЕ ЕКІ ЖҮЗ БАЛА КҮЙ ШЕРТПЕК

– Болашақта өзіңіз армандайтын бір жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі болса, ол қандай болар еді?

Арманым – домбыра шертуді әр балаға үйрету. Мейлі, ол ертең қарапайым жұмысшы болсын, мейлі мұғалім болсын, мейлі басқа бір маман иесі болсын – ең бастысы, домбыра үні жүрегінде жатталып қалса екен. Шетелде жүрсе де, елден жырақта жүрсе де, қазақ екенімізді тілімізбен, өнерімізбен, осы қара домбырамен дәлелдей алсақ, бұдан артық арман жоқ.

Әрине, бәрі кәсіби домбырашы болсын деген мақсат жоқ. Бірақ бас қосылған жерде домбыра шертіп, бір күймен елін еске түсіріп отырса – сол жетістік. Кім біледі, бүгінгі балалардың арасынан ертең Димаштай әлемді мойындатқан бір талант шықса, немесе Нұрғиса Тілендиевтей дара тұлға өсіп шықса, сол бала бір сәтте: «Осы жолды маған алғаш үйреткен Талғат ағай еді» – деп айтса, мен үшін одан асқан бақыт жоқ. Арман деген – осы. Сол арманның оннан біріне жетсек те, шүкір деймін.

– Қазақстан халқының бірлігі күніне орай тілегіңізді айтсаңыз.

– Елімізде тату-тәтті, бейбіт өмір сүріп жатқан жүз отыздан астам ұлт пен ұлыс өкілдері ауызбіршіліктің жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Біз де осы мерекеге өз үлесімізді қосып жатырмыз. Білім басқармасы және Өнер мектебінің бастамасымен 1 мамыр күні алаңда екі жүз бала бір мезгілде күй орындамақ. Қазір осы шараға қызу дайындық жүріп жатыр.

Көздегеніміз – балалардың өнерін халыққа паш ету. Бұл – бірлікті нығайтатын, рухты көтеретін маңызды шара. Келе жатқан мереке құтты болсын!

– Рақмет! Еңбегіңіз жана берсін!

Сұхбаттасқан –
Ержан КЕҢЕСҰЛЫ



ТӘРТІП

Кәсіпкер мүддесін қорғау – негізгі міндетіміз

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында кәсіпкерлікті ұлттық экономиканың қозғаушы күші ретінде ерекше атап келеді. Осыған орай, елімізде бизнес өкілдерін жан-жақты қолдауға бағытталған нақты қадамдар жасалуда. Бұл ретте кәсіпкерлікті заңсыз тексерістерден қорғау, олардың құқықтарын қорғау – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі.

Кәсіпкерлерді қолдауға және қорғауға бағытталған заңдардың қолданылуын қамтамасыз етуге Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті атсалысуда.

Департамент кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік бақылаушы органдардың заңсыз араласуынан кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау барысында Қазақстан Респубикасының заңнамасын бұзғандығы анықталған жағдайда тексеруді тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тартуды қолдану құқығын пайдаланады.



saigez.kz

Атап айтқанда, 2024 жылы тексеруді тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тарту құқығы 21 жағдайда қолданылған, оның ішінде кәсіпкерлерге қатысты 14 тексеру анықталған.

Департамент 2024 жылы облыс деңгейінде мемлекеттік бақылаушы және қадағалау органдарының басшыларының атына 18 прокурорлық қадағалау актісін енгізді. Заңсыз тексерулер саны – 37. Тексеру заңдылығын сақтамағаны үшін 50 лаузымды тұлға жауапқа тартылды, оның ішінде 36 тұлға тәртіптік, 14 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар «App Store» және «Google play» маркетплейсі арқылы кәсіпкерлерге арналған «Qamqor» мобильді қосымшасын жүктеу арқылы алдағы тіркелген тексеру және тексерулер жүргізу мерзімдері туралы толық ақпаратты алуға болады.

Қазіргі уақытта республика бойынша мобильді қосымшаның 106 мыңнан аса тіркелген пайдаланушысы бар, оның ішінде Шығыс Қазақстан облысында 5 мыңға жуық пайдаланушы тіркелген.

Осы бағытта Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменттің алға қойған мақсаты – кәсіпкерлердің конституциялық құқықтарын қорғау, Конституцияда және ҚР заңдарында белгіленген кепілдіктердің орындалуын қамтамасыз ету.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті

ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

Заң үстемдігі – әділетті Қазақстанның негізі

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ
📷 Ермек ЖИЕНБЕКОВ

Шығыс Қазақстан университетінде ел Конституциясының 30 жылдығына орай «Конституциялық заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету – құқықтық мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі ретінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияның басты мақсаты – конституциялық құндылықтарды терең зерделеп, оларды қоғам өміріне тиімді енгізудің жолдарын ұсыну болды. Басқосуға ҚР Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров, облыстық соттың төрағасы Манат Комиршинов, облыстың бас прокуроры Алмат Байшулаков, облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы Денис Шакенов, жоғары оқу орындарының профессорлары мен сарапшылары қатысты.

ҚР Конституциялық соты төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов өз баяндамасында елімізде төрт ауқымды конституциялық реформа жүргізілгенін атап өтіп, 2022 жылғы реформа – Конституциялық соттың құрылуы секілді маңызды өзгерістерге жол ашқанын айтты.

– Бүгінгі жиынның мақсаты – құқықтық реформаларды нақты ұсыныстармен толықтыру. Конституциялық құндылықтарды өмірге енгізу оңай шаруа емес, бұл барша заңгерлер мен құқық қорғау органдарының бірлескен еңбегін талап етеді. Қазіргі таңда Конституциялық сотқа 10 000-нан астам азамат жүгінді. Азаматтар заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін анықтау мақсатында өтініштер жолдаған. Сот 70 түпкілікті шешім қабылдаса, соның ішінде 16 жағдайда заңдарға ресми түсіндірме беріліп, 32 жағдайда Үкімет пен мемлекеттік органдарға заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар жолданды. Бұл Конституциялық соттың азаматтардың құқықтары мен бостан-



дықтарын қорғаудағы маңызды тетігіне айналғанын көрсетеді, – деп атап өтті Бақыт Маратұлы.

Баяндамашы өз сөзінде нақты мысалдарға тоқталды. Мүгедектігі бар азамат поездға отырар кезде өзінен мүгедектігін растайтын құжатты сұраған жолсеріктің іс-әрекетіне шағымданыпты. Арызданушы ондай құжатты билет алғанда көрсеткенін айтқан.

– Бір қарағанда жолсерік те ережеге сәйкес әрекет етті. Азаматтың арызы Конституциялық сотқа қаралғаннан кейін, талдай келе, еліміздің Бас көлік прокуратурасы осы талапты ережеден алып тастады. Бұл мүмкіндігі шектеулі жандардың емін-еркін сапарлауына мүмкіндік береді, – деді төрағаның орынбасары.

Конституцияға енгізілген өзгерістердің тәжірибеде жүзеге асу деңгейін талқылаған сарапшылардың бірі – конституциялық реформаларға тікелей қатысқан, жұмыс тобының мүшесі М.Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ құрметті профессоры, заң ғылымдарының докторы Сара Идырышева болды. Ол өз сөзінде құқықтық және саяси ғылым салаларында жаңа конституциялық нормалардың іске асу мәселелері әлі де жан-жақты зерттеуді қажет ететінін айтты. Оның пікірінше, дәл осындай халықаралық форматтағы ғылыми кездесулер конституциялық жаңашылдықтарды талқылауға арналған тиімді

платформа болып табылады.

Бас прокурордың Конституциялық соттағы өкілі Талғат Адамов өз сөзінде Конституцияның азаматтық құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз етудегі рөліне тоқталды.

– Еліміздің негізгі заңына сәйкес, ең қымбат қазына – адам және оның құқықтары. Сондықтан құқықтық тәртіп пен әділеттілік – басты ұстаным болуға тиіс, – деді ол.

ШҚУ ректоры Мұхтар Төлеген конференция барысында Конституциялық сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұхановтың осы оқу орнының түлегі екенін атап өтті. Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін университет қабырғасында үш жыл еңбек еткен Бақыт Нұрмұханов оқу орнына ризашылығын білдіріп, Ата Заңның зағип жандарға арналған арнайы нұсқасын университет кітапханасына табыстады.

– Бұл сыйлық – инклюзивті білім беруге қосқан үлесіміздің бір көрінісі, – деді Бақыт Маратұлы.

Конференция ұйымдастырушыларының сөзіне қарағанда, жиын аясында ұсынылған ғылыми пікірлер мен бастамалар конституциялық заңдылықты жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғау бағытында маңызды негіз болмақ. Мұндай кездесулер құқықтық мемлекеттің тұрақты дамуына жаңа серпін береді.

ТЕКСЕРІС

Заңсыз бекітілген тариф алынып тасталды

✍ Ержан ӘБІШ

Самар ауданында әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды шешім қабылданды. Прокуратураның қадағалау актісі негізінде әлеуметтік жағынан осал топтарға қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару тарифіне жеңілдіктер қарастырылды. Бұл өзгерістер тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы заң бұзушылықтарды жою нәтижесінде жүзеге асты. Жаңа тәртіп жыл басынан күшіне енді және мыңдаған тұрғынға нақты көмек болмақ.

Аудандық прокурорлар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы заңдылықтың сақталуын тексеру барысында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму бойынша тарифтің заңға сәйкес бекітілмегенін анықтаған. Атап айтқанда, қолданыстағы тарифті 2013 жылдан бері ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі өз бетінше белгілеп келген және бұл Экологиялық кодекс талаптарына қайшы болған.

Қадағалау органы араласқаннан кейін бұл заңбұзушылық жойылып, аудан

мәслихатының шешімімен ресми тариф бекітілді. Сонымен қатар прокуратура бастамасымен әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға жеңілдік қарастырылған.

Атап айтқанда, еңбек ардагерлері, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, көпбалалы аналар мен отбасылар, жетім балалар және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 29 жасқа дейінгі жастар үшін қызмет құнына 50 пайыздық жеңілдік ұсынылды. Ал зейнеткерлер мен II топ мүгедектері үшін 25 пайыздық жеңілдік бекітілді. Ұлы Отан соғысының ардагерлері бұл қыз-



мет үшін ақы төлеуден толығымен босатылды.

Жаңа жеңілдік осы жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді және 4 мыңнан астам адамға, яғни аудан халқының 34 пайызына қолжетімді. Қазіргі уақытта қалдықтарды шығару қызметін көрсететін мекеме жеңілдіктерге құқылы азаматтардан қажетті құжаттарды қабылдауды бастап кетті.

Бұл бастама – әлеуметтік әділеттілікті нығайту мен халықтың әлсіз топтарына нақты қолдау көрсету жолындағы маңызды қадам.

Марқакөлді қандай өзгерістер күтіп тұр?

✍ Ержан ӘБІШ

Марқакөл ауданы – шекара шебінде, жырақта жатқан өңір болғанымен үнемі назарда. Біраз жылдар бойы өлкенің тұрмыс-тіршілігі айтарлықтай нашарлап, көп қиындықтарға тап болғаны белгілі. Алайда енді бұл аудан жаңадан отау құрып, өзіндік жолмен дамуға бел буып отыр. Қазірдің өзінде жоспарлар мен атқарылған жұмыстар тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдардан тұрады.

Иә, көптеген жұмыстар қолға алынды. Инфрақұрылымды жаңарту, әлеуметтік нысандарды жөндеу, ауылдарды абаттандыру сияқты бастамалар ауданға жаңа серпін берді. Сонымен қатар ауданның ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру және туризм салалары да жандана бастағандай.

Марқакөлдің бүгінгі тыныс-тіршілігі – бұрынғы қиындықтардан шығу жолындағы тынымсыз еңбек. Ендігі сұрақ: ауданның даму жолында нендей мәселелер шешілмей жатыр және болашақта қандай жаңа бастамалар күтіп тұр?

ТЫНЫС-ТІРШІЛІК ЖАҢДАНА ТҮСТІ

– Марқакөл ауданының инфрақұрылымын жаңғыртуға былтыр 1 миллиард 319 миллион теңгеден астам қаржы бөлініп, толығымен игерілді. Бұл қаражат ауданды көркейтуге және әкімшілік, әлеуметтік маңызды нысандарды жөндеуге бағытталды. Күрделі жөндеуден өткен ғимараттар қатарында әкімшілік ғимарат, бұрынғы пошта, мәдениет үйі, сот, полиция, прокуратура және Марқакөл ауылындағы мектеп-интернат-колледждің жатақханасы, №1 Марқакөл орта мектебінің корпусы бар, – дейді аудан әкімі Рүстембек Кемешев.

Сонымен қатар ауылдарды сумен қамтамасыз ету, көше шамдарын орнату, абаттандыру, көгалдандыру және жолдарды орташа жөндеу жұмыстары да қарқын алды. Бұл бастамалар – тек сыртқы көріністі жақсарту ғана емес, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты шаралар.

Қазір ауданда шамамен 7 мыңға жуық халық тұрады. Олар 5 округке қарасты 23 ауылда орналасқан. Аудандағы басты міндеттердің бірі – көші-қон есебінен тұрғындар санын арттыру.

Былыр оңтүстік өңірлерден көшіп келу бағдарламасы арқылы Ақбұлақ және Қарой ауылдарына 5 отбасы (36 адам) қоныстанды. Бір отбасына тұрғын үй алуға 4 миллион теңге, жол шығындары үшін әр отбасы мүшесіне 70 АЕК көлемінде көмек көрсетілді. Жұмысқа қабілетті азаматтар тұрақты жұмыс орындарымен қамтылды.

Биыл осы бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, 56 квота бөлінді. Оның 24-і қоныс аударушыларға, 32-сі қандастарға арналған. Ал 2025 жылға арналған «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 10 квота бөлініп, ауылдық жерлерге білім, мәдениет, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы саласының мамандарын тарту көзделуде. Жаңа мамандарға 2000-2500 АЕК мөлшерінде көтерме жәрдемақы қарастырылған. Сонымен қатар ауданға келген 50 маманға жергілікті бюджет есебінен 100 АЕК көлемінде қосымша көмек беріледі.

Мемлекеттік қызметке орналасқан азаматтарға үй сатып алуға қаражат бөлініп, нақты қолдау көрсетілуде. Бұл жаңа ауданға тұрақты әрі білікті кадрлар тартуға мүмкіндік береді.

– Аудан құрылған сәттен бастап жұмыссыздықты азайту және тұрғындарды еңбекпен қамту ісі күн тәртібіндегі

басты мәселе ретінде қаралып келеді. Жыл басынан бері 150 адам жұмысқа орналастырылды, жылдық жоспар – 191 адам. Қоғамдық жұмыстарға 85 адам, «Күміс жас» жобасына 52, әлеуметтік жұмыс орнына 8, «Жастар іс тәжірибесіне» 5 адам жолданды. Тұрақты жұмысқа 30 адам орналасты. Бұдан бөлек, 35 жасқа дейінгі жастарға арналған «Алғашқы жұмыс орны» мен «Жастар практикасы» жобалары арқылы жас мамандарды қолдауға басымдық берілуде, – дейді аудан басшысы.

Жол жөндеу, абаттандыру, көше жарығын орнату секілді инфрақұрылымдық жобалар да қосымша жұмыс орындарының ашылуына сеп болды. Аудандық бөлімдердің ашылуына байланысты бос лауазымдарға конкурс жарияланып, жаңа кадрлар қабылданды.

САЯХАТШЫЛАРДЫҢ ДЕНІ МАРҚАНЫҢ КӨЛІНЕ БАРАДЫ

Ауданның қайта құрылуы тек әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштермен шектелмей, инфрақұрылым мен туризм салаларында да нақты өзгерістерге жол ашты. Бұл бағыттағы жұмыстар өңірдің келешекте туристік орталыққа айналу мүмкіндігін айқын көрсетіп отыр.

Республикалық маңызы бар Омбы – Майқапшағай – Қалжыр – Марқакөл бағыты бойынша жолдың 100-124 шақырымы аралығында орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл – өңір үшін маңызды әрі қажетті қадам. Себебі жол – ауданға келушілер мен жүк тасымалы үшін басты инфрақұрылым.

Аталған жөндеу аясында 108-ші шақырымдағы демалыс алаңын абаттандыру қолға алынды. Демалыс орнының автотұрағына асфальт-бетон төселіп, келушілерге жайлы жағдай жасалуда. Мұндай жұмыстар болашақта өңірге келетін туристер легін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

– Былтыр Марқакөл қорығына 600-ге жуық турист келіп, бұл көрсеткіш облысқа келген туристердің 3,7 пайызын құрады. Бұл – бір қарағанда аз көрінімен, жаңадан құрылған аудан үшін жақсы бастама. Туризмнің дамуына табиғи байлық пен экологиялық аймақтың әлеуеті зор ықпал етуде. Туристердің негізгі баратын орындары – көрікті Марқакөл көлі мен тарихи мәні бар Ескі Аустрия жолы. Қазір аудан аумағында 4 қонақ үй (екеуі Марқакөл ауылында, екеуі Ұранқайда) жұмыс істейді. Жалпы алғанда, өңірдегі қонақ қонар қор 71 төсек-орыннан тұрады, бұл – облыс көлеміндегі туристік инфрақұрылымның 2,6 пайызы. Болашақта бұл көрсеткіш 126-орынға дейін жетпек, – дейді Рүстембек Кемешев.

Туризмді дамыту мақсатында мемлекеттік қолдау құралдары да белсенді қолданылуда. Өткен жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында «Марқакөл Агро» кооперативі қолданыстағы демалыс базасында жаңа нысандар салу үшін 20 миллион теңгенің жеңілдікті кредитін алды.

Осы жылға жоспарланған 4 туристік жобаның жалпы құны 77,5 миллион теңгеден асады. Олардың ішінде екі жаңа қонақ үй ашу, бір қонақ үйді кеңейту және жылқы ауласын ашу секілді бастамалар бар.



ИГІЛІКТІҢ БАЛАЛАРЫ ИНЖЕНЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Қазір аудан көлемінде 19 мектеп жұмыс істеп тұр. Биыл білім саласының материалдық базасын нығайтуға 23,5 миллион теңге қаражат бөлінді. Атап айтсақ, Ігілік ауылындағы мектепке 11,5 миллион теңгеге роботты техника кабинеті жабдықталып жатыр. Мұндай заманауи құралдар балалардың инженерлік ойлау қабілетін дамытуға, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға көмектеседі. Сондай-ақ Төсқайың мектебіне 12 миллион теңгеге жаңа «Газель» көлігі алынды. Бұл – шалғай ауыл оқушыларының мектепке қатынауына қолайлы жағдай туғызатын игі бастама.

Аудандағы 20 медициналық мекеме жергілікті тұрғындарға алғашқы және шұғыл медициналық көмек көрсетуде. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласында 13 дәрігер, 75 орта медициналық қызметкер және 15 санитар еңбек етіп жүр. Алайда кадр тапшылығы мәселесі бар екенін де атап өткен жөн. Бұл мәселені шешу үшін аудан әкімдігі мен медициналық ұйымдар бірігіп жұмыс істеуде. Семей медициналық университетінің түлектерімен кездесулер ұйымдастырылып, Enbek.kz платформасы арқылы бос жұмыс орындары туралы ақпарат кеңінен таратылады.

Биыл Марқакөл ауылындағы амбулаторияны жабдықтауға 24,7 миллион теңге бөлінді. Бұл қаржыға операциялық үстел, гинекологиялық кресло, кардиограф, көпфункционалды төсек сияқты маңызды құрал-жабдықтар сатып алынды. Ауыл тұрғындары үшін сапалы медициналық қызметтің қолжетімді болуы – елді мекеннің әлеуметтік тұрақтылығының негізгі көрсеткіштерінің бірі.

ҚАУЫН-ҚАРБЫЗ ӨСІРУДІ ҚОЛҒА АЛМАҚ

Өткен жылы ауыл шаруашылығын механикаландыру бағытында маңызды қадамдар жасалды. Машина-трактор паркін жаңарту жобасы аясында кәсіпкерлер 280,4 миллион теңгеге 25 техника сатып алды. Бұл көрсеткіш – техникалық базаны нығайтуда нақты ілгерілеудің айғағы. Аталған соманың 100,9 миллионы кәсіпкерлердің жеке қаражаты болса, 179,5 миллионы – жеңілдетілген несиелер арқылы қаржыландырылды. Боран ауылдық округіне 10, Марқакөлге 6, Ақбұлаққа 5, Қалжырға 4 техника жеткізілді. Ал Төсқайың ауылдық округінде қарда жүретін көлік сатып алынып, қыстағы логистиканы жеңілдетуге мүмкіндік туды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікке серпін берген жобалар жүзеге асты. Жалпы

сомасы 76,5 миллион теңге болатын төрт жоба мақұлданып, іске қосылды. «Қызылтас» қожалығы – қымыз өңдейтін жабдыққа 25 миллион теңге алды. «Қалиқан» жеке кәсіпкерлігі тары өңдеуге арналған құрылғыны сатып алуға 2 миллион теңге игерді. «Бекзат» қожалығы жемшөп, күнбағыс майын өңдейтін және ағаш кесетін жабдықтар алуға 29,5 миллион теңге несие алды.

– Аудан бойынша егістік алқаптарын әртараптандыру жұмыстары жалғасуда. Жоспарға сәйкес, 2028 жылға қарай егістік аумағы 8,7 мың гектардан 10,4 мың гектарға дейін ұлғаяды. Бұл өсім ауыл экономикасына тың серпін бермек. Сондай-ақ Былғарытабыт, Тақыр, Қазақстан, Жаңаауыл және Қарашілік ауылдарында қауын-қарбыз өсіру көлемін арттыру көзделіп отыр, – дейді аудан әкімі. – Бұл өңір климатына бейімделген өнім түрлері арқылы жергілікті нарықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Аудандағы мал басы жылдан-жылға артып келеді. Биыл ірі қара саны 26,4 мың басқа, ұсақ мал 40,6 мың басқа жетуге тиіс. Оның ішінде асыл тұқымды ірі қара – 1036 бас, ұсақ мал – 1477 бас.

Мал шаруашылығын дамыту үшін биыл Марқакөл ауылында мал сою пунктінің құрылысы басталады. Сонымен қатар 1 мың гектар алқапқа су үнемдеу технологиясы енгізілмек.

МАСАМЕН КҮРЕСУГЕ 30 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Марқакөл ауданының дамуы тек экономикалық көрсеткіштермен ғана шектеліп отырған жоқ. Экологияны сақтау мен басқару ісіндегі ашықтық – қазіргі әкімдіктің басты басымдықтарының бірі. Бұл бағытта бірқатар нақты істер қолға алынып, нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аудан экологиясын сақтау мен жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беруге бағытталған шаралар белсенді жүргізілуде. Жуырда ғана «Халықаралық құстар күні» аталып өтті. Бұл бастама балалар мен жасөспірімдердің табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілік сезімін ұялатуға бағытталды.

Алдағы уақытта «Табиғат біздің қолымызда!», «Экологияны жақсартуға үлесіміз қандай?» атты экосағаттар, сондай-ақ «Түлектердің ағаш егуі» челленджі, «Мөлдір бұлақ» және «Таза аймақ» акциялары өткізіледі.

Аудан тұрғындарының жаз айларында жиі көтеретін мәселесі – маса мен шіркейдің көбейіп кетуі. Бұл проблема да назардан тыс қалған жоқ. Биыл осы мақсатта бюджеттен 30 миллион теңге бөлініп, арнайы конкурс арқылы аумақтарды өңдеу жұмыстары жүргізілмек.

ЖАС ҚАЛАМ

Туған жер ыстық әрқашан

Туған өлкенің топырағы әр адамға қашан да ыстық. Бүгін қолыма қалам алып, туған жерім жайлы ой толғауды жөн көрдім. Кіндік қаны тамып, өскен жерін сүймейтін, қадір тұтпайтын адам жоқ шығар мына өмірде?! Бәрі өздерінің туған жерін мақтап, мадақтап, қорғап жатады.

Менің де дәл сондай жүрегіммен жақсы көретін, «бақытым» деп бағалайтын, «асылым» деп ардақтайтын, табиғатына тамсанатын, «жер жәннәтім» деп жырға қосатын туған жерім бар. Ол – менің Асусай ауылым. Мен туған жеріммен мақтанамын. Асусайдың табиғатының әсемдігі жазылмай жатқан бір дастандай көрінеді маған. Тау бөктерінде орналасқан менің ауылым түп-тұнық ауасымен, мөп-мөлдір суымен, жайнаған жасыл желегімен «мен мұнда лап» шақырады. Айнала қоршаған таудың біріне шықсаң болды, ерекше күйге бөленесің. Көшеде шуылдап ойнаған балалар, шұрқыраған мал, бірін-бірі көре қалса шүйірлескен адамдары...

Таңның атуы мен күннің батуының өзі табиғаттың әдемілігін паш етеді. Таң атса болды, өріске қарай мал айдаған адамдарды көресің, азан-қазан болған мал мен иттің дауысынан тыныштық үзілгендей болады. Кеш батқандағы көрініс өз алдына бөлек әңгіме. Күн ұясына жақындағанда ауыл тағы да абыр-сабыр күйге түседі. Өріске айдаған мал өз төлдеріне жетуге асығып,



ауылдың іші азан-қазан болады. Ауылдағы бар қызық та осы кезде басталатындай. Жылқылары кісінеп, сиырлары мөңіреп, иттері таласып, адамдар қызық әңгімеге батып, балалар қуаласып доп ойнап жүреді. Будақтай шыққан түтін аспан бұлттарымен жалғасып, көк жүзіне барып жоғалады. Енді оны түтін бе, бұлт па, айыру қиын...

Өскенде туған жеріме қалтқысыз қызмет етіп, атын әйгілеуге тырысатын боламын. Сенің атың - қашанда менің жүрегімнің төрінде, елі жайдарлы, жері шұрайлы, топырағы құнарлы, менің туған жерім.

Кәусар Серікбайқызы
Асусай мектебінің оқушысы

ОҚУШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

АНА

Тербейтұғын әлдиімен ғаламды, Сілтейтұғын жақсы менен жаманды. Көсем сөздің шешені де, батыр да, Барлығы да жан анадан жаралды.

Түн ұйқысын төртке бөліп бала үшін, Ғазиз ана, неткен жансың жанашыр. Бөбегінің бір тал шашы түссе де, Уайымдайтын, ана, өзің ғанасың.

Шырт түйсе де ашуланып қабағың, Мейірімі көрінеді ананың. Абзал ана күлген кезде жымиып, Күннің нұры төгілді деп қаламын.




Аяжан Жанатова
Ақмектеп орта мектебінің оқушысы

БАҚЫТТЫМЫН

Бақыттымын, бауырлар, мақтанбаймын, Жерұйықты іздеген Асан қайғым. Тапты ғой жер жәннәтын Зайсан көлден, Байтоғасым әрқашан көпке жайлы.

Бақыттымын, ағайын, көппен бірге, Бақыт құсы қонады көптеп жерге. Бақыттымын, қалайша қуанбаймын, Тату болса көршілер, тату ірге.

Шұғыла Арманқызы
Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебінің оқушысы
Тарбағатай ауданы



МАМАНДЫҚҚА БАУЛУ

Балалар құтқарушы мамандығының қыр-сырымен танысты

Өскемен қаласындағы Отбасы үлгісіндегі балалар ауылының тәрбиеленушілері Төтенше жағдай департаментінің қызметкерлеріне қонаққа келді. Іс-шараға қатысқан 16 бала құтқарушы мамандығының қыр-сырымен танысты.

Кездесу барысында құтқарушылар қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударып, маңызды кеңестермен бөлісті және балалардың сұрақтарына жауап берді. Балалар қазіргі заманның ержүрек батырларының жұмысымен жақынырақ танысып, адамдарды құтқаруда және төтенше жағдайлармен күресте қолданылатын техникалар мен жабдықтарды көрді.

Төтенше жағдай қызметкерлері департамент мұражайына саяхат ұйымдастырып, онда оқушылар қызықты экспонаттармен танысты және қызметтің құрылу тарихын білді. Мұражай залдарында әртүрлі өрт сөндіру машиналарының модельдері мен төсбелгі коллекциялары ұсынылды. Балалар нақты өрттерден алынған заттай дәлелдемелерді қызығушылықпен қарады. Мұражай қорында өрт дулығалары, оқпан, өрт сөндірушілердің жабдықтары сияқты әртүрлі сирек кездесетін заттар бар. Мұражайға келген ұл-қыздар жауынгерлік костюмдер мен өрт сөндірушілердің арнайы бас киімдерін киіп көрді.

Балаларға ең қызықтысы – департаменттің кинологиялық

қызметімен және де іздестіру жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздік үшін қызмет атқаратын лаб-радор-құтқарушы Гелеймен танысуы болды. Шара барысында қонақтарға өрт-құтқару спортына үйрететін спорттық манеж көрсетілді.

Балалар үшін Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау Академиясына түсу бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, онда өрт сөндірушілер мен құтқарушылар мамандығын алуға болатындығы айтылды.


– Құтқарушы – батылдықты



ЗЕРДЕ

Жас өнертапқыш өсімдік биостимуляторын жасап шығарды

Елімізде білім сапасын арттыру мақсатында ғылым мен инновацияға бағытталған жұмыстарға ерекше көңіл бөлініп келеді. Осы тұрғыда ғылыми жобалар жасау, оларды қорғау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар, олардың ғылыми зерттеу дағдыларын жетілдіреді. Ғылыми жобалар арқылы оқушылар таным мен білімнің әртүрлі салаларында тереңірек жұмыс істеп, мәселелерді шешу жолдарын іздейді. Сондықтан ғылыми жоба қорғайтын дарынды оқушыларды қолдау шаралары маңызды.



Адият Ержанов – Өскемен қаласындағы «Дарынды балаларға арналған валеологиялық мамандандырылған мектеп-кешенінің» 2 «Ә» сыныбының оқушысы. Ол мектептің талабына сай, бірінші сыныптан бастап жобамен айналысады.

Сыныптастарынан айырмашылығы, Адият жобасын С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ұжымдық қолданыстағы Ұлттық зертханасында Валентина Николаеваның жетекшілігімен жасады.

қажет ететін мамандық. Жыл сайын біз мыңдаған азаматтарға өрт, су тасқыны кезінде көмекке келеміз, төтенше жағдай аймағында апаттық-құтқару жұмыстарын жүргіземіз. Өткен жылы Төтенше жағдай қызметіне 127 мыңға жуық қоңырау түсті. Құтқарушылар бұл мамандыққа шын берілген адамдар. Биыл құтқару қызметі табиғи апаттармен күресу үшін жаңа техникалармен қамтамасыз етілді. Біздің өңірде құтқарушылармен қатар алты кинологиялық қызмет итері де жұмыс істейді, олар іздестіру жұмыстарына қатысады, – деді ШҚО департамент басшысының бірінші орынбасары Фархат Әміре.

Ол традесканция «Рео» гүлін таңдап, аталған зертханада «Бақыланатын фотопериодизмі бар өсімдік өсіру биостимуляторын сынау» тақырыбында жобасын әзірлеп, оны облыстық деңгейде қорғап, жүлделі екінші орынға ие болды.

Жоба барысында Адият янтарь қышқылына негізделген биостимуляторды жасап және оны фотопериодизммен жабық өсімдіктерді суару үшін қолданып, бұл олардың өсуін және түрлі факторлардың әсерінен қорғаныс қасиеттерін арттыруға көмектесетінін дәлелдеген.

Анасының айтуынша, Адият бір орында отырып, кез келген ойыншық болсын, зат болсын, оны зерттеп, мән-жайын білуге тырысатын бала. Болашақта да маңызды зерттеулермен айналысып, ғалым болсам деп армандайды. Ғалым болу үшін, ең алдымен оқу үлгерімім жақсы болу керек деген мақсатпен, сабағын жақсы оқиды.

Адияттың ерекше қасиеті – сезімтал және ішкі жан дүниесі бай, әр нәрсені терең ойлайды және ізденімпаз бала. Ұстаздары оның болашағынан зор үміт күтеді.

Бетті әзірлеген – Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

БӘРЕКЕЛДІ!

Түркістаннан олжалы оралды

✍ Нұржан КЕНЖЕҰЛЫ

Шығыс Қазақстан облысының колледж студенттері республикалық «Еңбек кубогы» спартакиадасынан олжалы оралды.



Осыдан бірер күн бұрын Түркістан қаласында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында республикалық «Еңбек кубогы» спартакиадасы мәресіне жеткен болатын. Бұл сынға Шығыс Қазақстан облысының да командасы қатысқан. Және жерлестеріміз ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелер көрсете білді.

Мәселен, спартакиада аясында тоғызқұмалақтан ұйымдастырылған сайысқа Өскемен жоғары медицина колледжінің командасы қатысса, шахмат пен үстел теннисінен өткен бәсекелерде Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің жоғары ІТ колледжінің студенттері бақ сынаған-ды.

Сол сияқты, қыздар арасындағы волейбол жарысына Қазақстан-Аме-

рикан еркін университеті жоғары колледжінің командасы қатысса, ұлдар сайысында Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің волейболшылары өнер көрсетті.

Баскетбол жарысы да шығысқазақстандықтарсыз өткен жоқ. Дәлірек айтсақ, ұлдар арасындағы додада Көлік және тіршілік қауіпсіздігі колледжінің командасы сынға түсті.

Аса тартысты өткен сайыстар қорытындысында жерлестеріміз екі спорт түрі бойынша үздіктер қатарынан көріне білді. Атап айтсақ, волейбол жарысында Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің командасы топ жарса, тоғызқұмалақ сайысында Өскемен жоғары медицина колледжінің студенттері екінші орынға ие болды.

ЖАРЫС

Мемлекеттік қызметшілер арасында спартакиада ойындары өтуде

✍ Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай қалалар мен аудандар, облыстық басқармалар, аумақтық департаменттер арасында мемлекеттік ХVІІІ облыстық спартакиадасы өтіп жатыр.



Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналып отырған спартакиаданың салтанатты ашылуында, бүгінгі жарыстың соғысқа қатысқан ардагерлерге, жеңіске ат салысқан тыл қаһармандарына, жан қиған азаматтарға арнау екенін атап өтті.

— Бейбітшілік күндерге жеткізген батыр бабаларымыздың, аталарымыздың ерлігін, тыл еңбеккерлерінің ерлігін әрдайым есте ұстап, мақтан тұтамыз. Жандарын қиып, болашақ үшін өшпес ерлік жасады. Мұндай ерліктер біздің жүрегімізде мәңгі сақталады, — деді Нұрымбет Аманұлы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығын сан мәрте айтты. Бұл орайда, Шығыс Қазақстан облысында халық-

тың салауатты өмір салтына ерекше мән беріледі. Облыста 1687 спорт нысаны жұмыс істеп тұр, халықтың 42%-ы емін-еркін спортпен айналысады.

— Өңірде 1974 мемлекеттік қызметші жұмыс істейді. Спартакиадаға 950 азамат қатысса, оның 175-і нәзік жандылар. Жарыста мемлекеттік қызметшілер спорттың футбол, волейбол, тоғыз құмалақ, арқан тартыс, үстел теннисі, жүзу, шахмат және садақ ату сияқты сегіз түрінен бақ сынасады, — деді облыс басшысы.

Кезекті спартакиада қорытындысы бойынша облыстық құрама командасы іріктеліп, мемлекеттік қызметшілердің республикалық спартакиадасында өнер көрсететін болады. Айта кету керек, республикалық спартакиада маусым айында, Шығыстың бас шаһары Өскемен қаласында өтеді.

ЕРІМ ДЕГЕН ЕЛ БАРДА...

Даңқты балуандармен кездесті

Облыс әкімдігінде аймақтағы спорттың, оның ішінде күрес түрлерінің мәселелеріне арналған жиын өтті.



Бұл күні облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов грек-рим күресінен Әлем, Еуропа және Азия чемпионы, Олимпиада ойындарының күміс және қола жүлдегері Дәулет Тұрлыхановпен, сондай-ақ бірнеше дүркін Әлем мен Еуропа чемпионаттарының, Олимпиада ойындарының жеңімпазы Камандар

Маджидовпен кездесті.

Кездесу барысында Шығыс Қазақстанда күрес түрлерін одан әрі дамыту, жаттықтырушылар құрамын даярлау мәселелері сөз болды. Спортшыларды тәрбиелеп, даярлауда бапкерлердің рөлі ерекше екені белгілі. Бұл бағытта әсіресе балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту аса маңызды. Болашақ чемпиондарды тәрбиелеп шығарғымыз келсе, дәл осы бапкер даярлау бағытына күш салу қажет. Бұл туралы кездесу барысында облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов та айтты.

Сондай-ақ, республикалық грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының президенті Дәулет Тұрлыханов пен Камандар Маджидов облысымыздың жас балуандарымен арнайы кездесті. Бұл жас спортшылар үшін ерекше тосынсый болғаны рас. Олар аты аңызға айналған чемпиондардан қолтаңба алып қана қоймай, даңқты спортшылардың шеберлік сабағына қатысу мүмкіндігіне де ие болды.

«Дидар» ақпарат

«МЕРГЕН АРУ – 2025»

Қыз көздеген нысана - қайсарлықтың белгісі!

Биыл Жеңіс күні мерекесімен Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойы тұспа-тұс келді. Қалың бұқара өңірдің түкпір-түкпірінде осынау мерейтойларды халық боп, көпшіл іс-шаралар арқылы атап өтпек. Бұл – ұлт рухының, батыр қыздың биік бейнесінің уақытпен үндесе қайта жаңғыруы десек болар. Осы ретте Зайсан ауданында оқ атудан өткен «Мерген ару – 2025» атты ашық біріншілік – ерекше мазмұнмен өрілген тағылымды шара болды.



Сайыс 18 жасқа дейінгі қыздар арасында ұйымдастырылып, Жеңістің 80 жылдығы мен Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың ғасырлық мерейтойына арналды. Жеңісті жырлау мен батыр рухына тағзым ету - мұнда тек сөз жүзінде емес, нақты әрекет пен азаматтық ұстанымда көрініс тапты.

Айта кетерлік жайт, сайысқа қатысқан бойжеткендер ұлттық киім киіп өнер көрсетті. Бұл – Әлиядай ұлт аруының биік бейнесін жаңғыртумен қатар, бүгінгі қазақ қызының нәзіктігі мен өжеттігі қатар өрілген асқақ болмысын бейнеледі.

Бүгінгі ғаламторға телмірген, кейде әлеуметтік желідегі тартыс пен төбелеспен аты шығып жүрген сұрғылт тұрмыстың көлеңкесінде, дәл осындай үлгілі жарыстардың ұйымдастырылуы - бойжеткендерге бағыт берудің бір тәсілі. Бұл - сұлулық пен қуатты, тәртіп пен табандылықты тоғыстыра білген спорт арқылы тәрбиелеудің көркем көрінісі.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер аудан әкімінің және мәслихат төрағасының атынан арнайы марапаттарға ие болды. Алғыс хаттар мен номинациялар арқылы белсенді қатысушылардың еңбегі бағаланды. Шараға аудан әкімінің орынбасары Ришат Рамазанов, спорт ардагері Сәуле Серікбаева, оқ атудан танымал Қанатбаевтар отбасы және тағы басқа меймандар қатысып, жас мергендерге сәттілік тілеп, рухты сөздерін арнады.

Іс-шара аясында соғыс ардагерлеріне арналған тағзым да орын тапты. Тарих парақтарынан сыр шертіп, Зайсан өңірінің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі туралы кең мәлімет берілді. 7760 азамат майданға аттанып, 1817-сі қан майданда шейіт болған екен. Олар - біздің бүгінгі бейбіт тіршілігіміздің мәңгілік күзетшілері.

Өңірден шыққан ерлік үлгісі - Кеңес Одағының батыры Василий Головченко, «Даңқ» орденінің ІІІ дәрежелі иегері Қыдырпатша Бокажанов, сондай-ақ Ғадылбек Сарсекеев пен Виктор Готовский есімдері де құрметпен аталды. Бұл тізімді жүздеген орден, медаль иегерлері толықтырып тұр.

Бүгінде ауданда көзі тірі бір ғана соғыс ардагері – 102 жастағы Закен ата Құрманқожанов өмір сүруде. Оның ерлікке толы ғұмыры жайлы деректі фильм түсірілген, ол 9-шы мамыр қарсаңында халық назарына ұсынылмақ. Сонымен қатар, аудан көлемінде 97 тыл ардагері бар. Оларға мерекеге орай материалдық көмек көрсетіліп, демеушілер қолдауымен естелік сыйлықтар тарту етілмек.

Зайсан ауданында 58 адам «Қызыл Жұлдыз» орденімен, 3 адам «Қызыл Ту» орденімен, 590 адам І және ІІ дәрежелі «Жеңіс» медальдарымен, 12 адам ІІ-ІІІ дәрежелі «Құрмет» орденімен марапатталған. Бір азамат - «Құрмет» орденінің толық иегері.

Бұл - тек бір күннің немесе бір жарыстың ғана оқиғасы емес. Бұл - ұлттың рухын көтеретін, қыз баланың нәзік жүрегіне қуат пен сенім ұялататын, елдік пен ерлікке бастайтын жаңа буын тәрбиесінің жарқын мысалы.

Сайын даланың еркіндікте өскен еркелерінің рухты спортпен айналысуы - ұрпақ тәрбиелер болашақ ана ретінде мығым қалыптасуына сеп болары сөзсіз.

АУЫЛҒА БЕТБҰРЫС

Берері мол бағдарламалар

✍ Ержан Әбіш

Шығыс Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласы экономиканың маңызды бағыттарының бірі болып қала бермек. Өңіріміздегі жердің құнарлылығы, табиғи жағдайдың әртүрлілігі мен еңбекқор халық ауыл кәсіпкерлігін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Осы әлеуетті барынша тиімді пайдалану мақсатында мемлекет тарапынан түрлі қолдау бағдарламалары жүзеге асырылып келеді.

Бүгінде ауыл шаруашылығын қолдауға арналған негізгі мемлекеттік бағдарламалар тұқым шаруашылығын жетілдіруге, пестицидтер мен минералды тыңайтқыштарды субсидиялауға, су жеткізу қызметтерін жеңілдетуге, сондай-ақ мал шаруашылығын дамытуға бағытталған. Бұдан бөлек, фермерлер мен кәсіпкерлерге арналған инвестициялық субсидиялар, несие бойынша пайыздық мөлшерлемелерді өтеу, сақтандыру, өңдеу кәсіпорындарының шығындарын өтеу сынды нақты қаржылық құралдар іске қосылған.

Аталған бағдарламалар ауыл кәсіпкерлеріне үлкен көмек болып отыр. Біріншіден, олар техника мен құрал-жабдықтарды сатып алуда қаржылық ауырtpпалықты азайтады. Екіншіден, ауыл кәсіпорындарының табысын арттыруға, өндіріс көлемін көбейтуге және өнім сапасын жақсартуға жол ашады. Облыстағы бірнеше фермерлік қожалық мемлекеттік субсидияның арқасында заманауи техника алып, өнім көлемін екі есеге дейін ұлғайтып отыр.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ЖАНДАНДЫРАТЫН БАСТАМА

2023 жылдан бастап жүзеге аса бастаған «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру, жұмыссыздықты азайту және табыс көзін кеңейту мақсатында қолға алынған.

Бағдарлама аясында микрокредиттер қарастырылған. Алайда бұл қолдауларға қол жеткізу үшін үміткерге бірнеше кезеңнен өтуге тура келеді. Алғашқы қадам – сенім білдірілген агентке құжаттарын тапсыру. Бұл – «Ертіс» ӘКК» АҚ немесе «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының шағын-қаржыландыру ұйымы. Одан кейін өтінімдер кредиттік комитетке жолданып, олар мақұлданған жағдайда ғана шағын несие рәсімделеді.

Микрокредиттің жылдық мөлшерлемесі небәрі 2,5% болғанымен, оны алу үшін кепіл мүлкі, несиелік тарихының тазалығы, салық органдарында тіркелу, табыс деңгейі сынды шарттарға сәйкес келуі қажет. Сондай-ақ қарыз алушының жасы 23 пен 63 жас аралығында болуы шарт. Бұған қоса, бұрын алған несиелер бойынша міндеттемелер толық орындалған болуға тиіс. Яғни өтелмеген мерзімі асқан берешек болмауы керек.

Кейбір ауыл тұрғындары үшін бұл талаптарды орындау оңай емес. Жеке қосалқы шаруашылықпен ғана айналысып отырған немесе табысын ресми тіркемеген адамдар кепілге қоятын мүлік жоқтығынан немесе несиелік тарихының нашарлығынан микрокредит ала алмайды.

Мемлекеттен қайтарымсыз берілетін гранттар да бар. Олардың көлемі – 400 АЕК, яғни 1 476 800 теңгеге дейін. Бұл – ауылда бизнес бастағысы келетіндер үшін үлкен мүмкіндік. Бірақ, бұл қолдауға ие болу үшін де бірнеше шарт бар: жұмыссыз ретінде электрондық еңбек биржасында тіркелу; «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқудан өткенін растайтын сертификат; әлеуметтік осал топқа жататындығы туралы құжаттар; онлайн өтінім беру, бизнес-жоспар әзірлеу және комиссия алдында жобаны қорғау.

Бұл талаптар қалада интернетке, цифрлық қолтаңбаға, кеңесші маман-

дарға қол жеткізу мүмкіндігі бар адамға ыңғайлы болғанымен, шалғай ауылдағы қарапайым кәсіпкер үшін қиындық тудыратыны анық.

Кімдерге қиын? Көп жағдайда қарапайым ауыл тұрғындарына, әсіресе егде жастағы азаматтар, цифрлық сауаты төмен адамдар, интернетке қол жеткізе алмайтын ауыл тұрғындары бұл бағдарламалардан тыс қалып жатады. Сондай-ақ қажетті құжаттарды жинауға, бизнес-жоспар жазуға және комиссияға қатысуға уақыты немесе тәжірибесі жетпейтіндер үшін де оңай емес.

«Ауыл аманаты» – ауыл кәсіпкерлігін жандандыруға арналған маңызды бастама. Дегенмен, оның тиімділігі тұрғындардың бағдарламаларға шынайы қатыса алуымен өлшенеді. Шарттарды жеңілдету, ақпараттық қолдау көрсету, құжат рәсімдеуді жеңілдету, шалғай ауылдардағы тұрғындарға нақты көмек ұйымдастыру жобаның шынайы тиімділігіне жол ашатын негізгі тетіктер болмақ.

Биыл бағдарламаға 3 миллиард теңге бөлінеді. Сонымен қатар 2024 жылдан қалған қаржыны қоса есептегенде жалпы көлемі 4,5 миллиард теңгеге жетеді. Бұл қаражатқа облыста болжаммен 553 жоба қаржыландырылады деп күтілуде.

ҚҰЖАТ РӘСІМДЕУ ЖЕҢІЛДЕЙ МЕ?

Ауылдық жерде өз кәсібін бастауға ниетті азаматтар үшін мемлекеттік бағдарламалар үлкен мүмкіндік саналады. Алайда ауыл тұрғындарының көпшілігі әлі күнге дейін құжат рәсімдеудегі ұзақ процесс пен бюрократиялық кедергілерге тап болып отыр. Бұл – мемлекет пен халық арасындағы байланысты әлсіретін басты себептердің бірі.

Кәсіп ашу үшін қажетті несиелер мен гранттарға қол жеткізуге тырысқан ауыл тұрғындары құжат жинауға ұзақ уақыт жұмсайды, түрлі мекемелерге барып, анықтама алуға мәжбүр болады. Бұл жағдай көпшіліктің кәсіпкерлікке қадам басуына кедергі келтіріп отырғаны жасырын емес.

Мемлекет не істеп жатыр? Соңғы жылдары бұл мәселені шешу үшін нақты реформалар мен цифрландыру бағытында бірқатар шаралар қабылданды. Олардың ішінде ең маңыздысы – бюрократияны азайтуға бағытталған «Бір терезе» қағидаты.

Қазір кәсіпкерлікке бет бұрған азаматтар үшін барлық қажетті қызметтер бір кеңседе немесе бір платформада шоғырлануда. Атап айтқанда, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының бөлімшелері құжаттарды жинауда, бизнес-жоспар әзірлеуде, өтінім толтыруда тегін кеңес береді. «Бастау Бизнес» жобасы аясында оқыған азаматтар мемлекеттік бағдарламаларға қатысу үшін қажетті құжаттарды дайындауда толық сүйемелдеу қызметін ала алады.

– Қазір кәсіпкер боламын деген адам үйден шықпай-ақ онлайн өтінім бере алады. Бұл үшін бірнеше платформа іске қосылған. Qoldau.kz, egov.kz, gosagro.kz сайттары арқылы тиісті құжаттар электронды түрде жолданады. Көптеген анықтамалар мемлекеттік дерекқорлар арқылы автоматты түрде тартылады, бұл қағазбастылықты едәуір азайтады. Құжаттардың көбі электронды форматта қабылданады, бұл аудан орталығына барып кезекке



түру қажеттігін жояды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысушылар үшін арнайы «Amanatnesie» электронды жүйесі іске қосылды. Бұл жүйе өтінімдерді қабылдаудан бастап, микрокредитті беру процесіне дейінгі барлық кезеңдерді оңтайландырады, – дейді ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ажар Қажыбекова. – Алайда онлайн жіберілген құжаттар жиі қате болып, қайтара жолдауды талап еткендіктен, қазір кәсіпкерлер палатасы арқылы өтінімдер тікелей қабылдануда.

Бүгінде мемлекеттік органдар бюрократияны азайту бағытында нақты қадамдар жасап жатыр. Құжаттардың саны азайып, электронды өтінім берудің мүмкіндіктері артып келеді. Бұл өз кәсібін бастауға ниетті ауыл тұрғындары үшін үлкен қолдау болмақ.

ЖЕР, ҚАРЖЫ, КАДР МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛУДЕ?

Ауыл тұрғындары үшін жер учаскелеріне қол жеткізу, қаржылай қолдаудың әділеттілігі және кадр тапшылығы сынды мәселелер әлі де өзектілігін жоғалтпай отыр. Мәселен, көптеген азаматтар ауыл шаруашылығымен айналысу үшін жер ала алмай жүргенін айтып шағымданады.

– Қазіргі заңнамаға сәйкес, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері жалға алу құқығымен конкурс арқылы беріледі. Бұл конкурс баллдық жүйе негізінде қағаз форматта жүзеге асады, ал егер үміткерлер бірдей балл жинаса, жеңімпазды жер комиссиясы мүшелері дауыс беру арқылы анықтайды. Осы үдерістің ашықтығы мен әділеттілігіне қатысты сұрақтар туындап жүргендіктен, Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл процесті электрондық форматқа көшіруді қолға алды. Қазіргі кезде жер заңнамасына өзгерістер енгізу бойынша тиісті түзетулер Парламент Мәжілісінде қаралуда. Бұл өзгерістер жер алуға үміткерлер үшін ашық әрі әділ жағдай қалыптастырып, бюрократиялық кедергілерді азайтуға жол ашады, – дейді басқарма басшысы.

Ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған субсидиялар мен гранттарға қатысты да қоғамда түрлі пікірлер бар. Кейбір азаматтар қаржының көбіне ірі кәсіпорындарға тиіп, шағын фермерлерге жете бермейтінін алға тартады. Дегенмен бұл мәселе де мемлекет тарапынан назардан тыс қалған жоқ. Бүгінгі таңда барлық субсидиялар мен өтінімдер Gosagro.kz және Plem.kz платформалары арқылы электрондық кезек тәртібімен жүзеге асады. Яғни, өтінім беруден бастап, қаржы аударуға дейінгі барлық үдеріс цифрлық форматта өтеді. Бұл жүйе адам фактордың ықпалын азайтып, қолдаудың ашық және әділетті бөлінуіне мүмкіндік береді. Осыған байланысты «шағын фермерлерге қолдау жетпейді» деген пікірлер шындыққа жанаспайды деуге негіз бар.

Тағы бір маңызды мәселе – кадр тапшылығы. Мәселен, Шығыс Қазақстанда жыл басындағы мәліметке сұ-

йенсек, ауыл шаруашылығы саласында 234 маманға сұраныс бар. Соның ішінде ең көп сұранысқа ие мамандықтар: агроном – 30 маман, зоотехник – 26, ветеринарлық дәрігер – 29, механизатор – 58, тракторшы-машинист – 30, сауыншы – 21, шопан – 19.

МҮМКІНДІК МОЛ, ТАЛАПТАР ДА БАРШЫЛЫҚ

Ауылдық жерде кәсіпкерлікпен айналысып, мемлекет қолдауына ие болғысы келетін азаматтар үшін бірқатар талаптар бар. Атап айтқанда, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу кезінде кәсіпкерлерден кейбір жағдайда кепілзат сұралады. Бұл талап жаңа іс бастаған азаматтар үшін кейде қиындық туғызуы мүмкін. Дегенмен мемлекет тарапынан бөлінетін гранттар мен субсидияларды алу үшін кепілзат талап етілмейді. Ал қайтарымды қаржы, яғни жеңілдетілген несие алғысы келген жағдайда, кепіл мүлік ұсыну – міндетті шарт. Мұндағы мақсат – бөлінген қаражаттың дер кезінде және толық қайтарылуын қамтамасыз ету. Кепілзат ретінде ұсынылатын мүлік тек қана кәсіпкердің өз меншігі емес, үшінші тұлғаның меншігі болуы да мүмкін.

Ауыл кәсіпкерлігін дамытуда инфрақұрылым мәселесі де басты кедергілердің бірі болып саналады. Ауылдық жерлерде жол, су, электр қуатының жетіспеушілігі – бизнестің дамуына кедергі келтіріп отырған негізгі факторлар. Бұл мәселе де мемлекет назарынан тыс қалған жоқ. Қазіргі таңда мемлекеттік қаржылық қолдау қағидаларына сәйкес, шаруа қожалықтарына инженерлік инфрақұрылым жүргізуге арналған жобаларға қолдау көрсетіледі. Ол үшін кәсіпкерлік және индустриялы-инновациялық даму басқармасына жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленген өтінім тапсыру қажет. Бюджет қаражаты есебінен инфрақұрылым жүргізу рәсімдері заңнама аясында жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығымен айналысатын азаматтардың бір бөлігі субсидиялардың кешітірілетінін немесе толық төленбейтінін айтып шағымдануда.

– Бұл ретте субсидиялау қағидаларына сәйкес, өтінімдер белгіленген мерзімде қабылданып, оларды қарау және төлеу тіркелу уақытына қарай кезекпен жүзеге асырылады. Егер қаржы жылында қаражат жеткіліксіз болса, мақұлданған өтінімдер қосымша қаражат бөлінген жағдайда немесе келесі қаржы жылында ғана төленеді. Демек, субсидиялардың уақтылы төленбеуінің негізгі себебі – бюджет қаражатының шектеулілігі, – дейді Ажар Қажыбекова.

Иә, мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жер мәселесі, қаржылық қолдау, кадр тапшылығы, инфрақұрылым мен бақылау тетіктері бойынша қабылданып жатқан шаралар ауыл тіршілігінің жаңа деңгейге көтерілуіне серпін береді. Ендігі міндет – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, ауыл өмірін жан-жақты дамыту.

АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Бексен күнге созылған

Туған өлкесінің тарихын терең танымай, елі мен жері үшін жанын пида еткен ата-бабаларының есімін білмей өскен ұрпақ саналы болады деу – абсурд!

Болмысы бөлек баһадүр бабаларымыздың бізге қалдырған ең басты мұрасы – жер! Қазіргі таңда әлемде жер көлемі жөнінен 9-шы орынды алып отырған қазақ жерін болашақ ұрпаққа қалдыру үшін бабаларымыз қаншама кескілескен шайқастарды, көтерілістерді басынан өткергендігін тарих беттерінен білеміз. Осындай ел болашағы үшін маңыздылығы жоғары, Тарбағатай өңірінде болған 80 күндік «Шорға шайқасы» бабалар ерлігінің бір ғана дәлелі.

Осы сүйем жер үшін қазақтың көрмеген қиянаты, тартпаған азабы жоқ. Анталаған ата жау сұқ көзін қадап лап бергенде, жебедей қадалып, найзағайдай шаншылып, сүйем жерін бастырмай, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

НЕ КӨРМЕДІ БҰЛ ҚАЗАҚ?!

Қазақтың мыңдаған сарбазы мен батырлары жан алысып, жан беріскен 80 күнге созылған «Шорға шайқасы» да ұлт қаһармандарының ел мен жер тағдырын батыл шешіп, халқын қорғай алатындығын дәлелдеп, көрегендік саясатының мызғымас беріктігін, береке-бірлігін көрсете білді.

«Қазақ қазақ болғалы, Қазақ атқа қонғалы, Не көрмеді бұл елім?!» - деп еңіреген, халқым деп қайысқан, Отаным деп жанын құрбандық етуге барған қазақ хандары мен би-батырларына мың тағзым!!!

Үш ғасырға жуық уақытты артқа тастап тарихтың қойнауына кеткен, шежіре-дастан арқылы бізге жеткен Шорға соғысы жайлы жыр, елім деп еңіреген батырлардың ынтымағы мен қазақ сарбаздарының бас қолбасшысы Қабанбайдың кемеңгерлігі, ерлігі жайлы нақты деректерді қолға ұстатады. «Барақ батыр, Абылай», «Қабанбай батыр» жырлары т.б.

Жоңғарлар Тарбағатай өңірін басып алып, жергілікті халықты Қалбаға қарай босытып жіберген. Осындай қиын кезеңде қазақтың жиырма жеті батыры төніп келген дүшпанға бірге тойтарыс береді. Шегінген жау қазіргі Қабанбай ауылының маңындағы Шорға деген жердегі қалың талдың арасын паналап, 80 күн бойы беріспей жатып алған екен.

Міне, осы шайқаста бір тудың түбінен табыла білген қазақ батырлары асқан ерлік көрсеткен. Бұның өзі ат ауыздықпен су ішіп, ер толарсақтан саз кешкен қиын заман туғанда қазақ батырларының мақсат-мүдделері бір болғандығын дәлелдей түссе керек.

Жауды тойтарған жиырма жеті батырдың ерлігі туралы ел аузында айтылған осы деректерді тарихи мәліметтер де растай түседі. Мәселен, тарихшылар К.Аманжолов пен А.Тасболатовтың «Қазақстан-

ның әскери тарихы» атты еңбектерінде төмендегідей нақты деректер беріледі: «Қолда бар архив материалдарына сүйенсек, мыңдықтан әскер құраған 29 сардардың, батырлардың рулары мен есімдері түгел толық келтірілген. Олардың ерлік істері «Шорға шайқасына» арналған жырда шебер суреттеліп, жеріне жет-

...Қазақ, қалмақ сыймады, Жетіаралдың бойына. Маңырақ, Шорға толыпты Қыры менен ойына... Ер Жәнібек Бараққа Майқапшағай, Сауыр мен Сайқан тауын көрсетті... Мынау Сайқан, Сауыр мен Тарбағатай, Маңырақ Жер сауыры деуші еді, - деген жолдардағы Жетіарал, Ма-



Шорғадағы қан майдан

кізіле мадақталады. Осындағы Абылай ханның, Қабанбай батырдың халық тарихындағы орны дәлелдеуді қажет етпейтін фактілер. Ал, Керей мен Жәнібек, Саты мен Дәулетбай, Саржомарт пен Танаш сынды от жүректі өрендер Қалба, Тарбағатай, Алтай маңында, жоғарғы Ертіс бойында қалмақпен болған ұрыстарда қайсарлығымен танылған халық батырлары.

Жырда қазақ даласының Шығыс өңірін жаудан азат ету ісіне Бөгенбай батырдың да қатысқаны – тарихи шындықтан алыстап кетпеген. Дегенмен, жырда Бөгенбай батырдың серігі Тарбағатай жеріндегі шайқасқа алты ай жүріп келсе де, дер кезінде жетіп үлгергендей болып суреттелуіне, келуін келгенмен батырдың шаршаған әскері жеңіліске ұшырап, кері шегінуге мәжбүр болуы, дәл сол кезде оларға Қабанбай, Барақ батырлардың көмекке келіп, құтқарып қалуы сияқты оқиғаларға субъективизм мәселесі тұрғысынан қараған жөн.

Дәл осы оқиғаны тарихи тұрғыдан растай түссек, «Қаракерей Қабанбай әскері Тарбағатай тауы мен Қанды су өзені бойында жоңғар әскерін талқандап, Шілікті асуымен Зайсан көліне дейін жоңғарлардың ізіне түсіп, Шитөбе, Талдыаралды азат етіп, соңғы қанды шайқастарын қазіргі Үлкен Қаратал, Көкқошқар, Кендірлік, Аққол деген жерлерде жеңіспен аяқтады. Сөйтіп, Зайсан жерінде қазақ халқы ғасыр бойы созылған күресін жеңіспен аяқтады», - деген дерекке жолығамыз.

Демек, жырлар сюжеті нақтылы тарихи оқиғаға негізделген, тіпті оқиғаның дәл сол қалпында алынғандығына көз жеткіземіз.

Жыршы тарихи шындықты беруде бір елі бұра тартпаған, тек болған оқиғаны жыр тілімен кестелеп жеткізген.

ңырақ, Шорға, Майқапшағай, Сауыр, Сайқан, Тарбағатай және Алтай, Ертіс, Қалба сияқты жер-су, өзен, тау аттары еш өзгеріссіз нақты сол қалпында беріледі [8, 121 б.].

Сол сияқты жырда бұлардан басқа Ақсу, Кендірлік, Қанды су, Теректі, Терісайырық сияқты кіші өзен-бұлақ атаулары да сол қалпында алынады.

БАБАЛАРДЫҢ ЕРЛІГІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАСЫН

Сексен күнге созылған бұл соғыс қалай өрбіп, қалай аяқталғанына келейік. Зейнолла Сәнік, Бейсенғали Садыхан-ның «Қаракерей Қабанбай» атты кітабындағы «Шорға соғысы» атты мақала деректеріне жүгінсек, қалмақ-қазақ жағы ит пен мысықтай аңдысқан кезеңде Байжігіт елі 1754-1755 жылдары Шорға өңіріне орналасыпты.

Тама батырдың басшылығындағы бір мыңдай адамы бар жасақ жау жақ шепке қойылса керек. Бірақ Алтайдағы Алқа-білезікке бекінген қалмақтар жансыз жіберіп, қазақ қосындарының ішкі жағдайын біліп алады. Содан кейін қазекеңнің бейқамдығын пайдаланып, мол жасақпен келеді.

Олар алдымен Орқашарда жатқан Тама батыр мен Назарғазы төренің екі мыңнан астам жылқысын қолды етіп, жылқышыларын өлтіріп кетеді.

Мұнымен тынбай Тарбағатай өңірінде жайбарақат жатқан елге зобалаң туғызып, осы өңірді басып алады. Қазақтардың қалған-құтқаны бас сауғалап, Қалба тауына босып кетеді.

Осы қайғылы жағдайды Дәулетбай Қабанбайға жеткізгесін ол шайқастарда жүрген барлық қазақ батырларына үндеу жолдайды.

Қабанбай баһадүрдің үндеуін қолдап, әр шалғайдан 27

батыр жиналады.

Шорға соғысына екі жақтан қанша адам қатысқаны туралы нақты дерек жоқ. Бірақ бұл ұрысқа қазақ-жоңғар соғыстарында сыннан өткен ең таңдаулы әскери құрамалар мен жаужүрек батырлар қатысқаны күмән туғызбайды.

«Заманында Алшынбай ақын осылай жырлаушы еді» - деп бұл рухани мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізген Кәрібай ақын Шорға шайқасына қатысқан қазақ батырларын былай дәріптейді:

Қабанбай, ер Бөгенбай, батыр Барақ,
Уалы сүйегі уақ батыр Бармақ.
Бердіқожа, Қасабай, батыр Жантай,
Қаз дауысты Қазыбек өңкей саңлақ.
Баймұрат, Райымбек, батыр Тентек.
Барлығы жауға кеткен кегін алмақ.
Қосай, Тама, Дәулетбай, батыр Шөрек.
Барлығына Қабанбай қолбасы бол,
Айқастық ата жаумен бір-неше рет.

Қалмаққа келіп тидік Шорғадағы,
Бұл жолы кем болмады олжа жағы.
Ер Барақ, батыр Жаман, Орақбайдың,
Аққан қан қылышынан сорғалады.
Осы жырдағы аттары аталған қазақ батырларының еліміздің әр түкпірінен келгендігі аңғарылады. Қанжығалы Бөгенбай Арқадан, батыр Райымбек оңтүстіктен ат терлетіп келіп, Шорға шайқасында ата жауын қирата жеңіп, Шорға жазығында табандарының ізі қалғандығы да таңдандырады.

Сонымен қатар Шорға соғысында ерлік көрсеткен Кенже, Қарасай сияқты жас батырларды атай кеткен орынды. Қарасай батыр қалмақтың Шаған атты әккі, жырынды батырын жайратып тұрып, өзі де сол жекпе-жекте көз жұмған екен. «Шорға шайқасы» туралы белгілі тарихшы-ғалым Кәмен Мамырұлы марқұмның «Қазақ халқының Жоңғар басқыншыларына қарсы күресі» атты монографиясында, Александр Барт, Айдын Сахановтың «Казахстанская правда» газетінің 1994 жылғы 5 наурыз күнгі номерінде жарық көрген «Битва при Шорге»

атты мақаласынан мынандай бір үзінді келтіріпті:

«... Жоңғарлардың алауыздығын пайдалана отырып, Қаракерей Қабанбай батыр 1753-55 жылдары Алтай, Қалба өңірінен жат жұрттықтарды қууға және қазақтардың үш айға созылған Шорға соғысында жоңғарларды күйрете жеңуге жол ашты».

Осы соғыстың нәтижесінде Маңырақ, Сауыр таулары, Шілікті жазығы қазақтарға қайтарылып, жоңғар басқыншыларынан азат етілді».

Шорға жазығындағы 80 күндік соғыс қазақ халқының, ұлт қаһармандарының ел мен жер тағдырын батыл шешіп, халқын, жерін қорғай алатындығын дәлелдеп, береке-бірлігін көрсете білді. Бұл соғыс қазақ-қалмақ шайқасының ең шешуші кезеңі болды. Яғни, кім жеңеді – сол ел қалпында қалады, кім жеңіледі – ол қайтып ел қалпына келе алмайды. Аталған шайқасқа екі жақтан сан мыңдаған сарбаздар қатысты. Ер азаматтардан бөлек, әйел адамдар да жасақ құрып, қолдарына қару алды. (мысалы: Назым, Жәнделі т.б.)

Сексен күнге созылған Шорға шайқасы қазақ тарихынан әлі өз бағасын толық ала алмай жүр. Олай болса «Жердің аты – тарихтың хаты» дегендей осыдан 270 жыл бұрын болған 80 күндік Шорға соғысында шейіт болған батырларымыздың есімдерін тасқа қашап жазып, рухтарына арнап құран-қатым түсіріп, қандары төгілген жерге «Бабалар рухы» атты мемориалдық-патриоттық кешенді салып, ұлықтаудан асқан игілікті іс бола ма? Бабаларымызды қастерлеп, туған өлкеміздің киелі орындарының біріне айналдыру – басты парызымыз.

Атақты «Шорға шайқасы» адамзат тарихында орын алған «Бородино», «Куликово», «Аңырақай» және т.б. шайқастардан мәртебесі кем емес. Шорға шайқасы сияқты «Аңырақай» шайқасына 270 жыл толуына орай майдан өткен орынға арнайы тасбелгі орнатқан. Орбұлақ шайқасына арнап фильм түсірген. Алайда, Шорға шайқасы өткен тарихи-географиялық аумақ қазіргі таңға дейін дәріптеліп, ескерілмей отыр.

Неге қазақ тарихындағы шешуші рөл атқарған ұлы шайқасты мектеп бағдарламасына қоспасқа?! Өзіміздің қазақ тарихын, Шығысымыздың тарихын одан бетер дамытар едік.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Шорға шайқасы өткен аумақты Қазақстанның киелі жерлерінің бірі ретінде бекітіп, Шорға соғысында шейіт болған батырларымыздың есімдерін тасқа қашап жазып, рухтарына арнап, қандары төгілген жерге Бабалар рухы атты мемориалдық-патриоттық кешенді салып, «Шығыс шеңбері» (Омбы-Майқапшағай) жолы бойындағы Ақмектеп ауылы тұсына (Шорға жазығы) «Шорға шайқасына» арналған панорамалық ескерткіш-стелла орнатуды ұсынамыз.

Бабаларымызды қастерлеп, туған өлкеміздің киелі орындарының біріне айналдыру-басты парызымыз.

Қайрат Айтқожин
педагог-зерттеуші
сурет: Болат Тайынов

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ

Нар жүгін көтерген қария

Тарих бетінде Ұлы Отан соғысы деген атпен қалған, 1418 күн мен түнге созылған адамзат тарихындағы ең жойқын соғыстың аяқталғанына 80 жыл толғалы отыр. Мен – соғыс ардагері мен тыл ардагерінің перзентімін. Әкем Орынбасар жалындаған жас шағын өлім мен өмірдің арасында арпалысып жүріп, қан майданда етігімен су кешіп, фашист басқыншыларымен бетпе-бет соғысуға арнаса, анам Әнипа – тылда жүріп, Жеңістің жақындауына өз үлесін қосқан жан. Сондықтан шығар соғыс ардагерлері мен тыл ардагерлерін көрсем, ата-анама деген сағынышым жанымды сыздатып жібереді.



Сұрапыл соғыс талай баланың бақытты балалығын ұрлады. Сұм соғыс талай балғынды ерте есейтті. Бүгінгі әңгіменің желісі алаңсыз асық атып, талдан ат жасап, асыр салып, ойнап жүретін балалық балғын шағын жан қиярлық еңбекпен бастап, Жеңістің жақындауына қомақты үлесін қосқан, абзал ағамыз, нар тұлға Дәуіт Сағадиев туралы болмақ.

«ЕЛГЕЗЕК» АТАНҒАН БАЛА

Дәуіт аға 1936 жылы ақпан айында, төлқұжаты бойынша 14-маусымда Ұлан ауданы Күшбірлік ауылында дүниеге келген. Соғыс басталғанда бес жасар бала еді. Бірақ жасы қанша кіші болғанымен, ауыр еңбек пен аштықтың дәмін жастайынан татып өсті. Таңның атысынан күннің батысына дейін белі қатаймаған бала 16 сағат бойы жұмыс істейтін. Көктем шыққаннан бастап, ауылда қалған еңбекке жарамды қарттар мен әйелдерге еріп, егін басына аттанатын. Қос тігіп, талдан өрілген күркеде түнейтін. Таң сібірлеп атқанда-ақ өгізін жетелеп, жер жыртуға кірісетін. Кешке қарай күркеге әрең жетіп, ертеңіне тағы да сол тіршілік жалғасатын.

Дәуіт ағаның айтуынша, Үрзила деген күзетші болыпты. Үнемі егін басында жүретін, қолынан қаруын тастамайтын. Баланың сүрініп-шалынып, шаршап жүретінін көріп, анасына: «Дәуітті өгізге мінгізіп қой» депті. Өгізге жайдақ отырады. Бойында сылып алар ет жоқ, қырған пышақтай баланың құйымшағы бір-ақ ойылады. Жаны көзіне көрінсе де, тырмысып, өгізін айдай береді. Содан Қайырбаев Асқар деген бригадир ер тоқым әкеліп берді. Сол ер-тоқымнан төрт жыл түспеді. Бір қалыпты аяң жүрістен мезі болатын болуы керек, шаршағаны да бар, арасында көзі ілініп кетеді. Ол кезде өгізден топ етіп жерге құлап түседі. Жанындағы әйелдер жүгіріп келеді де, бірдеңелерін айтып, жер ұшықтарын жасап: «сынғаннан аман» дейді де, өгізге қайта отырғызып жібереді. Сол аяң тіршілік күнделікті жалғаса береді. Егін арасында колхоз малдарына шөп шабу, шөп жинау, мал жаю сияқты шаруалар да қатар жүретін. «Ашсың- ау!»,

«шаршадың-ау», «жаурадың-ау» дейтін жан болмайтын. «Шаршадым» деп айту бұл балаға да жат еді. Дәуіт бала да болса, соғыстың оңай бітпейтінін түсінетін. Қай шаруаға да елпілдеп тұратын. Жанындағы үлкендер екі иығы қайысып, қатпаған белі майысып, қу жанына тыным жоқ елпілдеген Дәуіт балаға сүйсініп, оған «Елгезек» деп, еркелетіп, ат та қойып үлгерген. Күз келіп, егін піскесін бойларында аздап болсын қауқарлары бар қарт адамдар мен әйелдер қол орақпен егін орады. Егін бау-бау болып, үйіліп жатады. Дәуіт бала құшаққа сыймайтын сүйір тасты шандып байлап, өгізіне тіркеп алып, бау-бау болып тізіліп жатқан астықтың үстімен әрлі-берлі өтеді. Сол кезде әбден пісіп, қауызына сыймай тұрған астық, қауызымен бөлініп, сауылдап, төмен ағады. Әйелдер жағы таспен таптаған бауды жинап, сыпыртқы жасап, әрі қарай сілкілеп, бөлінбей қалған астықты ажыратады собықтан. Әрі қарай өздері жасаған сыпыртқымен астықты сыпырып-жинап, қаптап тастайды. Дайын астықтарды молотилкаға, одан әрі қоймаларға тасиды. Бұл жұмыс қаһарлы қыстың 15-ші желтоқсанына дейін созылады. Егін даласынан оралған Дәуіт баланы енді астық құйылған қоймаларға жібереді. Қысқа дейін жауын-шашын астында жиналған астық дым тартады. Төрт қоймаға құйылған астықты бес бала аударып-төңкеріп, жел қақтырып, әйтеуір аман сақтап шығаратын.

Қыс ортасы ауа Дәуіт баланы басқа жұмыс күтіп тұратын.

– Точка (Жалғызтал) мен Бәйтеке ауылдарының арасында Тотпанақ деген ауыл болды. Арасы үш шақырым еді. Ол жердегі қой фермасын Шайзада деген апа басқаратын. Мені «Елгезек» деп атаған осы апа еді. Әйелдер қоздаған қойларды сауып, майдандағы әскерге қой-ешкі сүтінен брынза жасап, жіберетін. Таң атысымен сол фермаға келемін. Қой-ешкілерді қуалап жүріп ұстап, әйелдер сауып біткенше, жандарында жүремің болысып. Әйелдер қой-ешкіні сауып болғасын, қозы-лақ бағуға кетемін. Сонда таң қалатыным аш құрсақ жүрсек те, не астықтан, не брынзадан бір түйірін қалтамызға сал-

майтынбыз. Бастықтар да «мыналар аш қой!», - деп, аузымызға бір түйір дән татырмайтын. Сонда қалай жүргенбіз?! Әйтеуір ірімшіктің сары суы бар, бірдеңелерді талшық етеміз. Қазір соған таң қаламын өзім. Уақыт та өтіп жаты. Ауылда сиыр бағатын Әзербайев Қасен деген болатын. Оны Еңбек Армиясына алып кетті. Бастық: «ауылда мал бағатын жан жоқ. Дәуіт, ауылдағы балалардың арасындағы ересегі сенсің. Сен сиыр бағасың», – деді. Ауылда мен құралпас 13 бала едік. Ересегі мен болсам керек. «Сиыр бақтым, сидаң қақтым» деп, елу шақты ауыл адамдарының сиырларын бақтым. Бәрінен қиыны оқыра кезі еді. Бір сиыр оқыралап кетсе, қалғанына ие бола алмайтынсың. Бір бұзау еміп қойса, әкеңді көзіңе көрсететін басқарма. Соғыстың төрт жылын ауылда осылай өткіздім, - деп, бастан кешкен қиындықтарын айтып отырып, өз таңданысын да жасырмады Дәуіт аға әңгімесінде.

– Әлі есімде, 1943 жыл болуы керек шамасы. Қараша айының басы еді. Анам екеуміз Көктаудың етегінде орналасқан «Мұздыбай» деген қостамыз. Тұрсақ, қар жауып қалыпты. Анам мені ауылға барып, жылы киімдер әкелуге жұмсады. Ауылға қарай жүгіріп келем. Аяғымның тоңғаны соншалық, табанымды баса алмаймын. Тызылдап барады. Отыра қалып, аяғымды қос алақаныммен уқалаймын. Табаныма аздап жан кіргесін, қайта тұрып, жүгіремін. Әйтеуір әжем Рабиғаның құшағына жеттім. Әжем жерде жатқан сырмақтан ойып алып, аяғымға байпақ тігіп берді. Оны калоштың ішіне салды да, «жұмыстан қалма!» деп, кері қайтарды. Бұл да үлкендердің жауапкершілігінің жоғарылығы ғой. Оның үстіне жұмысқа бармасаң, бала деп қарамайды, бригадирлер қамшының астына алады. Бригадиріміз Қаржаубаев Қабдолла, Тайынтынов Қыдырхан деген кісілер еді. Тылда да темірдей тәртіп болғасын, күші жағынан бізден әлдеқайда басым жауды жеңдік. Бұл адамзат бұрын-соңды көрмеген ғаламат соғыс болды, – деп есіне алады бүгінде 90-ның тұтқасын ұстаған Дәуіт аға.

ЕРЛІГІ ҮШІН БЕРІЛГЕН ДЕМАЛЫС

Бесіктен белі шықпай, еңбекпен шыңдалып өскен Дәуіт аға 1955-1958 жылдары Одесса қаласында әскери әуе күштері құрамасында әскери міндетін абыроймен атқарады. Бір топ курсантты әскери ұшақтарды қондыратын радиотехниканы реттеуші электр механигі мен жүргізуші мамандығына сегіз ай дайындайды. Ішінде Дәуіт аға да бар. Курсанттық мектепті бітіріп, қолына екі мамандық бойынша куәлік алып шығады. Біріншісі – электр механиктің, екіншісі – жүргізуші куәлігі.

Дәуіт ағаның қайсарлыққа құрыштай шыңдалғанынан хабардар ететін мына бір оқиғаны айта кеткен жөн. Ол кезде Кеңес Одағының Батыры, жоғары сыныпты ұшқыш, генерал-лейтенант Стебельковтың жеке жүргізушісі болатын. Бір күні түнде аяқ астынан әскери дабыл қағылады. Киіне сала, казармандан атып шыққан Дәуіт Сағадиевке жиналып тұрған командирлердің ішінен біреуі: «Заведи машину!» деп, бұйрық береді. «ЗИС-151» маркалы, ауыр әскери техника еді. Машина ток беріп тұратын радиостанциямен жабдықталған, прицеппі бар, будкалы, он дөңгелекті болатын. Сағадиев болса, бұрын-соңды бұл сияқты ауыр машинаға отырмаған еді. Дабыл кезінде Козадов деген машина жүргізушісі келмей қалған екен. Жанына кіші лейтенант, радист Медведов Николай, ефрейтор Козырев Сергей, тағы біреулерді отырғызып алып,

тәуекелге бел байлап Сағадиев жүріп кетеді. Бағыт – Карпат тауы. Биік тау. Шығу қиын. Ауыр машина екі иығынан дем алып, тауға қарай ышқына өрмелей, ілби жылжып келеді. Кірпік қақпай, күн-түн жүріп, белгіленген уақытынан кешікпей, аман-есен межеге жетті-ау. Осы тапсырманы уақытымен бұлжытпай орындағаны үшін жауынгер Сағадиевке бір ай демалыс беріліп еді. Соғыс кезінде тылда жүріп, аянбай еңбек еткен Сағадиев Дәуіт ағамыз әскерде де бар міндетін жауапкершілікпен атқарды. Әскери міндетіне асқан адалдығы мен зор жауапкершілігі үшін Қорғаныс министрінің бұйрығымен екі адамға, соның бірі Сағадиев Дәуітке әскери мерзімі аяқталмай тұрып, жоғары оқу орнына түсуі үшін әскерден ерте босатылуына рұқсат етілді. Кеудесіне «Әскери әуе күшінің үздігі» төсбелгісі тақты.

1958 жылы Сағадиев Дәуіт Өскемен қаласындағы педагогикалық институттың өндірістік физика факультетіне түсіп, жоғары білім алады. Ұстаздардың ұстазы болып, талай мектептерде мектеп директоры, мектеп ісінің меңгерушісі болып қызмет етті. Алдынан талай шәкірттер қанаттанып ұшты. Педагогикалық қызмет жолында да абыройдан кенде болған емес. Спорттан да алда болды. «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 65 жыл», «Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 70 жыл» және «Труженику тыла. 75 лет Победы в Великой Отечественной войне» медальдарының, басқа да марапаттардың иегері.

ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ БАР?

Осы жолдарды жазып отырып, тыл ардагерлері Үкімет тарапынан жеткілікті қолдау алып жүр ме екен деп ойлады. Қазіргі кезде соғыс ардагерлерімен қатар тыл ардагерлерінің де қатары күн сайын сиреп барады. Жаңылыспасам, ҚР «Ардагерлер туралы» Заңы бар. Онда 1941 жылдың 22-маусымы мен 1945 жылдың 9-мамыры аралықтарында алты ай жұмыс істегендер еңбек ардагерінің санатына жататыны жазылған. Құйымшағы ойылса да, қыңқ етпей, ересектер де шыдай бермейтін қайсарлықпен, Жеңіс күнін жақындатуға барын салған, жанын салған Дәуіт ағадай төрт жыл бойы табандары тілініп жүріп, аштықтан қарындары құрысып жүріп, шөлден тілдері салақтап жүріп еңбек еткен тыл ардагерлерін Жеңіс күні таяғанда, алты ай ғана еңбек еткендермен бір деңгейге қою, сондай-ақ тыл ардагерлері мен еңбек ардагерлерінің ара-жігін ажыратпау -біздің қоғам үшін сын деп санаймын. Еңбек ардагерлері жыл сайын қатарымызға қосыла береді. Оған тәуба дейік. Тек қазіргі санақ бойынша соғыс ардагерлерінің саны 115-тің маңайында болса, тыл ардагерлерінің қатарлары да азайып барады. Тыл ардагерлерін ұрпағы ұялмайтындай уақытында тиісті деңгейде ұлықтап, жәрдемақы, басқа да әлеуметтік қолдау түрлерін көбейтсе, әлі де кеш емес. Тек тізгіні қолында барлардың құлағына жетсе осы сөзім.

Біздің жарқын болашағымыз үшін бойларындағы қажыр-қайраттарын сарп еткен Ұлы Отан соғысының барлық соғыс және тыл ардагерлеріне денсаулық тілеймін. Аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың, Дәуіт Сағадиев сияқты ағаларымыздың әр ісі ұрпақ үшін үлгі болмақ. Тек қолда бар алтынды бағалай білейік!

Гүлзифа Орынбасарқызы
Өскемен қаласы
Суретте: Дәуіт ата мен жұбайы
Қасиля апа Сағадиевтер.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ

Ерекше досым туралы

Бұл естелік 1998 жылы Қарағандыда жазылған. Авторы Катонқарағайдың тумасы Мәлік Имашев (1922–2013) Ұлы Отан соғысында авиацияда қызмет етіп, жүздеген жауынгерлік тапсырманы орындады. Соғысты Кенигсберг қаласында аяқтаған. Көптеген әскери және еңбек наградалары бар. Алматы партия мектебін аяқтағаннан кейін (1949–1951) Қарағандыға жіберіліп, бүкіл ғұмырын сол өңірінде өткізіп, лауазымды қызметтер атқарған. Шет аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы, Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, ұзақ уақыт Қарағанды облыстық кәсіподақ кеңесін басқарған. 1973–1994 жылдары облыстық «Полиграфия» кәсіпорнының бас директоры болды. Адамдық қасиеттері үшін ол үлкен беделге ие болған. Қарағандылықтар оны құрмет тұтады.

Редакциядан



Менің балалық, жастық және соғыстан кейінгі жас кезімде Катонқарағай деген шағын туған өлкемде көптеген достарым болды. Өкінішке орай, олардың көпшілігі қазір жоқ. Қабдош Бакин, Қабдош Дамитов, Құмаш Боранбаев, Оралбек Қасымов, Михаил Качесов, Николай Кузьмин және тағы да басқа көптеген азаматтар қайтыс болды, Василий Поляков әйелінің отанына – Қостанай облысына кетті, Геннадий Нечаев, Сәлімжан Алин және басқалары туған жерде қалғанымен, бірақ көп жылдар болды (елу жыл бұрын) менің туған жерімнен алыстап кетуіме байланысты олармен байланысым үзілді.

Менің жастық шақтан келе жатқан досым және әріптесім Бошай Кітапбаев – ерекше дарынды, ұйымдастырушылық қабілеті мол, жаңашылдыққа жаны құмар, кез келген жаңа нәрселердің иісін сезетін, пайдалы істің көзін тауып, одан келетін пайданы көре білетін тұлға. Ол дүниеге ертерек келді! Егер ол отыз-отыз бес жыл кейін туылса, дүниені төңкеріп, туа біткен кәсіпкерлік дарынын іскерлікпен жүзеге асырар еді. Ол қазақстандық Онассис, Дюпон, Рокфеллер болар еді!

Дегенмен, кеңестік қатаң тыйым салу уақытында да, сол жаққа немесе оңға қадам жасау Отанға сатқындық сияқты жазаланған кезінің өзінде де, ол істі соншалықты жақсы жолға қойып, шаруашылықты шеберлікпен ұйымдастырып басқара алды, ол кейіннен колхоз өндірісінің тиімділік эталонына айналдырды.

1947 жылдың басында мен майданнан оралғанда Бошай Катонқарағай аудандық атқару комитетінің хатшысы болып жұмыс істеді. Оған дейін біраз уақыт аудандық жоспарлау комиссиясын басқарды. Оның жұмысы полк штабы бастығының қызметін еске түсіретін. Шекара маңындағы үлкен аудан аумағында орналасқан ауыл шаруашылығы артельдерінің, орман шаруашылықтарының, ұйымдар мен мекемелердің жұмысы туралы барлық мәліметтер атқарушы комитеттің хатшысына жинақталатын.

Содан кейін 1950 жылы наурыз айында аудандық партия комитеті оған қиын да жауапты саланы жүктеп, аудандық тұтынушылар одағының төрағасы етіп тағайындады. Ауылдың тұрмысы көп жағдайда аудандық тұтынушылар одағының (РайПО) жұмысына байланысты болды, өйткені, ол барлық бөлшек сауда жүйесін жүзеге асырды, азық-түлік пен өнеркәсіптік тауарларды сатып алды, өндірілді және сатты.

Соғыстан кейінгі жылдарда тұтынушылар одағының бастықтары бұл қызметте ұзақ тұрақтай алмады. Оған дейін Катонқарағай аудандық тұтынушылар одағының төрағасы боп жұмыс істеген екі-үш кешегі майдангерлер «аса ірі көлемде кооператив қаржысын жымқыру мен ұрлауға жол бергені, ішімдік ішіп, жұмысын құлдыратқаны үшін» жұмыстан шеттетіліп, кейбірі ұзақ мерзімге сотталып та кетті.

Бір жылға жетер-жетпес уақытта Бошай Катонқарағай тұтынушылар одағын алдыңғы қатарға шығарып, тауар айналымы жоспарын бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген 750 пайызға орындап шықты.

Ол мұны қалай жасады? Банктен несие алып, мамыр айында шаруашылықтардан бір жарым мың бас ірі қара малын сатып алып, оларды жазғы жайылымдарда семіртіп (бордақылап), күзде Өскемен-Зырян жаңа темір жол салып жатқан әскери құрылысшыларға келісім бойынша өткізді. Жоғары жетістіктер облыс басшылығы назарынан тыс қалмай, жиырма алты жасар соғыс мүгедегі облыстың ірі аудандарының бірі – Зайсан аудандық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды.

Партия: «Коммунистер ауылға барсын, колхоздар мен совхоздарды көтерсін» деп ұран тастағанда менің досым Бошай колхозға баруды өтінді.

– Сен неге ауданды колхозға ауыстырдың? – деген сұрағыма, ол:

– Мүгедек адам үшін үнемі ауданды аралап жүру қиын. Егер өз көзіңізбен жергілікті жерде не істеп жатқанын көрмесеңіз, дұрыс шешім қабылдап қана қоймай, не істеу және қалай істеу керектігін айту оңай емес. Сонымен қатар сіздің шешіміңізді біреу арқылы жүзеге асыру керек болады. Ал колхозда бұған бас изейтін ешкім жоқ. Өзің ойлап таптың, өзің шештің, өз шешіміңді өзің орындайсың. Нақты істермен айналысатын адам үшін колхоз – тамаша қызмет алаңы, – деп жауап берді.

Орталығы Новоберёзовка ауылында орналасқан колхоз Бошай Кітапбаев төраға болып сайланғанда аудан мен облыстың басқа да ондаған ұжымшарлары сияқты қуаты шамалы, әлсіз еді. Тек жылдар өткен соң ғана ол көршілес

бірнеше шағын шаруашылықтарды өзіне біріктіріп, Ленин атындағы колхозға, облыстағы ғана емес, республиканың өзіндегі ірі, көп салалы шаруашылыққа айналды.

Осы орайда, оның 30 мың гектар егістік алқабы, 5 мыңнан астам ірі қара малы, 50 мың қой мен ешкі, мыңдаған жылқысы, 1500 ара ұясы бар үлкен омарта шаруашылығы болғандығын айтудың өзі жеткілікті. Тек мемлекетке күнбағыс дақылын тапсыру колхозды көптеген көршілес шаруашылықтарда болмаған табыспен қамтамасыз етті. Шаруашылықтың өндірген көп түрлі өнім көлемін біздің Қарағанды облысының бұрынғы Егіндібұлақ ауданы сияқты кішігірім аудандар өндіре алмайтын.

Ленин атындағы колхоз елімізде алғашқылардың бірі болып еңбеккүннен еңбекақы төлеу жүйесіне көшті. Кейінірек менің досым Мәскеуде, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар Академиясының экономика кафедрасында өз ұжымшарының мысалында кандидаттық диссертациясын қорғады. Оған экономика ғылымдарының кандидаты атағы берілді.

Мәскеуде өткен Бүкілодақтық кеңестердің бірінде ол өз колхозының жұмыс тәжірибесі туралы айтып, Н. Хрущевтің мақтауына ие болды.

– Қараңыздар, соғыста аяғынан айырылған жас жігіт, I топтағы мүгедек, ал істі қалай жүргізеді! Тыңдаңдар және одан үйреніңдер! – деді Хрущев.

Сол жылдары оған «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. Менің айнымас досым Бошай осындай іскер адам болды. Енді іскерлігін айтқаннан кейін адамгершілік қасиетін айтпай кетуге болмайды. Мен әлі Бошайдың адами портретін сипаттаған жоқпын.

Досым Бошайдың ерекше тұлға екенін жазғанда оның адамдық биік қасиетін, елжандылығын, қамқор болмысын, мінезінің өзіндік ерекшелігі мен ашықтығын еске алдым. Шындықты айтып, үлкен бастыққа қарсылық білдіріп, дербес мінез, қайсарлық танытып, керек кезде тайынбайтын да, тайсалмайтын. Сондықтан оның облыс басшыларымен қарым-қатынасының жиі қырғын-қабак болуы ғажап емес еді.

Бірде оны өз айтқанына көндіруге тырысқан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы А.Неклюдов кабинетінде көмекшілерінің көзінше:

– Сен жай ғана колхоздың төрағасысың және менің саған не істей алатынымды түсінуің керек! – деп қорқытады.

Бошай бұл қорқытуға:

– Сіз маған ештеңе істей алмайсыз. Мен Сізден қорықпаймын! – деп тура жауап береді.

Мұндай текетірестер оны ақырында өз баласындай көретін – Ленин атындағы колхозды тастап, Талдықорған облысындағы шаруашылығы да одан кем емес Алдабергенев колхозын басқаруға мәжбүр болуына әкелді. Рас, алты жылдан кейін Ленин атындағы колхоз өз позицияларынан айырыла бастағанда облыстағылар кешірім сұрай отырып досымды қайта өз жеріне шақырады. Ол болмаған кезінде колхоздан үш ауыл бөлініп шығып, «Ульяновский» таулы совхозы құрылған. Төраға оралғаннан кейін Ленин атындағы колхоз екі-үш жыл ішінде шаруашылық бөлінгенге дейінгі мал басын қалпына келтірді. Ол өзінің туған колхозында тағы 10 жыл жемісті еңбек етті, зейнетке шыққан күнге дейін ұжымдық еңбек тиімділігінің үлгілерін көрсетті. Мұны мен колхоз жүйесін қиратып, жамандап жүргендерге жауап ретінде айтып отырмын.

Оның жоғары адамгершілік қасиетіне, мейірімділігі мен жан дүниесінің кеңдігіне мынадай бір ерекше факт куәландырады. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 50 жылдығына орай ол өз

қаражатына қатонқарағайлықтардың қаза тапқан жерлестерінің есімдері жазылған ескерткіш жасап орнатты. Қазақстанның шығысында, Ресей, Моңғолияға және Қытаймен іргелес жатқан Алтай жерін мекендеген туған елінің шежіресін баяндайтын «Тоғыз таңбалы Найман» атты екі томдық кітап шығарды.

Алпысыншы жылдардың соңында Бошай екеуіміз бір мезгілде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары болып сайландық. Сондықтан бізге жиі кездесуге, әңгімелесуге, бір қонақ үйде тұруға келді. Мұндай жағдайларда мен оның сессияда отырғанымен өз ұжымшарын ойлап, соның қамын жеп жүретінін байқайтынмын. Тыныш әңгіменің арасында ол кенет орнынан тұрып:

– Менің бір жерге баруым керек – дейтін.

– Қайда? – деп сұрағаныма.

– «ҚазСельхозТехникаға». Колхоздың көлігі келіп тұр. Техникаға қосалқы бөлшектер сұрап алу керек, жақында егін жинау науқаны басталады, – деп мәлімдейтін.

Бір күні ол кенет жиналды. «Қайда барасың?» – деп сұраймын.

– Димаш Ахметовичке бару керек.

– Кеш болды, ол кісі жұмысында жоқ қой. Қайда барасың?

– Оның үйіне.

– Үйіне, қалай? – деп таң қалдым.

– Неге келдің? Не дейсің, не айтасың? – деп сұрадым.

– Сағындым деймін.

Таңертең мен сұраймын ғой:

– Не? Димекеңде болдың ма?

– Болдым.

– Ал өзіңнің «сапарыңды» қалай түсіндірдің?

– Сізді көптен бері көрген жоқпын, сағындым. Сізді көргім келді.

– Ал Димеке сені қалай қабылдады?

– Жақсы. Шай ішіп, жұмыс туралы әңгімелестік. Ол машинасын шақырып, мен кетіп қалдым.

Сырт көзге қарағанда жай Алматыда тұратын бір жерлесінің үйіне қонаққа барғандай болды.

Оның есімін республикамызда жақсы біледі. Қызықты және жан-жақты тұлға болғандықтан, ол әрқашан айналасындағылардың назарын өзіне аударып жүретін, көптеген адамдар онымен танысуға және араласуға тырысатын.

Көз алдымда Қарағанды облысындағы партия саласындағы баспалдақтарынан көтерілуін бастаған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы М.Меңдібаев менімен бір кездесуінде 1988 жылы Өскеменге барған сапарында және облыстық партия конференциясына қатысу кезінде Бошаймен танысқанын айтқаны әлі есімде.

«Сіздің ағаңызбен таныстым», – деп, қуанышын жасырмай-ақ білдірді. Мен дәкей басшының аузынан досым туралы жылы сөздерді естігеніме шаттандым. Тек Марат Сәмиұлын сәл түзетіп қойдым: «Бошай менен 1-2 жас кіші, оған мен аға боламын», – деп.

Мен оның ата-анасы: Кітапбай аға мен Мәлике апаны жақсы білетінмін. Көп уақыт олардың үйінде тұрдым. Мен өзімнің «Естелік парақтары» атты кітабымда Бошайдың әкесі туралы «Ақ серке» деп аталған шағын әңгіме де жаздым. Бошай жұбайы Нағима екеуінің алты баласы, немерелері мен шөбелері бар. Бошайдың балалары әкесінің ізін жалғап, іскерліктерін танытуда, оның жақсы қасиеттерін мұра етуге тырысады.

Мәлік ИМАШЕВ,

Ұлы Отан соғысының ардагері

Суретте: Б. Кітапбаев М. Имашевтің (оң жақта) үйінде қонақта. Қонақтар қатарында академик Абылқас Сағынов пен мемлекет қайраткері Қуаныш Сұлтанов бар.



ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ

Жаралы алақандағы бір үзім нан

Уақыт өте келе кей оқиғалар көмескі тартуы мүмкін, бірақ Ұлы Жеңістің рухы мен оған қатысқан жандардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Арада 80 жыл өтсе де, сол зұлмат жылдардың зардабы мен жеңіс жолындағы жанкештілік жайындағы әңгімелер әрбір жүрекке жетіп, жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік пен рухани биіктікті қалыптастырып келеді.

Мен бүгінде университеттің 3-курс студентімін. Алайда он жыл бұрын, 4-сыныпта оқып жүргенімде Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай шығарма жазу барысында алғаш рет соғыс туралы терең ойланып, отбасымдағы ең қымбат естеліктермен танысқан едім. Ол кезде соғысты тек кинодан көрген, қиялмен ғана елестете алатын бала болсам, қазір – ержүрек ата-бабаларымыздың тағдырына басқаша, тереңірек үңіле алатын жастамын.

Соғыс... Көз алдыма көркем фильмдерден көрген жарылған бомба, атылған оқ, өлім құшқан адамдар мен жазықсыз қиылған тағдырлар, қираған қала мен қан сасыған дала елестейді. Жетімдер мен жесірлердің зары, аналардың көз жасы, тірі жетімге айналған балалардың жүрек үні құлақтан кетпейді. Бастапқыда «Мен не жаза алам? Соғысты көрген жоқпын ғой...» деген ой маза бермеді. Бірақ сол сәтте үйге қонаққа келген нағашы әжемнің жүректарды естелігі бәрін өзгертіп жіберді.

– Әже, сіз соғыс туралы білесіз бе?



Айтып беріңізші... – деп сұрадым.

– Соғыс басталғанда мен небәрі үш жаста едім. Анасыз қалдым. Панамыз жалғыз әкеміз еді. Ал ол майданға кетті. Жетімнің күні не болсын, шырағым... – деп әжем бір ауыр күрсініп, көзіне жас алды.

Осылайша, мен алғаш рет отбасымыздағы шынайы, ауыр тағдыр туралы білдім. Әжем Сағиза Нығметқызы 1938 жылы Марқакөл ауданындағы Былғарытабыт ауылында дүниеге келген екен. Әкесі Нығмет Түйірбайұлы соғыс басталғанда төрт баласын өгей шешенің қолына тастап, майданға аттанды. Сол кезде жүрегінен шыққан жыр жолдарын ауылдағы колхоз председателіне (Криянов) аманат ретінде айтып кеткен екен:

*Криянов деген бастығым,
Шабылмай қалды-ау астығың.
Жаутаңдап қалды-ау төрт балам,
Криянов саған тапсырдым...
Бастық бұл аманатты жанына жа-*

қын қабылдап, балаларға анда-санда көмек көрсетіп тұрған екен. Алайда өгей шешенің қаталдығы жетімдердің өмірін ауырлатып жібереді. Күнделікті таяқ, аштық пен суық олардың балалық шағын жалмап, ерте есейтеді. Картоп еккен егістікте қалған ұсақ түйнектерді жинап, отқа көміп пісіріп, бір үзім дәмге зар болған күндер көп еді. Бірақ одан да ащысы ананың мейірімі мен әкенің қамқорлығынан айырылу болатын.

Араға төрт жыл салып, 1944 жылдың желтоқсан айында хат келеді: «Мен соғыста ауыр жараланып, госпитальда жатырмын. Қолым жазылса, соғысқа қайта араласам, жазылмаса елге қайтам». Жеңіске небәрі бес ай қалғанда, ауыр жараланған атам елге оралады. Ол – Калининград майданында жаумен шайқасқан жауынгер. Нағашы әжем айтқан осы бір оқиға әлі күнге дейін жадымда жаңғырып тұрады.

Жаяу әскер құрамында соғысқан атамның полкі вокзал маңына тоқтап, сәл аялдайды. Дәл сол сәтте аспанды қақ жарып, оқ пен бомба жауа бастайды. Қарсы тараптың сұмпайы солдаттары шабуылға шыққан екен. Жанұшыра жүгіріп келе жатып, атам аяқ астында тапталып жатқан бір үзім нанды көреді. Аш-жалаңаш күндердің дәмін татқан атам үшін бұл бүкіл өмірдің мәні еді. Сол сәттегі бір үзім нан аш құрсаққа емес, үмітке айналған, тіршіліктің дәміндей сезілген, өмір мен өлім арасындағы жұмақтың елесіндей асыл еді. Атам сол нанды еңкейіп ала бергенде, жарылыс үдей түсіп, отты бомба жарықшағы оң қолына тиіп, алақанын

жарақаттап, сүйегін тілгілеп өтеді. Қан-жоса күйге түскен алақаны майданнан алған ауыр естеліктің ізіне айналды. Естүсінен айырылған атам тек госпитальда ғана есін жияды. Сол ауыр жарақаттың салдарынан майдан даласындағы шайқасқа қайта кірісе алмай, елге мүгедек болып оралады.

Бірақ атам елге келген соң да қарап жатпайды. Тыл еңбегіне араласып, таудан көмір қазып, Мококин деген ұстаға өткізіп, отбасын асырайды. Жаралы қолымен қой бағып, балаларына тірек болған Нығмет атам еңбек саласының майталманына айналады. Ел арасында беделді, еңбекқор азамат атанып, зейнетке шыққанша ала таяғын тастамай, озат шопан болған. Жүзге дейін өмір сүріп, иманды ғұмыр кешкен атам ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, ұрпағына адалдық пен еңбектің, ерліктің өнегесін қалдырды.

Менің көз алдымда тек жаралы жауынгер ғана емес, нағыз батыр бейнесі тұр. Қан майданда да, тылда да аянбай еңбек еткен атамның өмірі – тарихтың тірі парағы, өнегенің асыл үлгісі. Әжемнің балалық шағындағы осы естеліктер арқылы мен сол жылдардың ащы дәмін жаныммен сезінгендей болдым.

Ұлы Жеңіс тек қарумен келмеген. Ол мызғымас рухпен, төгілген термен, қанмен және көз жаспен келген. Нығмет атамдай майдангерлердің, еңбек адамдарының арқасында бүгінгі тәуелсіз күн туды. Біз – сол ерліктің мұрагеріміз.

Балауса Оразалықызы

#ӨНЕГЕ

Қазыналы қариялар – қоғамның алтын діңгегі

Халқымызда «Қариясы бар ел – қазынасы бар ел» деген тағылымды сөз бар. Саналы ғұмырын ел мен жердің игілігіне арнаған, парасатпайымы биік ақсақалдар – ұлттың рухани тірегі, тәрбие мектебі. Олар ел ішінің ынтымағын сақтап, жас буынға жөн сілтеп, кешегіні бүгінмен байланыстырушы алтын көпір іспетті.

Осындай азаматтардың бірі – Шығыс Қазақстан облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы Манарбек Мұхамеджанов. Ол өңір ақсақалдарының басын біріктіріп, қоғамдық маңызды бастамалардың ұйытқысы болып отыр. Ақсақалдар кеңесінің жұмысы, ұлттық құндылықтарды насихаттау, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру бағытындағы игі істер жүйелі түрде жүзеге асуда.

Манарбек Мұхамеджанов Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, Астанадағы Мемлекеттік қызмет академиясын бітірген. Облыста түрлі жауапты және басшылық қызметтер атқарған. Бірнеше ғылыми, тарихи-танымдық еңбектердің авторы. Мәдениет қайраткері, Тарбағатай ауданының құрметті азаматы.

Қариялар қамын күйттеп, ел ішіндегі ынтымақ-берекенің нығаюына күш сап жүрген ол АМАНАТ партиясының белсенді мүшесі ретінде саяси реформалардың жүзеге асуына үлес қосып келеді.

Ақсақалдар ұйымын ортақ іске жұмылдырып, жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, ел игілігі үшін еңбек етуде. Сайлаухан Аухадиев,

Әлібек Нұрмұхамедов, Аман Сұлтанғалиев, Сағынбек Ақанов, Олег Фролов сынды ел ағаларымен кеңесе отырып, нақты жоспар жасалды. Қазір сол бойынша қыруар жұмыс атқарылып жатыр.

Биылғы «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында арнайы іс-шаралар жоспары құрылып, белсенді қариялар сол бағытта нақты қадамдар жасауда.

Манарбек Әзімбекұлының Өскемен өңірі ақсақалдарының бірінші және екінші форумдарына қатысып, діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған ой-пікірлерін айтып, ұлт руханияты мен дәстүрлі мәдениетті сақтау жолында маңызды ұсыныстар білдіргені есімде. Оның пайымынша, діни экстремизмнің басты себептерінің бірі – кей азаматтардың жалған діни сенімге еріп, ұлттық салт-дәстүрден, ата-баба жолынан, тарихи-мәдени құндылықтардан алшақтауы, тамыр үзуі.

Ақсақалдардың облыстық көшпелі үшінші форумы 2019 жылы Тарбағатай өңіріндегі Ырғызбай әулие кешенінде өткен болатын.

– Ақсақал деген ардақты атқа лайық бола отырып, өзіміздің өмірлік тәлім-тәрбиемізді, халықтық игі дәстүрлер мен салт-сананы кейінгі ұрпаққа үйретуге, аталы сөз айтып, туыстықты, бірлікті, елдікті сақтау жолында үлгі болуға тиіспіз. Жастарды білімге, ізеттілікке, еңбекке баулумен қатар, ауыл арасындағы кикілжіңдер мен келіспеушіліктерге бәтуа айтып, татулық орнатуға мүдделіміз, – деді сол жиында облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы.

Ақсақалдар кеңесі – халқымыздың



дәстүрлі институты. Бұрынғы бабалар заманында да осындай кеңестер құрылып, қоғамдық маңызды мәселелерді шешкен. Қазақ хандығында тарихи рөл атқарған хан кеңесі мен билер кеңесі де өз бастауын осы ақсақалдар кеңесінен алған. Хандарымыз ел басқаруда, батырларымыз жер қорғауда ақсақалдардың ақыл-кеңесіне сүйенген.

Бүгінгі таңда имамдар ата-баба дәстүрінен бастау алған дінімізді насихаттап, ұлттық құндылықтарды ұлықтап келеді. Жастарымыз да сол дәстүрден ажырамай, үлкендердің үмітін ақтауы аса маңызды. Бұл ретте өмір көрген, көпті түйген ақсақалдардың ақыл-кеңесі ауадай қажет.

– Ұрпақ тәрбиесі – ардагер-ақсақалдардың борышы. Бүгінгі таңда ардагерлердің жас ұрпақты тәрбиелеуге араласуы – еліміз бойынша ең өзекті мәселелердің бірі. Ақсақалдар қауымы қоғамдық-саяси белсенділігін арттыруға тиіс. Бұл – ардагерлер ұйымдарының басты жарғылық міндеттерінің бірі, – дейді төраға.

Балтабай Жоламанов, Болат Әлімғожин, Ерболат Сәдуақасов, Исламхан Әбижанов, Серік Оразбаев, Мәсура Сағымбаева сынды белсенді қариялар да бекітілген жоспарға сәйкес ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Мәселен, ұжым ішінде дүниеден өткен ардагерлерді еске алу шаралары ұйым-

дастырылады. Олардың рухына тағзым ретінде шахмат, дойбы турнирлері өткізіледі.

Сондай-ақ жоспарлы түрде «Таза қала» акцияларына қатысу, көше атауларын беру бойынша ұсыныстар енгізу, әкімдердің есеп беру жиналыстарына қатысу, ардагерлерді мерейтойларымен құттықтау, олардың қоғамдық іс-шараларға белсене араласуына жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Ардагер-ақсақалдар мектеп оқушыларымен, ата-аналармен жиі кездесіп, тәрбиелік мәні зор әңгімелер айтып, ақыл-кеңес беріп келеді. Олар №20, 24, 44, 45, 46, 47 және өзге де мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарына белсене қатысады.

Қоғамдық өмірдің әр саласына белсене араласып, өз тәжірибесімен бөлісіп жүрген ардагерлер – елге тірек, ұрпаққа үлгі. Ақсақалдардың қатысуымен өтетін кездесулер, тәрбиелік мәні бар іс-шаралар мен бастамалар – қоғам дамуына қосылған сүбелі үлес. Олар балалардан жеткен салт-дәстүрлерді сақтап қана қоймай, оны кейінгі буынға аманаттауда. Сондықтан бүгінгі қоғамда ақсақалдардың ақылы мен парасаты ауадай қажет.

Нұрғожа Серьянов,
ардагер ұстаз

ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

Кітапты сүйіп оқитын жастар көбейіп келеді

✍ Ержан ӘБИШ

Биыл елімізде алғаш рет 23 сәуір Ұлттық кітап күні ретінде ресми бекітіліп, бұл ерекше күнді ел болып атап өтудің негізі қаланды. Мемлекет басшысының бастамасымен енгізілген бұл мереке – кітапқа, білім мен руханиятқа деген құрметтің жарқын көрінісі. Осы айтулы күнге орай Пушкин атындағы облыстық кітапханада «Қуатты елдің жастары – кітаппен» атты танымдық пікірталас алаңы өтті.

Бұл шара – тек бір күндік басқосу емес, ел болашағы – жастардың рухани дамуына, әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған тың бастама. Пікірталас алаңына Өскеменнің әдеби-шығармашылық топтары, атап айтсақ «Төр Алтай-дың әдеби әлемі», «Кітаппен өскен мен», «Кітап ал» топтарының мүшелері мен бөлсенді кітапсүйер жастар қатысты. Олар өз ойларын еркін білдіріп, кітап оқудың жастар өміріндегі маңызы мен қоғамдағы рөлін талқылады.

Шараның шымылдығын белгілі балалар жазушысы Күлмай Сембайқызы ашты. Ол өзінің балалық шағы мен шығармашылық жолын еске ала отырып, кітаптың адам өміріне қосатын өлшеусіз үлесі туралы әсерлі әңгіме айтты. Оның сөзі жастарды қанаттандырып, әрқайсысының жүрегіне кітапқа деген қызығушылық дөнін септі.

Пікірталасқа қатысқан «Аманат» партиясы облыстық филиалының «Жастар рухы» жастар қанатының төрайымы Қорлан Туғамбаева да сөз сөйлеп, қазіргі жастардың кітапқа деген көзқарасы, әдеби талғамы және оқу мәдениеті жөнінде өз ойын ортаға салды.

Шарада жас ақындар мен шығармашылықпен

айналысатын жастар – Қызырбек Дүргінбай, Серік Қуанғанұлы, Әділ Әуезхан өздерінің жүрекжарды жырларын оқып, кітаптан алған рухани әсерлерімен бөлісті. Әр өлең – олардың жан-дүниесінің, ізденісінің, болашаққа деген сенімінің көрінісі болды.

Кітапхана оқырмандарының ішінен ерекшеленген отбасылық оқырмандар – Шыңғыс Манарбекұлы мен Шырын Ардаққызы өз балаларына кітапты қалай қызықтырып оқытатынын, отбасылық оқу дәстүрін қалай қалыптастырғанын әсерлі әңгімеледі. Бұл мысалдар оқырман қауымға үлкен ой тастады.

Пікірталас барысында жастар кітап оқуды қай форматта қалайсыз, қандай жанрларды оқуға құштарсыз, кітап таңдағанда кімнің кеңесіне жүгінесіз, сіз үшін кітап оқудың басты мақсаты не, кітап оқу мәдениеті дегеніміз не деген сұрақтар төңірегінде қызу талқы жүргізді.

Жастардың бұл ойлары бүгінгі буынның саналы көзқарасын, әдебиетке деген іңкәрлігін көрсетті. Шара барысында жас өнерпаздардың орындауында өсем әндер шырқалып, көштің шырайын аша түсті. Қатысушылар арасында викториналық сұрақтар ұйымдастырылып, жеңімпаздарға кітапхана атынан естелікке кітаптар сыйға тартылды.

Бұл шара тек мерекелік жиын ғана емес, ұлт болашағы – жас ұрпақтың рухани көкжиегін кеңейтуге бағытталған нақты қадам болды. Кітап арқылы рухани жаңғыру, ұлттық құндылықтарды сіңіру бүгінгі күннің басты ұстанымы екенін көрсетті.

Шара соңында қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, мұндай кездесулердің жиі өтуі қажет екенін жеткізді. Расында да қоғамның кемел келшегі – кітаппен тыныстап, біліммен қаруланған ұрпақтың қолында.

Ұлттық кітап күні – сөз өнеріне, руханиятқа, мәңгілік құндылықтарға тағзым ету күні. Ендеше, кітап оқудан жалықпайық!

ның табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел. 87475497781.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те: <https://ecoportal.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?land=ru>, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар e-mail:a.eldarbekova@akimvko.gov.kz мекенжайы бойынша, тел: 87713770768 қабылданады.

Жоба материалдарымен қағаз түрінде Өскемен қаласы, Ә.Қашаубаев көшесі, 32А мекенжайы бойынша танысуға болады.

Ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесін көруге болатын электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: e-mail: erbosyn@gmail.com, oksanabaston@mail.ru, тел: 87056022393.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің географиялық координаттары	
	солтүстік ендік	шығыс бойлық
1	50°21'58,56"	83°28'29,68"
2	50°21'58,32"	83°28'52,1"
3	50°21'42,64"	83°28'50,11"
4	50°21'38,31"	83°28'42,71"
5	50°21'39,94"	83°28'37,21"

келесі телефондар арқылы хабарласуға болады: 8-771-922-04-41.

Тапсырыс беруші: «Шығыстүстімет» ЖШС, БСН 140740012829, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Александр Протозанов атын. көш., 121, тел. 8 (7232) 59-35-59.

Жобаны әзірлеуші: ««Инженерлік шешімдер» жобалық-құрылыс компаниясы» ЖШС, БСН 011140001174, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ, Серікбаев к. 37, тел. 8 (7232) 71-13-81.

Жергілікті атқарушы орган – «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, эл.мекенжайы: priemnaya_upripvko@akimvko.gov.kz, пошталық мекенжайы: Өскемен қ., К.Либкнехт көш., 19, тел. 8 (7232) 25-72-06.

Жоба бойынша құжаттама ndbecology.gov.kz сайтында және ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz. «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты алуға болады: almira.kurgambayeva@kazminerals.com, 8-77192-20441.

Ескертулер мен ұсыныстар келесі электрондық мекенжайлар бойынша қабылданады:

almira.kurgambayeva@kazminerals.com, priemnaya_upripvko@akimvko.gov.kz, a.eldarbekova@akimvko.gov.kz.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Нуржан Инвест» ЖШС Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: Шығыс Қазақстан облысында орналасқан «Нуржан Инвест» ЖШС Прудхоз жер қойнауы учаскесінің тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлері туралы есеп.

2. Әсер аумағы: ҚР, ШҚО, Өскемен қ. Координаттары: т.1 - 82° 27' 58,16" СШ, 49° 59' 59,45" ВД; т.2 - 82° 28' 00" СШ, 50° 0' 1,13" ВД; т.3 - 82° 27' 47,48" СШ, 50° 00' 00" ВД; т.4 - 82° 27' 38,32" СШ, 50° 00' 2,63".

3. Қоғамдық тыңдау **2025 жылдың 29 мамырында сағат 10.00-де** ҚР, ШҚО, Новоявленка ауылы, Садовая көшесі 15, Мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді.

Онлайн тыңдаулар сілтеме бойынша ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы өткізіледі:

<https://us05web.zoom.us/j/83921003235?pwd=2nXtsgQ53N8xBaLBDW0Qq6jpMAgFhI.1>

Конференцияны сәйкестендіруші: 839 2100 3235. Қолжетімдік коды: 7q6jqe.

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Нуржан Инвест» ЖШС, БСН 210740029561. Мекенжайы: 070000, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Мейірім к-сі, 17 үй, тел: 87777349706, e-mail: too_nurzhaninvest@mail.ru.

5. Әзірлеуші: «EcoUnion» ЖШС БСН 230240024744. Мекенжайы: 070004, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Әуезов даңғылы 11/2, н. т. 66, тел. (8-7232) 61-05-324, e-mail: ecounion23@mail.ru.

6. Жобалық құжаттама пакетімен ОЖ жағдайы туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша сұратуға болады: «Нуржан Инвест» ЖШСҚР, ШҚО, Өскемен қ., Мейірім к-сі, 17 үй, тел. 87777349706, e-mail: too_nurzhaninvest@mail.ru, «EcoUnion» ЖШС, 070004, ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Әуезов даңғылы 11/2, тел. 8(7232) 61-05-32, e-mail: ecounion23@mail.ru.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық – e.nurkaigrova@akimvko.gov.kz; пошталық мекенжайы Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, К. Либкнехт көшесі, 19. Телефон: 8(7232)25-73-20.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

Сіздердің назарларыңызға, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 208 «БКМ қолдану мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес, техникалық талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты 100 шақты бақылау-кассалық машиналар (БКМ) моделдері мемлекеттік тізілімнен алынып тасалғанын жеткіземіз.

Мемлекеттік тізілімнен шығарылған БКМ модельдерінің тізімі Комитеттің ресми сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған:

https://kgd.gov.kz/sites/default/files/gosuslugi/prilozhenie_ob_isklyuchenii_0.docx

Осыған байланысты, егерде мемлекеттік тізілімнен шығарылған БКМ-дарды қолданып жүрген болсаңыздар, мемлекеттік тізілімге енгізілген, техникалық талаптарға сәйкес келетін БКМ модельдеріне көшу қажет.

Мемлекеттік тізілімге енгізілген онлайн/офлайн БКМ модельдерінің тізімі Комитеттің ресми сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған:

https://kgd.gov.kz/sites/default/files/gosuslugi/gosreestr_kkm_ru_0-2.docx

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2024 жылға жеке тұлғалардың көлік құралдарына салық төлеу мерзімі 2025 жылдың 1 сәуірінде аяқталғанын хабарлайды.

2 сәуірден бастап мерзімі өткен әрбір кешіктірілген күн үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде өсімпұл есептеледі. Бұл дегеніміз, төлем неғұрлым ұзақ кешіктірілсе, соғұрлым қарыз сомасы артады.

Салықты уақтылы төлемеген жағдайда, салық органдары қарызды 30 жұмыс күні ішінде өтеуді талап ететін хабарлама жібереді. Егер, 30 күн өткеннен кейін салық төленбесе және қарыз сомасы 1 АЕК-тен асса, салық бұйрығы шығарылады, оны 5 жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Бұдан әрі салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу үшін мүлікке тыйым салу және алып қою, шоттарды бұғаттау сияқты өндіріп алу шараларын қолдану үшін жеке сот орындаушыларына беріледі, ал 40 АЕК-тен жоғары берешек сомасы болса елден шығуға тыйым салуға салық бұйрығы шығарылады. Сонымен қатар, жеке сот орындаушыларымен берешек сомасынан басқа, берешек сомасының 25% мөлшерінде жеке сот орындаушының қызметтері үшін қосымша сома өндіріп алады.

Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан облысының 26 139 тұрғыны көлік салығы бойынша борышкер болып табылады, берешектің жалпы сомасы 861,1 млн.теңгені құрайды. Салықты уақтылы төлеу – бұл міндет қана емес, сонымен қатар ауыр зардаптарды болдырмау тәсілі.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-22, 87772397682

MARKETING@ALTAINNEWS.KZ

ДІН

Қатымханаларда қонақасын өткізуге тыйым салынды

✍ Ақерке РАҒЫЗБАЕВА

Шығыстың бас имамы және ақсақалдар алқасы ас беру, қонақасы өткізу, жаназа мен жерлеу мәселелерін талқылап, ысырапшылдыққа жол бермей, парыздарды дұрыс орындауға шақырды.

Халифа Алтай мешітінде «Ислам және отбасы құндылықтары» жылы аясында «Ас беру мәдениеті – қоғам өркениетінің көрінісі» тақырыбында облыстық ақсақалдар кеңесі мен ҚМДБ ШҚО өкілдерінің отырысы өтті. Жиында ақсақалдар ас беру мен қонақасы кезіндегі ысырапшылдық, жаназа мен жерлеу мәселелеріндегі олқылықтарды талқылады.

– Біздің жиналуымыздағы негізгі мәселе – астағы ысырап. Дәстүріміз бен шариғатқа сай келмейтін тұстарды атап, халыққа дұрыс бағыт-бағдар беру. Біреулер мұны ас дейді, хатым дейді, құдайы тамақ дейді, бірақ жиналудың басты себебі – дүниеден өткен марқұмның рухына дұға жасау, – деді ШҚО бас имамы Думан Сайфуллин.

ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕУ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ас беру мәдениетіне қатысты арнайы құжат қабылдады. Шығыс Қазақстан облысының бас имамы Думан Нәдірұлы осы құжаттың негізгі талаптарын түсіндіріп өтті.

– Бірінші кезекте ысырапшылдыққа жол берілмеуі керек. Бұл – уақыттың да, астың да ысырабы. Уақыт ысырабы дегеніміз – асқа кешігіп келу, ұзаққа созылған көңіл айту мен тілек білдіру. Бұрын ата-бабаларымыз оқылған Құран мен айтылған дұғадан ұзақ сөйлемеген. Екіншіден, тамақтың ысырабы – қазіргі таңда той мен астың дастархандарын ажырату қиын. Сондықтан халыққа жеңіл болу үшін орта есеппен жеті түрлі ас беру ұсынылған, – деді бас имам.

Ас беру кезінде көпшіліктің көңілін табуға тырысып, дастархан жайған отбасы қарызға батуы мүмкін.

– Бес саусақ бірдей болмағандай, адамдар да әртүрлі. Барша жұртты бірдей разы қыла алмайсың. Сондықтан асты Алланың разылығы үшін беру керек. Дастархан «марқұмның атынан



автордан

ҚОНАҚАСЫНДА ҮНЕМ БОЛСЫН

Ақсақалдар қонақасын мейрамханада өткізуді ысырапқа жатқызды. Көп жағдайда үй иелері дәмхана іздеп, дастархан әзірлеумен айналысып, келген адамдармен кездесе алмай қалады. Қаралы отбасы аза тұтып үлгермейді. Сол себепті қонақасын үй ішінде өткізіп, келген кісіге ауыз тигізіп, шай беру әлдеқайда жөн болары айтылды.

– Қонақасыда марқұмның жақын туыстары мен ақсақалдар түні бойы бірге болады. Олар үшін арнайы ас әзірленбейді. Бұрын қазақ қонақасы үшін бір малын сойған. Бұл – марқұмға құрметтің белгісі. Ал қазір қайтыс болған адамның балалары мейрамхана іздеп, сандалып жүреді. Бұл дұрыс емес. Қонақасы қаралы үйде шағын дастарханмен өтуі керек, – деді Сабыр Оспанов.

Сабыр Жұмағалиұлы мешіт жанындағы қатымханалардың да қонақасы өткізуден бас тартуы қажет екенін айтты. Себебі осы үрдіс мешіттен басталса, халық оған оңай бейімделіп кетеді.

Отырыс қортындысы бойынша, ҚМДБ ШҚО өкілдігі ШҚО Ақсақалдар кеңесімен бірлесе отырып, Шығыс Қазақстан облысының мешіттерінің қатымханаларында бақилық болған адамға қонақасы беруді үзілді-кесілді тоқтату, сондай-ақ, мейрамхана, дәмхана мен тойханаларға қонақасын өткізу ысырапшылдыққа жол беру екендігі ескертіліп, түсінік жұмыстарын жүргізу қаулы етілді. Бұдан бөлек, бақилық болған адамның жаназасы, жетісі, қырқы, жылдығы кезінде дастарханда ҚМДБ ұсынған жеті түрлі тағам ғана болуы қадағаланатын болады.

берілген садақа болсын» деген ниетпен жайылуы қажет. Басқа ниет – астың сауабын кемітеді, – деп атап өтті Думан Нәдірұлы.

Сонымен қатар, ақсақалдар жеті түрлі асқа міндетті түрде қазы-қартаны қосудың қажеті жоқ екенін айтты.

– Қазы-қарта – еттің ең қымбат түрі. Адамдар асқа қазы жеу үшін емес, көңіл айтуға, Құран бағыштауға келеді. Сондықтан дастархан мәзірінен қазы-қартаны алып тастау жөн болады, – деді облыстық ақсақалдар кеңесінің мүшесі Сабыр Оспанов.

Шариғатта ас беру міндеттелмеген. Бұл – қаралы үйге көңіл айтып, дұға жасап, қолдау көрсету үшін жасалатын амалдардың бірі.

ЖАНАЗА РӘСІМІ – ПАРЫЗ АМАЛ

Марқұмның артынан міндетті түрде орындалуы тиіс төрт амал бар: мәйітті жуындыру, ақ матаға кебіндеу, жаназа намазын оқу, жер қойнына тапсыру.

– Жаназа намазына қатысу – мұсылманның міндеті. Әр тәкбірдің арасында айтылатын сөздер – марқұмға арналған дұғалар. Қазақ ешқашан топырақ салудан қалған емес. Алайда бүгінде жаназаға келмей, қонақасымен шектелеп, кетіп қалатындар бар. Бұл дұрыс емес. Біздің міндетіміз келесі күні басталады. Жаңағы төрт амалды орындауға қатысуымыз керек, – деді Думан Сайфуллин.

Сондай-ақ, ақсақалдар зират басындағы жағдайға да назар аудару қажеттігін айтты. Қабір дұрыс қазылып, мәйіт тиісті түрде жерленуі керек.

Бұған қоса, құдайы ас пен жұма намазының уақыты қабаттаспауын қадағалау қажет.

#ЛОГИСТИКА

Аудан орталықтарына автобус қатынасы қайта ашылды

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

Облыс орталығынан Ұлан ауданындағы Бозанбай ауылы мен Марқакөлге, Тройницкое бағытына автобус қайта жүре бастайды. Бозанбай ауылына тұрақты автобус бағыты 25 сәуірден бастап іске қосылады.

ШҚО жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының хабарлауынша, Өскемен қаласынан Бозанбай бағытына автобус күн сайын сағат 11:30 және 16:30-да Абай даңғылы бойындағы автовокзалдан жүреді. Ал Бозанбай ауылынан облыс орталығына сағат 7:30 және 13:30-да

ауыл әкімдігі жанындағы аялдамадан қатынайды. Жолақысы – 1 000 теңге, 15 жасқа дейінгі балалар үшін 50 пайыздық жеңілдік бар.

Марқакөл ауылына автобус 1-мамырдан жүре бастайды. Автобус Абай даңғылындағы автовокзалдан сағат 14:30-да шығады. Марқакөлден Өскемен ба-

ғытына автобус сағат 7:00-де қозғалады. Жолақысы – 4 500 теңге, балалар үшін – 50%.

Сондай-ақ, 1-мамырдан бастап Мыза көшесіндегі автобекеттен тағы екі бағыт бойынша автобустар қатынай бастайды. Өскемен-Жаңа-Қанай бағыты бойынша автобус сағат 12:00 және 16:50-де жүреді. Жолақысы – 650 теңге. Ауылдан облыс орталығына кері бағытта – сағат 8:20 және 13:20-да. Өскемен– Тройницкое бағыты бойынша автобус сағат 16:45-те, ал кері бағытта – сағат 7:00-де жүреді. Билет құны – 1 500 теңге. Балалар билеті толық бағасының жартысына тең.

Облыстың салалық мекемесі көпбалалы аналар мен бірінші топтағы мүгедектер барлық облыстық маршруттарда тегін жол жүру құқығына ие екенін еске салды.

Жұлдыз–жорамал (28 сәуір – 4 мамыр)

ТОҚТЫ Бұл аптада белсенділік танытып, жаңа жобаларға бастамашы боласыз. Жұмыстағы белсенділігіңіз жоғары бағаланады. Қарым-қатынаста ашықтық маңызды рөл атқарады. Денсаулыққа көңіл бөліп, артық күш жұмсамауға тырысыңыз. Апта соңында қуанышты жаңалық күтілуде.

ТОРПАҚ Қаржы мен жеке даму салаларында алға ілгерілеу байқалады. Жаңа мүмкіндікке батыл қадам жасайсыз. Отбасыңыздан қолдау табасыз, бұл сізге сенімділік береді. Аптаның екінші жартысы тынығуға қолайлы. Дене белсенділігін арттыру пайдалы болады.

ЕГІЗДЕР Сіз үшін бұл апта – қарым-қатынас пен шығармашылық кезеңі. Көптен бері ойлап жүрген идеяңызды жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Кездейсоқ таныстық маңызды рөл атқаруы мүмкін. Жұмыста кішігірім өзгерістер болуы ықтимал. Апта соңында жоспардан тыс сапар орын алуы мүмкін.

ШАЯН Отбасылық мәселелер мен үй шаруалары басты назарда болады. Эмоциялық тұрақтылықты сақтау маңызды. Қиын жағдайларды сабырмен шешуге тырысыңыз. Достарыңызбен кездесіп, рухани тынығуға қолайлы кезең. Апта соңына қарай жақсы жаңалық естисіз.

АРЫСТАН Өзіңізге сенімділік артып, мансапта жаңа белеске көтерілу мүмкіндігі туады. Таныстар арқылы маңызды ұсыныс алуыңыз мүмкін. Жеке өмірде романтикалық сәттер күтілуде. Креативті ойлар мен шабыт оянады. Апта соңында демалысты жақсылап жоспарлаңыз.

БИКЕШ Аптада тәртіп пен жоспарға сүйену арқылы үлкен нәтижеге жетесіз. Жұмыстағы жинақтылығыңыз әріптестеріңіздің сенімін арттырады. Денсаулыққа көңіл бөліп, ұйқы режимін ретке келтіріңіз. Жақындарыңызбен жылы әңгіме шабыт сыйлайды.

ТАРАЗЫ Жаңа таныстықтар мен қызықты кездесулерге толы апта. Шығармашылық шабыт артып, бастамаларыңыз қолдау табады. Қаржылық жағынан күтпеген табыс болуы мүмкін. Эмоцияңызды бақылауда ұстап, салмақты шешімдер қабылдаңыз. Демалыс күндері табиғат аясында тынығу пайдалы болады.

САРЫШАЯН Сезім мен логика арасында тепе-теңдік табу қажет. Апта маңызды шешімдер қабылдауға қолайлы болмақ. Іскерлік қарым-қатынаста жаңа мүмкіндіктер туындайды. Жеке өмірде ескі достық қайта жандану ықтимал. Демалуға және ой жинауға уақыт бөліңіз.

МЕРГЕН Апта жаңалық пен қозғалысқа толы болады. Шығармашылық шабыт артып, жаңа жобаларда табыс күтіледі. Достармен қарым-қатынас күшейіп, ортақ идеялар пайда болады. Іс-сапар немесе саяхат жоспарлануы мүмкін. Апта соңында жағымды кездесу күтіп тұр.

ТАУЕШКИ Аптада кәсіби салада тұрақтылық пен ілгерілеу байқалады. Ішкі түйсігіңізге сеніп, дұрыс шешім қабылдайсыз. Қаржылық жағдай жақсарады. Жақындармен жылы кездесулер мен шынайы әңгімелер көңіл-күйді көтереді. Демалыс күндері тынығуға және өзіңізді еркелетуге уақыт бөліңіз.

СУҚҰЙҒЫШ Аптада креатив пен батыл қадамдар сәтті нәтиже береді. Жаңа идеяларыңыз бағаланады және қолдау табады. Таныс ортада беделіңіз артады. Жақын адамдармен ашық сөйлесіп, түсініспеушілікті жойасыз. Апта соңында көңіл көтеретін іс-шараға қатысуыңыз мүмкін.

БАЛЫҚ Рухани тынығуға және ішкі үйлесімділік табуға қолайлы апта. Шығармашылықпен айналысу – жан дүниенің қуаныш сыйлайды. Материалдық мәселелерде сабыр сақтаңыз. Қарым-қатынастағы кішігірім кикілжіңдерді ашық диалог арқылы шешуге болады. Апта соңында шабыт пен қуаныш оралады.

БАҚ-тың меншік иесі: «ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС Бас директоры А.К.ДҮЙСЕНОВ	Бас редактор Инабат ҚАЙСА	Қабылдау бөлмесі: тел: 8(7232)75-17-97 Жарнама бөлімі: 8-777-239-76-82, 8(7232) 75-28-22, e-mail: marketing@altaynews.kz	Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. ® белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады. Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.	Газет «Рекламный Дайджест» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20/1. Көлемі 6 баспа табақ. Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 3700 Тапсырыс №17	
---	-------------------------------------	---	---	---	------

3
>

Гастрольный проект
«Во все века»:
делегация
из России
посетила ВКО



5
>

Восточный
Казахстан –
потенциальный
центр рабочих
профессий



Рудный Алтай



ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКАЯ
ОБЛАСТНАЯ ГАЗЕТА

№ 17 (21032) 24 апреля 2025 год
www.rudnyi-altai.kz
Выходит с 10 апреля 1918 года



11-14
>

КАК ИЗМЕНИТСЯ ОБЛИК
УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА
В 2025 ГОДУ?

7
>

Мы в ответе
перед
планетой!



19
>

Грация и сила
в каждом
прыжке



#МОДЕРНИЗАЦИЯ

Качество жизни превыше всего

Медиацентр «Altai-News»
Махаббат Ахметжанова

Посёлок Касым Кайсенов Уланского района стремительно расширяется. Вместе с численностью населения растёт и потребность в социальной инфраструктуре, в том числе в образовательных и медицинских учреждениях. Аким Восточно-Казахстанской области Нурымбет Сактаганов посетил социальные объекты посёлка – действующие школы и строящуюся поликлинику.

БЕЗОПАСНОСТЬ – В ПРИОРИТЕТЕ

В средней школе посёлка Касым Кайсенов главе региона рассказали о текущей ситуации и поделились вариантами решения насущных вопросов. Сейчас школы здесь работают с перегрузкой, в две смены, так как их посещают вдвое больше учеников.

Нурымбет Сактаганов осмотрел учебные помещения, побеседовал с педагогами и учащимися. Одной из главных тем встречи стала не только перегруженность учреждения, но и его техническое состояние. Часть здания дала осадку. Как выяснилось, при строительстве не были учтены особенности грунта: в паводковый период в основании скапливается вода, что со временем и привело к просадке. Этот вопрос требует безотлагательного решения.

– Необходимо провести комплексное обследование здания, выявить проблемные участки и провести ремонтные работы летом – в период каникул, чтобы не нарушать учебный процесс. Безопасность и комфорт учащихся – наш приоритет, – подчеркнул Нурымбет Сактаганов.

В данное время в посёлке Касым Кайсенов ведётся проектирование новой школы на

600 мест. Этот шаг позволит разгрузить существующие учреждения и обеспечить детям качественные условия для обучения в одну смену. Нурымбет Сактаганов отметил, что населённые пункты с активным приростом требуют системного подхода – строительство социальных объектов не должно превращаться в долгострой. Необходимо не только устранить последствия, но и тщательно планировать развитие инфраструктуры, учитывая реальные темпы роста посёлка.

ГОРИЗОНТЫ ДЛЯ ТВОРЧЕСТВА

Также в посёлке Касым Кайсенов недавно открыли новое здание детской музыкальной школы – современное, полностью оснащённое и уже готовое принимать учеников.

В церемонии открытия школы участвовал министр просвещения Казахстана Гани Бейсембаев. Вместе с символическими ключами от учебного заведения он вручил учащимся ключи и от школьного автобуса.

– В Казахстане ведётся работа по реновации, то есть модернизации всех школ в соответствии с современным стандартом «Комфортная школа». В рамках этой рабо-

ты будут модернизированы не только школы, но и детские сады, колледжи и школы искусств. Создание комфортной среды для всестороннего развития и становления наших детей успешными личностями остаётся приоритетным направлением государственной политики, – подчеркнул Гани Бейсембаев.

Восточный Казахстан – один из лидирующих регионов в стране по охвату детей дополнительным образованием – порядка 94% школьников имеют доступ к кружкам, секциям и студиям. Новая школа в посёлке Касым Кайсенов внесёт свой положительный вклад в эту статистику.

– На четвертом заседании Национального курултая Глава государства Касым-Жомарт Токаев акцентировал внимание на вопросах дополнительного образования, подчеркнув необходимость единства образования и воспитания в рамках программы «Адал азамат», особо отметив необходимость воспитания детей через дополнительное образование. Открытие школы искусств – это показатель работы нашего региона в данном направлении, – сказал аким ВКО Нурымбет Сактаганов.

Новое учебное заведение оснащено 14 современными кабинетами, приспособленными для занятий творчеством. А для выступлений и репетиций предусмотрен концертный зал на 126 мест.

– У нас несколько основных направлений: инструментальное, в которое входит обучение игре на народных казахских и русских инструментах, также на фортепиано, скрипке, виолончели, духовых и ударных. Есть театральное отделение, хореографическое, а также вокал. В штате 54 педагога,



основная часть – молодые выпускники вузов и колледжей по музыкальным направлениям и костяк опытных педагогов. Также у нас подписан меморандум о сотрудничестве с Восточно-Казахстанским училищем искусств имени народных артистов братьев Абдулиных, – рассказала заместитель директора по учебной работе детской музыкальной школы Жанар Жакупова.

ДОСТУПНОСТЬ И КОМФОРТ

В посёлке Касым Кайсенов Уланского района откроется новая поликлиника – строительные работы на завершающем этапе.

Объект станет важным звеном в медицинской инфраструктуре района и региона. Само здание уже построено, сейчас близятся к завершению вспомогательные работы – отделка, благоустройство прилегающей территории и подготовка подъездных путей.

Аким ВКО отметил значимость объекта для обеспечения доступности первичной медицинской помощи в сельской местности.

– Важно, чтобы люди и ра-

ботали, и получали качественные медицинские услуги в достойных условиях. В новой поликлинике предусмотрены лифты – это принципиальный вопрос доступности, особенно для пожилых людей и маломобильных граждан, – подчеркнул Нурымбет Сактаганов.

Ввод в эксплуатацию новой поликлиники позволит оказывать амбулаторную помощь жителям посёлка и близлежащих населённых пунктов на более высоком уровне.

– Штат сотрудников почти полон, осталось найти одного узкого специалиста. Учреждение рассчитано на приём 150 пациентов в смену. В поликлинике также будет функционировать дневной стационар на шесть койко-мест, – рассказал главный врач Уланской районной больницы Кайрат Оскенбаев.

Поликлиника станет ещё одним шагом в модернизации инфраструктуры здравоохранения ВКО, повысит уровень медицинского обслуживания и создаст комфортные условия труда для медицинского персонала.

Завершить строительные работы планируется летом текущего года.

#ЖЕНСКИЙ ФОРУМ

Qyzai: формула личного бренда

Ақерке Рағызбаева
ТОО «Казцинк»

В Усть-Каменогорске форум женских инициатив «Qyzai», организованный Ассоциацией «Женщины Усть-Каменогорска» при поддержке компании «Казцинк», объединил более 120 участниц со всего региона. Это важное событие дало женщинам возможность обменяться опытом, а также приобрести полезные знания.

– Мы уверены, что форум даст положительный эффект для развития туристической отрасли, медицинского туризма, общественного питания, сервиса. Выступят спикеры, которые сами прошли путь проб и ошибок, прежде чем стали успешными. Это очень ценно – услышать о живом опыте наших местных предпринимательниц, добившихся успеха в разных сферах бизнеса, – отметила председатель



Ассоциации «Женщины Усть-Каменогорска» Елена Березинская-Абилова.

Спикеры поднимали темы женского предпринимательства, построения карьеры, лидерства, формирования личного бренда, достижения жизненного баланса и финансовой грамотности. А на практической сессии участницы получили полезные инструменты – от использования искусственного интеллекта для дальнейшего развития до ораторского мастерства и тайм-менеджмента.

Организатор масштабного

форума – компания «Казцинк» – придерживается гендерного баланса в вопросах карьерного роста, заработной платы и социальных инициатив. За поддержку равных прав и возможностей для женщин и мужчин на производстве в 2022 году компания была признана одной из гендерно ориентированных компаний в Казахстане.

– Формат форума – необычный и живой, и это наша сознательная инициатива. Часто мероприятия проходят в формате круглых столов и скучных докладов, под кото-

рые все засыпают. Здесь – всё иначе. Участницы смогут напрямую общаться со спикерами, задавать вопросы, делиться своими мыслями и даже вместе с экспертами попробовать что-то создать. Мы не просто говорим, мы создаём мост между людьми и идеями, между опытом и вдохновением, – отметил управляющий директор по административным вопросам ТОО «Казцинк» Андрей Лазарев. – В компании работают 19 000 человек, из них 24% – женщины. И это учитывая специфику – тяжёлое промышленное производство. Если говорить о руководителях всех уровней, то у нас 27% – женщины. Это выше, чем в среднем по стране, и даже выше, чем во многих странах с прогрессивной практикой. Если честно, мы не делим сотрудников на мужчин и женщин. Мы создаём равные условия для роста и развития, и всё зависит от того, насколько человек сам стремится расти.

Во время форума были организованы стенды с про-

дукцией местных предпринимателей. На дефиле в фойе представили достижения казахстанской моды. Организаторы хотели продемонстрировать, чего уже смогли достичь женщины Восточного Казахстана.

– Я сегодня приглашена на этот форум в качестве основателя казахстанского бренда Cassak. Это восточно-казахстанский бренд одежды. В нашей области очень много женщин, которые делом и словом реализуют свои инициативы, делятся историями успеха. Поэтому сегодняшний форум для меня очень значим. Те, кто только начинают свой путь, – будь то в предпринимательстве или в общественной деятельности, – смогут услышать истории своих предшественниц, получить полезный опыт и мотивацию. Сегодня я расскажу о создании своего бренда, о запуске производства в Восточно-Казахстанской области. Поделюсь, с какими трудностями можно столкнуться и как их преодолевать, – отметила спикер Аяжан Ашимова.

#МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

Алтай – наш общий дом

✍ Медиацентр «Altai-News»

📷 Жібек Нұрахмет

В рамках международного гастрольного проекта «Во все века» делегация из приграничного региона России посетила Восточно-Казахстанскую область, приняла участие в ряде мероприятий и представила собственную концертную программу, посвящённую 80-летию Победы.

На встрече с акимом ВКО Нурымбетом Сактагановым члены делегации обсудили вопросы сотрудничества и приоритетные направления взаимодействия, после чего продолжили свою работу согласно графику пребывания.

НЕРУШИМАЯ СВЯЗЬ

– Мы сотрудничаем с семьёй регионами Российской Федерации. Но с Алтайским краем у нас особенные отношения, потому что исторически и географически мы очень тесно связаны, – обратился к члену делегации заместитель акима ВКО Ербол Нургалиев. – Мы всегда очень тесно сотрудничали, и нам есть чему друг у друга учиться.

Он добавил, что Восточный Казахстан заинтересован в поддержании и развитии добрососедских отношений и остановился на нескольких ключевых направлениях, которые могли бы стать основой для взаимовыгодного межрегионального взаимодействия: промышленность, туризм, культура и спорт.

В свою очередь заместитель председателя правительства Алтайского края Виталий Снесарь поблагодарил за гостеприимство и выразил готовность сотрудничать во всех упомянутых сферах. Также он отметил, что Алтайский край был бы рад видеть Восточный Казахстан в качестве преемника на руководящем посту в Международном координационном совете «Наш общий дом – Алтай». В состав объединения входят Россия,



Монголия, Китай и Казахстан.

– Мы заканчиваем председательство в этом совете, – сказал Виталий Снесарь. – Теперь наступает время Восточно-Казахстанской области, если область готова эту инициативу подхватить.

ВО ВСЕ ВЕКА

В рамках визита в Восточный Казахстан члены делегации Алтайского края приняли участие в церемонии возложения цветов к мемориальному комплексу «Победа» в память о погибших воинах и героях Великой Отечественной войны.

– Мы очень рады, что цикл мероприятий к 80-летию Победы мы начинаем вместе с нашими коллегами из Алтайского края. Мы никогда не должны забывать подвиг предков, должны помнить об этой страшной войне, о том, какой ценой досталась победа. В регионе запланирован ряд мероприятий, приуроченных к юбилею Победы. Сегодняшняя акция – их начало, – отметил Ербол Нургалиев.

Вечером на сцене «Ертіс концерт»

была представлена концертная программа «Во все века». Зрители насладились выступлениями Алтайского государственного оркестра русских народных инструментов «Сибирь» имени Евгения Борисова и Государственного молодёжного ансамбля песни и танца «Алтай» имени Александра Березикова с участием солистов из Казахстана.

В зале «Ертіс концерт» звучали песни, написанные в годы войны и поднимавшие боевой дух солдат на фронте.

– Мы выражаем благодарность известному творческому коллективу, посетившему нашу страну. В целом, отношения между Казахстаном и Россией являются примером искренней дружбы, основанной на добрососедстве и духе союзничества. Поэтому мы это ценим и всегда рядом с вами, – подчеркнул Ербол Нургалиев, обращаясь к творческой делегации из Алтайского края, и адресовал им тёплые слова поздравления от имени акима Восточно-Казахстанской области.

Концерт посетили многие представители старшего поколения. На сцене прозвучали более 20 популярных пе-

сен военных лет. Также ансамбль песни и танца представил известный балет «Дом у дороги» на музыку В. Гаврилина по мотивам поэмы А. Твардовского.

– Нас тепло и радушно встречали полные залы не только в Талдыкоргане и Алматы, но и в Усть-Каменогорске. Совместное исполнение песни «День Победы» с нашими казахстанскими коллегами подарило невероятные эмоции. Я считаю, что это яркое проявление дружбы народов. Искусство не нуждается в переводе. Поэтому эта сила объединила и сблизила нас, – отметила заслуженный работник культуры Алтайского края Вера Климанова.

«Смуглянка», «Тёмная ночь», «Катюша», «Элия», «День Победы», «Солдатская полка», «Победная пляска» – это не просто широко известные народные песни, а произведения, которые в ожесточённых боях дарили солдатам надежду, вселяли веру в мирное будущее и пробуждали стремление к победе. Особое место занимают произведения, посвящённые защите блокадного Ленинграда – беспрецедентному уроку героизма для всего мира. Одно из них – «Петербургская серенада» Игоря Цветкова.

– Исполняя это произведение, я стараюсь передать слушателям боль и душевные переживания людей, которые испытали тяготы и страдания войны в те трудные дни. Среди зрителей бывают и те, у кого на глазах наворачиваются слёзы, кто особенно взволнован, – рассказал солист оркестра русских народных инструментов «Сибирь» Руслан Осипов.

Творческий концерт «Во все века», посвящённый 80-летию Победы, подарил жителям Усть-Каменогорска трогательный вечер воспоминаний о минувших днях.

Предстоящей осенью творческие коллективы Восточно-Казахстанской области планируют ответную поездку в Российскую Федерацию с концертными выступлениями. Это шаг, направленный на дальнейшее укрепление культурных связей.

#КОНКУРС

Идеи на миллион

✍ Арайлым Орсаринова, Таир Сапаргалиев

📷 Ермек Жиенбеков

В Усть-Каменогорске состоялся традиционный областной турнир среди студентов и школьников «Я – предприниматель», организованный Усть-Каменогорским колледжем экономики и финансов Казахстанско-Американского свободного университета, областным управлением образования и Палатой предпринимателей ВКО.



Цели конкурса – стимулирование учащихся средних общеобразовательных школ и студентов, обучающихся в учреждениях технического и профессионального образования региона, к занятиям любимым делом и овладению профессией, способной приносить реальный доход, а также выявление их потенциала и способностей к ведению бизнеса.

В этом году в турнире помимо представителей областного центра участвовали студенты 13 колледжей и 14 школ из четырёх районов ВКО. Всего на конкурс поступили 62 заявки, из них 23 командные и 39 индивидуальных. 31 проект представлен на казахском языке, 31 – на русском.

– Мы с моим одноклассником Нуркеном Алибековым подготовили проект в номинации «Туризм», в частности «Развитие туризма через возрождение искусства работы с ловчими птица-

ми». Наша цель – привлечь туристов в регион через возрождение древних традиций. К примеру, в селе Бозанбай, где мы живем, уже несколько лет проходят чемпионаты областного и республиканского уровней с участием и использованием ловчих птиц. Там я стала победителем и призёром. С восьми лет меня приобщил отец к искусству работы с ловчими птицами. У меня есть двухлетний беркут по кличке Мұзбалак. Так как я занимаюсь этим делом и освоила все тонкости обращения с ловчими птицами, считаю целесообразным рассмотреть пути своего дальнейшего развития параллельно с туризмом, – сказала участница турнира Айзере Маркс (на фото).

Турнир проходил по десяти номинациям, таким как «Социальное предпринимательство», «Торговое дело», «Сфера услуг», «Производство», «Шоу-бизнес, культура и творчество», «Технологическое предпринимательство и интеллектуальные технологии» (инновационная высокотехнологичная идея), «Образование, связь, информация и цифровые технологии», «Медицина и технологии здравоохранения», «Туризм», «Экология и технологии ресурсосбережения».

Участники презентовали свои актуальные, креативные и инновационные

проекты. Экспертная группа, состоящая из местных предпринимателей, проанализировала и оценила защищаемые бизнес-проекты в каждой номинации.

– Я участвую как член экспертной коллегии по номинациям «Социальное предпринимательство» и «Шоу-бизнес, культура и креативные индустрии». В этой роли выступаю во второй раз. Отличные проекты! Сколько у нас есть талантливых, одарённой молодёжи. Как прекрасны современные, креативные взгляды и идеи молодёжи в «Бьюти-сфере»! На мой взгляд, очень важно поддерживать инициативы студентов и учащихся, уделять им внимание, – говорит член экспертной коллегии, руководитель Академии красоты «НК» Назым Калымжанова.

По словам организаторов, традиционный турнир, проходящий с 2016 года, придаст новый импульс молодёжи региона, исполнению их желаний. Кроме того, это уверенный шаг к реализации их бизнес-идей в будущем. По решению экспертной коллегии, лучшие проекты и их авторы получают путёвку на республиканский турнир. Победители в номинациях, все участники и их научные руководители будут награждены специальными дипломами и сертификатами.

#ФОРУМ

Единство в труде

✍ Арайлым
Орсаринова,
Дамир Омаров
📷 Жібек Нұрахмет

2025 год Глава государства Касым-Жомарт Токаев объявил Годом рабочих профессий. Эта инициатива направлена на повышение значимости рабочих профессий и привлечение молодёжи в эту сферу. В Казахстанско-Американском свободном университете состоялся областной молодёжный форум «Единство в труде: Год рабочих профессий».

Работа форума была выстроена на основе ключевого принципа «Рабочие специальности – основа развития страны, а человек труда – опора общества». Главная цель мероприятия – содействие формированию культуры безопасного труда и позитивного отношения к рабочим профессиям среди молодёжи, особенно студентов. Организаторами форума выступили представители областного общественного объединения «Ассамблея жастары». В рамках встречи обсуждалась роль рабочих профессий в развитии общества, укреплении национального единства и построении инклюзивного будущего.

– Мы проводим этот форум совместно с недавно созданной студенческой ассамблеей. Нам удалось собрать порядка двухсот студентов из



разных учебных заведений. Основная задача – донести до молодёжи, почему 2025 год объявлен Годом рабочих профессий, какова значимость рабочих специальностей для экономики страны, почему важно выбирать именно эти профессии и какую ценность они будут представлять в будущем. Через такие встречи мы стремимся воспитывать уважение к труду и формировать правильные ориентиры, – рассказал заместитель председателя ОО «Ассамблея жастары» по ВКО Берик Сарсеков.

В качестве спикеров были приглашены ведущие специалисты крупных промышленных предприятий города, учителя казахского языка и литературы, а также председатели студенческих ассамблей колледжей и университетов ВКО, которые выступили с докладами.

– В ходе этого форума я выступила с докладом на тему «Язык и воспитание –

духовная опора человека труда» – пришла поделиться мнением с молодёжью. Язык – это наш основной инструмент, отражающий сущность нашей нации. Говорят, что нация, потерявшая свой язык, исчезает, поэтому сегодня я хочу подчеркнуть для этой молодёжи, что язык – это наше будущее, история нашего прошлого и отражение нашего настоящего, – поделилась одна из спикеров Куралай Камалиева, учитель казахского языка и литературы средней школы №20 имени А. Байтурсынова.

Участники областного молодёжного форума «Единство в труде: Год рабочих профессий» в формате свободного микрофона задали спикерам волнующие их вопросы и получили соответствующие ответы. Молодёжь проявила особый интерес и активно участвовала в диалоге, обмениваясь мнениями.

#ПРОФОРИЕНТАЦИЯ

В гостях у энергетиков

✍ Дмитрий Чжан
📷 Жібек Нұрахмет

Школьники Усть-Каменогорска побывали в гостях у работников Согринской ТЭЦ.

В рамках реализации Плана мероприятий в Год рабочих профессий в Восточно-Казахстанской области организуют профориентационные встречи для будущих выпускников школ Усть-Каменогорска.

